

ҚАЗАК

ӘДЕБИЕТІ

Қазақстан Республикасының әдебиет, мәдениет және өнер апталығы



«Бірінді, қазақ, бірін дос,
Көрмесен, істің бәрі бос!»

12+



№9 (4007), 6 наурыз, 2026 жыл

1934 жылы 10 қаңтардан шыға бастады

www.qazaqadebieti.kz

8 НАУРЫЗ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІ



ҚР ПРЕЗИДЕНТІ Қ.ТОҚАЕВТЫҢ ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА 180 ЖЫЛ ТОЛУЫНА АРНАЛҒАН ЖИЫНҒА ЖОЛДАҒАН ҚҰТТЫҚТАУ ХАТЫ

Қадірлі қауым!

Сіздерді қазақ халқының заңғар тұлғасы, әдебиетіміздің алыбы Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл толуымен құттықтаймын!

Жамбыл Жабаев – ұлт руханиятында ерекше орны бар тарихи қайраткер, төл мәдениетіміздің аса көрнекті өкілі. Әйгілі жыршы шоқтығы биік шығармалары арқылы отаншылдық пен ынтымақ, ерлік пен елдік, адалдық пен әділдік секілді мызғымас құндылықтарды кеңінен дәріптеді.

Халқымыздың біртуар перзенті айтыс өнерінің өрісін кеңейтуге, эпикалық дәстүрді жаңғыртуға, қазақ-қырғыз әдеби байланысын нығайтуға өлшеусіз үлес қосты.

Өз дәуірінің тыныс-тіршілігін асқан шеберлікпен суреттеп, жұрттың ыстық ықыласына бөленді. «XX ғасырдың Гомері» атанған ұлы ақынның туындылары көптеген шет тіліне аударылып, барша адамзатқа ортақ қазынаға айналды.

Қос ғасырдың куәсі болған жыр алыбының мол мұрасы әлі талай ұрпаққа рухани азық болары сөзсіз. Биыл мерейтойға орай Жамбыл Жабаевтың тарихи бейнесін айшықтай түсетін құнды пікірлер мен тағылымды ой-тұжырымдар айтылады деп сенемін.

Осы өте маңызды іс-шараларыңыз сәтті өтсін, баршаңыздың ниеттеріңіз қабыл болсын! Сіздерге мықты денсаулық, бақ-береке тілеймін!

ХАБАРЛАНДЫРУ

Құрметті қаламгерлер!

2026 жылғы 9–10 сәуір аралығында ҚР Ұлттық кітапханасы ғимаратында (Абай даңғылы, 14) дәстүрлі Әдеби жыл қорытындысы өтеді.

Жыл қорытындысында былтырғы жыл ішіндегі әдебиеттің жетістіктері мен кемшіліктері сарапталып, жарыққа шыққан кітаптар мен әдеби басылымдар талданады. Жанрлар бойынша баяндамалар жасалып, секцияларда талқылаулар өтеді.

Осыған орай, сіздерден 2025 жылы жарық көрген еңбектеріңізді 25 наурызға дейін Қазақстан Жазушылар одағына (Абылай хан даңғылы, 105) тапсыруларыңызды сұраймыз.

Қосымша ақпарат үшін: 8 705 727 29 75
Айнагүл Садықова

Мұқағали МАҚАТАЕВ

ӘЙЕЛДЕР-АЙ!

Әйелдер-ай!
Әйелдер!
Қандайсың?!
Әдемі боп кетіңсің ғой әрқайсың.
Біреу жерің тұрса-дағы
Біреу сүйіп тұрса-дағы бармайсың.
Әйелдер-ай!

Әйәйлар-ай, қандайсың?!
Әйелдер-ай!
Әйәйлар-ай, қулар-ай,
Жанарлардың жауын алып
Біле тұра бүйректерің бүлк етіп,
Кетесіңдер тыңдай тұра,
тұрғаны-ай!
тыңдамай.

Әйелдер-ай!
Әйәйлар-ай, қулар-ай!
...Әйелдерді еркектерден көп дейді.
Ойбай,
Ойбай!..
Бола берсін көп, мейлі!
Әйел деген әдемі ғой, әдемі,
Әдемілік бізге көптік емпейді...

«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ» СҮЙЕНЕРІ – ОҚЫРМАН. ОҚЫРМАННЫҢ СҮЙІП ОҚИТЫН ГАЗЕТІ – «ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ»

Газеттің индексі: жеке жазылушылар үшін – **65353**; мекемелер мен ұйымдар үшін – **15353**

Баспасөз-2026

«Казпошта» АҚ бойынша

Жеке жазылушыларға:
Қалаларда:
1 айға – 925,82 т.
3 айға – 2 777,46 т.
6 айға – 5 554,92 т.
12 айға – 11 109,84 т.

Аудандар мен ауылдарда:
1 айға – 925,82 т.
3 айға – 2 777,46 т.
6 айға – 5 554,92 т.
12 айға – 11 109,84 т.

Кәсіпорындар мен ұйымдарға:
Қалаларда:
1 айға – 1918,53 т.
3 айға – 5 755,59 т.
6 айға – 11 511,18 т.
12 айға – 23 022,36 т.

Аудандар мен ауылдарда:
1 айға – 1720,82 т.
3 айға – 5 162,46 т.
6 айға – 10 324,92 т.
12 айға – 20 649,84 т.

«Евразия пресс» ЖШС бойынша

Жеке жазылушылар үшін:
1 айға – 746 теңге. 3 айға – 2238 теңге
6 айға – 4476 теңге. 12 айға – 8952 теңге

Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін:
1 айға – 1441 теңге. 3 айға – 4323 теңге
6 айға – 8646 теңге. 12 айға – 17292 теңге



ЕҢБЕК АДАМЫ ҰЛЫҚТАЛҒАН КҮН

Алматы қаласында Қазақстан Жазушылар одағы мен Қазақстан Республикасы Ұлттық инженерлік академиясы бірлесіп ұйымдастырған «Еңбек адамы – 2025» атты республикалық шығармашылық байқауының салтанатты марапаттау рәсімі өтті.

Ауқымды мәдени-рухани шараға қаламгерлер, инженер-ғалымдар, еңбек адамдары, зиялы қауым өкілдері мен қоғам қайраткерлері қатысты.

Байқау Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жариялаған «Жұмысшы мамандықтар жылы» бастамасын қолдау мақсатында өткізілді. Жобаның басты мақсаты – өндіріс пен инженерлік саланың қоғамдағы мәртебесін арттыру, еңбек адамының шынайы бейнесін көркем әдебиет арқылы кеңінен насихаттау болды.

Салтанатты шараны Қазақстан Республикасы Ұлттық инженерлік академиясының президенті, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері, академик Бақытжан Жұмағұлов және Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының Төрағасы Мереке Құлкенов ресми түрде ашып берді.

Мереке Әбдешұлы өз сөзінде бүгінгі басқосудың ел руханияты мен өндірістік өрлеудің тоғысқан тұсында өтіп отырғанын атап өтті. Оның айтуынша, «Жұмысшы мамандықтар жылы» бастамасы – еңбек адамының қоғамдағы беделін көтеруге бағытталған тарихи қадам.

– Биылғы байқауға еліміздің түкпір-түкпірінен 50-ден астам шығарма келіп түсті. Роман, повесть, новелла, деректі очерк пен эссе жанрларында қалам тербеген авторлар қарапайым еңбек адамын биік көркемдік деңгейде бейнелей білді. Шығармалар қазақ және орыс тілдерінде қабылданды. Шығарманың көлеміне және қатысушылардың жасына шектеу қойылған жоқ. Жинақтарда, мерзімді басылымдар мен сайттарда бұрын-соңды жарияланған шығармалар байқауға қатыстырылған жоқ. Байқауға келіп түскен шығармаларды көрнекті қаламгерлер мен әдебиетшілерден жасақталған арнайы қазылар құрамы бағалады. Қазылар алқасы жұмыстарды бағалау барысында, ең алдымен, тақырыптың терең ашылуына, кейіпкер болмысының шынайылығына, шығарманың көркемдік сапасына және идеялық мазмұнына ерекше назар аударды. Келіп түскен 50-ден астам шығарманың ішінен (байқау ережесінде көрсетілгендей) үздік шығармалар іріктеліп, 21 шығармадан тұратын шорт-лист жасақталды. Қорытындысында

бірқатар үздік шығармалар анықталды. Бас жүлде өндіріс озатының адамдық келбетін, кәсіби жауапкершілігін және отаншылдық рухын терең суреттеген туындыға берілді. Бірінші, екінші, үшінші орын иегерлері де еңбек адамының жан дүниесін, маңдай тердің қадірін шынайы әрі әсерлі жеткізе білді. Сонымен қатар арнайы номинациялар бойынша жас қаламгерлер мен өндіріс тақырыбына жанаша көзқарас ұсынған авторлар марапатталды. Бұл байқау бізге бір ақиқатты тағы да дәлелдеді: еңбек адамы – тек экономиканың тірегі емес, ол – әдебиеттің де, өнердің де лайықты кейіпкері. Зауыттағы токарь, шахтадағы кенші, зертханадағы инженер, құрылыс алаңындағы шебер – бұлардың әрқайсысы тұтас бір романға жүк боларлық тағдыр иелері. Қазақ әдебиеті қашан да замана үнін тыңдап, қоғам тынысын дөп басып отырған. Бүгінгі «Еңбек адамы – 2025» байқауы – сол дәстүрдің жалғасы, – деді М. Құлкенов.

Республикалық байқаудың нәтижесі бойынша қазылар алқасының шешімімен «Заманауи өндірістегі еңбек адамының бейнесі», «Инженерлердің қоғамдағы орны», «Өңірлік даму мен ерекшелікті ашқан үздік материалдар» номинациялары бойынша ынталандыру сыйлықтарын «Шахтерлер әулеті» әңгімесі үшін Көлбай Адырбекұлы, «Мұнайлы мекен тынысы» деректі очеркі үшін Амандық Абдулов, «Елтірі» хикаяты үшін Жолтай Әлмашев, «Ғылымнан тапқан бақытын» деректі романы үшін Ғабдул-Сәбит Юсупов, «Су және Толағай» әңгімесі үшін Ертай Айғалиев, «Көктеткен көктем екен танаптарды» эссесі үшін Нұрлыбек Саматұлы иеленді. Ынталандыру сыйлығының иегерлеріне 200 000 теңге көлеміндегі қаржылай сыйақы табысталды.

Байқаудың үшінші орны (1 000 000 теңге) Қанат Нұрмахановқа «Қарашүңгіл – көзімнің қарасы бұл» деректі повесі үшін берілді. Екінші орын (2 500 000 теңге) – Ғалым Қалибекұлының «Несібе» хикаятына бұйырды. Ал бірінші орын (5 000 000 теңге) Қуандық Түменбайдың «Бетпақты кезген біреу» деректі әңгімесіне табысталды.

«Еңбек адамы – 2025» республикалық байқауының Бас жүлдесін «Әулет» нон-фикшн романы үшін жазушы Шархан Қазығұл иеленді. Жеңімпазға арнайы диплом, ұйымдастырушылардың төсбелгісі және 10 000 000 теңге көлеміндегі қаржылай сыйақы тапсырылды.

Айта кету керек, бұл байқау еліміздің инженерлік-индустриялық дамуын қолдауға бағытталған, қарапайым еңбек адамының мәртебесін асқақтатуға арналған бірегей мәдени жоба болды.

ҚАЛАМГЕРЛЕР ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕНДІ



Бүгін Қазақстан Жазушылар одағы ғимаратына Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев арнайы келіп, қаламгер қауымымен және Одақ құрылтайшылығымен жарық көретін басылымдардың ұжымымен жүздесті.

Кездесу барысында әдебиет пен руханият саласының өзекті мәселелері қозғалып, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, жас қаламгерлерді қолдау, қазіргі әдеби үдерістің бағыт-бағдары төңірегінде мазмұнды пікір алмасу өтті. Президент кеңесшісі Мемлекет басшысының шығармашылық зиялы қауымға деген айрықша ықыласын жеткізіп, ел руханиятын дамыту жолындағы еңбектің маңызын атап өтті.

– Қазақстан Жазушылар одағы – ұлт руханиятының қара шаңырағы. Бұл ұйым ел әдебиетінің дамуына, ұлттық сөз өнерінің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосып келеді. Одақ тек шығармашылық орталық қана емес, ұлттың рухани тұтастығын сақтайтын, зиялы қауымның басын біріктіретін маңызды институт. Кейінгі жылдардағы Қазақстан Жазушылар одағының бастамасымен жүзеге асып жатқан жобалар мен басылымдардың мазмұндық сапасы туралы айтпай кетуге болмайды. Расында да, сіздердің еңбектеріңіз – қоғамның рухани иммунитетін қалыптастыратын құндылық. Мемлекет

әрдайым қаламгерлердің жанашыры болады, – деді Мәлік Нұржанұлы.

Жиында әдебиет саласында ұзақ жылдар жемісті еңбек етіп, ұлттық мәдениеттің дамуына елеулі үлес қосқан үш қаламгер – жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Мағира Қожахметова, қазақ әдебиеті мен журналистикасында өзіндік үні, айқын қолтаңбасы бар ақын, журналист Батық Мәжитұлы және аудармашы, сыншы, белгілі жазушы Серік Нұғыман Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хатымен марапатталды.

Жиынның тізігінің ұстаған Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының Төрағасы Мереке Құлкенов қаламгерлердің шығармашылық табыстары мен ел руханиятына сіңірген еңбектеріне жоғары баға берді. Өз кезегінде қаламгерлер көрсетілген құрметке ризашылықтарын білдіріп, әдебиет пен қоғам арасындағы байланысты нығайту жолында аянбай еңбек ете беретіндерін айтты.

Кездесу еркін форматта жалғасып, қатысушылар ой-пікірлерін ортаға салып, алдағы жоспарлар мен бастамаларды талқылады. Мұндай жүздесулер билік пен шығармашылық қауым арасындағы байланысты нығайтып, ұлттық әдебиеттің дамуына тың серпін беретіні сөзсіз.

Қазақстан Жазушылар одағының баспасөз қызметі

«РӘМИ ҒАРИПОВ» АТЫНДАҒЫ МЕДАЛЬ ТАПСЫРЫЛДЫ

Қазақстан мен Башқұртстан арасындағы әдеби-мәдени байланыстар ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан туыстық, тілдік және тарихи ортақтыққа негізделген. Мәдениет, фольклор, әдебиет және өнер саласындағы ортақ мұра (киіз үй, ою-өрнек) мен өзара әсерлесу 1919 жылы Уфада құрылған тұңғыш башқұрт театрынан бастап, қазіргі уақыттағы достық қарым-қатынастарға дейін нық дамып келеді.

Башқұртстанның Халық ақыны Рәми Ғарипов – 1932 жылы дүниеге келіп, бар-жоғы 45 жас жасаған талант. Ол – біздің Мұқағали Мақатаев сияқты башқұрт елінің қадірменді ақыны. Башқұртстан Жазушылар одағының



төрағасы, Ұлттық мәжіліс – Құрылтайдың депутаты Айгиз Баймұхаметов Астанаға жұмыс сапармен келгенінде қазақ қаламгерлері ақын Ғалым Жайлыбай мен Саят Қамшыгерге тұңғыш рет «Рәми Ғарипов» атындағы медальді тапсырды.

Бұл – біздің қаламгерлер үшін туысқан башқұрт халқының үлкен құрметі.

Өз тілшіміз

ЖЫР АЛЫБЫ МҰРАЛАРЫ ЕЛ ЖАДЫНДА

Алматыда ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен, Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық филармониясы мен Алматы облысы әкімдігінің бірлесе ұйымдастыруымен Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл толу мерейтойына арналған «Ата толғауы» атты салтанатты кеш өтті.



Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Жамбыл Жабаевтың 180 жылдығына орай ұйымдастырылған салтанатты концертке байланысты Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясының ұжымына және кеш қатысушыларына жолдаған құттықтау хатын ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев оқып берді. Іс-шараға Алматы облысы мен Алматы қаласы әкімдігі, зиялы қауым өкілдері қатысты.

Салтанатты кеште сөз алған Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының Төрағасы Мереке Құлкенов жыр алыбы — Жамбылдың қазақ руханиятында айрықша орын алатынын атап өтті.

— Жамбыл қазақ сөз өнеріне жаңа тыныс, соны соқпақ әкелген ақын. Ол — айтысты тек ел ішіндегі сөз сайысы деңгейінде қалдырмай, оны халық рухының биік мінберіне айналдырып, айтысты халықаралық дәрежеге көтерген тұлға. Ол — жырды кәсіп емес, халықтың тағдырын арқалаған аманат деп түсінген ақын. Домбыраның қос ішегіне ғасырлардың үнін сыйғызған, сөз арқылы ұлттың рухын тірілткен жырау болатын. Ол ақсақал ретінде тұтас делегацияны Мәскеуге бастап барды. Бұл кезең қазақ халқы Абайын толық танып-біліп үлгермеген, біреу ұлы ақынның етегінен тартып, біреуі төбесінен басып, оның ұлылығын мойындағысы келмей тұрған күрделі уақыт еді. Ұлт руханияты таразыға түскен, сөздің салмағы саясатпен өлшенген ауыр заман болатын. Осындай кезеңде Жамбыл Жабаев секілді дала даналары халықтың ішкі жан айқайын, ғасырлық ойы мен парасатын өлең арқылы сөйлетті. Жамбыл — тек ақын емес, халықтың жадын сақтаушы шежіре десек қателеспеген болар едік. Ол жыр айтқанда жеке өзінің емес, тұтас ұлттың үнін жеткізді. Оның өлеңінде қазақтың қуанышы да, қасіреті де, үміті мен ертеңге деген сенімі де қатар өмір сүрді. Сол жылдары әлем Қазақстанды география арқылы таныды, руханият арқылы таныды. Қазақ деген халық бар екенін, оның сөз өнері бар екенін, оның жырмен өмір сүретін жұрт екенін дүниеге танытқан да Жамбылдың дауысы еді. Жамбыл жырлаған сайын қазақ даласының үні шекарадан асып, әлемдік мәдени

кеңістікке жетті. Соғыс жылдары ел рухын көтерген де осы жыр болды. Іргеле тұрған Ұзынағаш өңірі, бүгінгі Жамбыл ауылы — жай ғана қатардағы ауыл емес, қазақ руханиятының орталығы. Сол жерде отырған Жамбыл — бір ауылдың емес, тұтас ұлттың ақсақалына айналды. Оның қара шаңырағы халық үшін рухани орда, жырдың қасиетті бесігі болды. Жамбыл — ғасырлар тоғысындағы көпір. Ол өткеннің жыраулық дәстүрін сақтап, жаңа дәуірге жеткізді. Сондықтан Жамбыл тұлғасы — уақыттан биік, ұлт жадынан өшпейтін рухани құбылыс. Қазақ бар жерде Жамбыл жыры өмір сүреді, ал Жамбыл жыры бар жерде халықтың рухы ешқашан әлсіремейді, — деді ол.

Сондай-ақ Қырғызстанның халық жазушысы, Тоқтағұл атындағы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ТҮРКСОЙ түркі мәдениеті мен өнері халықаралық ұйымының Бас хатшысы Сұлтан Раев:

— Жамбыл — қазақ рухының символы. Әр дәуір өзінің алыптарын тудырады. Әр ұлттың әр кезеңінде сөзін сөйлейтін, әнін әндеп, күйін күйлеп, жырын жырлайтын әнші, күйші, жыраулары болады. Олар заманының тамыршысындай дәуірдің сөзін айтып, ұлтына ұлан-ғайыр пайдасын тигізеді. Мұндай тұлғаларға деген құрметтің жемісін сол замандағы халық көреді. Бүгін біз 180 жылдығын тойлап отырған Жамбыл Жабаев — ғасыр жасап, ғасырының сөзін айтқан, қазақ халқының жағасы жығылмаған жырауы, батагөй абызы, аңызы. *«Менің пірім — Сүйінбай, Сөз сөйлемен сыйынбай! Сырлы, сұлу сөздері Маған тартқан сыйындай! Сүйінбай деп сөйлесем, Сөз келеді бұрқырап Қара дауыл күйіндай!»*—

деп Жамбыл жырау өзі жырлағандай, қара дауыл күйіндай жырларымен адамзатты жырына арқау етті. Халқын өнер-білімге, еңбекке насихаттады. Көне заман мен жаңа дәуірді таразылап, халықтың камын қамдап, мұңын мұндады. Жүз жылдық ғұмырында абыройын елінің игілігіне арнады. Бұндай тұлғаның өмірге сирек келетіні анық. Ол әрқашан туған халқымен бірге болды, солар үшін күйінді, солар үшін сүйінді.

«О, балалар, балалар, Қарашығы көзімнің,

*Қуанышы сөзімнің,
Кеудемдегі жүрегім
таянышым, тірегім.
Ардақтысы елімнің,
Гүл-шешегі жерімнің,
Алдыңа келді қарияң,
Өлең боп аққан дарияң», —*

деп елінің болашағы — өрендеріне үнемі өсиет айтып, жырына қосып, батасын беріп, келер күннің жақсылығына жаршы болды. ТҮРКСОЙ ұйымы түркі халықтарынан шыққан бір өзі — бір дәуір іспетті алыптардың мерейтойларына үнемі атсалысып келеді. ТҮРКСОЙ түркі халықтарының рухани құндылықтарын — ортақ мәдени мұрамыз деп қарайды. Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық филармониясының «Ата толғауы» атты бүгінгі салтанатты кеші — ұлы жыраудың рухына тағзым, қуана қол соғатын мәйегі бөлек мәдени шара деп білемін. Мен сөзімді Сәкен Сейфуллиннің Жамбыл атамыз туралы айтқан сөзімен аяқтауды жөн көрдім: «Жамбыл жырлары теңіз түбінде шашылып жатқан маржан секілді. Оны жинап алып, халқының қолына беру — біздің әрқайсымыздың азаматтық борышымыз». Жамбыл атамыз рухымен қолдап жүрсін! Бірлігіміз бекем болсын! — деп жыр алыбының рухани мұрасын жан-жақты айшықтап, сөз сөйледі.

Концерттік бағдарлама аясында «Отырар сазы» оркестрі мен Алматы облысының өнерпаздары бір сахнада өнер көрсетіп, М.Маңғытаевтың, Е.Үсеновтің және Л.Хамидидің шығармаларын орындады. Сонымен қатар биыл туғанына 165 жыл толып отырған күй анасы Дина Нұрпейісованың мұрасы да ұлықталып, Баян Сәтқызының орындауында «Науысқы» күйі шертілді. Сондай-ақ Қазақстанның халық артисі Рамазан Стамғазиев Жамбылдың «Жиырма бес» әнін нақышына келтіре орындап, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Кешке Қырғыз Республикасының халық артисі Бақытбек Тілегенов бастаған өнерпаздар арнайы қатысып, қазақ пен қырғыздың тамырлас тарихын әсем әуенмен өрнектеді. Филармония фойесінде Жамбыл музей-үйімен бірлескен көрме ашылып, келушілер жыр алыбының көзін көрген құнды экспонаттарды тамашалады.

● РЕФЕРЕНДУМ

Нұрлан ОРАЗАЛИН,

ақын, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері

АТА ЗАҢНЫҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ – АДАМ

Адамзат баласы, даму дейсіз бе, өзгеру дейсіз бе еркінде, түлеу мен түрленудің жаңа дәуір қалыптастырған алапат ақиқаттарымен, сұрапыл мінезді сұмдық қиындықтарымен бетпе-бет келіп отыр. Күн емес, сағат сайын құбылған дүниелік құбылыстар жұмырбас пенденің алдына ғаламдық, құрлықтық, аймақтық шешуі қиын аса күрделі мәселелерді үздіксіз көлденең тартуда...

Бұл — әр таңын үмітпен атырып, әр кешін оймен батыратын жаңа заман адамының жүрек қақпасын күнде солқылдатар шындық!

Ғаламдық шындық!

Қазақ елінің жаңа Ата заңының жобасы осындай сауалы мен зауалы қоюланып тұрған кезеңде жалпы-халықтық талқыға түсіп отыр. Талқыға Ата заңмен қоса Тәуелсіз жұртымыздың, тағдырлы ұлтымыздың бүгінгі өмір сүру салты ғана емес, алдағы ұзақ мерзімдік дәуірде ел болып қалу мен мемлекет болып сақталудың құқықтық негіздері де қоса талқыға түсуде.

Мен — Кеңес дәуіріндегі Конституцияны айтпағанда, Тәуелсіздік дәуіріндегі осымен үшінші Ата заңның өмірге келгенін көрген, көріп қана қоймай, алғашқы екі конституциямыздың (1993; 1995) әзірленуіне, қабылдауына біршама араласқан адаммын. Аласапыраны мол дәуірдегі тарихи сілкіністердің тұсында өмірге келген бұл екі конституцияның екеуі де екі түрлі ұлт, ұрпақ, халық, мемлекет алдында тұрған жас тәуелсіз еліміздің жаңаша өмір сүру салты мен әлемдік ұлы ағысқа жаңа-жаңа бет түзеген жаңа қоғамдық қалпымызды қалыптастыруға бағытталған еді.

1993 жылғы азат елдің алғашқы Ата заңынан ұлы империяның құрсауы мен бодандық психологиясынан құтылуға ұмтылған халықтың жанайқайы анық аңғарылса, 1995 жылғы Ата заңда державалық елдің ықпалы мен билігінен шығып үлгермей жатып, еліміз жаһандану атты шағын ұлттардың тағдырын тұйыққа тіреген жойқын мінезді жайын құбылысқа қарсы тұруды мақсат еткен еді. Бірақ... Тәуелсіз еліміздің ірге бекітіп, әлемге кең танылуына мол мүмкіндік берген бұл Ата заңға ер кезеңдегі әрқилы орынды-орынсыз енгізілген өзгертулер мен түзетулер қоғам өмірі мен мемлекеттік құрылымымызға кері салқынын тигізгенін уақыт дәлелдеді... Өзгерген заман мен құндылық атаулының өрісін тарылтқан жұмыр жер бетінде жүріп жатқан соңғы сана қорығын тарылта бастаған сойқан соғыстар мен күрделі халықаралық жағдайлар халық жүрегі мен қоғам санасын оятты. Ұлы Абайдың тілімен айтқанда, «Өзінді-өзін күзет!» дейтін жаңа дәуірдің келгенін сезіндік.

Сол сезіну ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың ауызымен қазақстандықтарға қаратып айтылды. Соның нәтижесінде, жаңа Конституцияның жобасы өмірге келді!

Халық пен қоғам, уақыт пен заман қазіргідей аса күрделі кезеңде Ұлы Дала жұртының басты құндылығы — адам деп танылып, жаңа Конституцияның жобасында (преамбулада) «адам құқықтары мен бостандықтары алғаш рет мемлекеттің негізгі басымдығы ретінде жария етілді...» Сондай-ақ осы преамбулада «Егемендік пен Тәуелсіздік, біртұтастық, аумақтық тұтастық өзгермейтін құндылықтар санатына жатқызылды».

Ата заң «Ұлы Даланың мыңжылдық тарихының сабақтастығын сақтап, мемлекеттің унитарлық сыйпатына, оның шекарасы мен аумағының тұтастығына қол сұғуға болмайтынын нақтылады...»

Қысқасы...

Тәуелсіз Қазақстанның жаңа Ата заңының жалпы-халықтық референдумға шығарылған бұл жобасы еліміздің тұтастығы мен халқымыздың береке-бірлігін, әлеуметтік теңдігін, ұлт бүгіні мен ұрпақ болашағын қамтамасыз етер басты тарихи құжат екені даусыз. Бұл Ата заң мына мың құбылған заманда ел іргесін бекітіп, ішкі, сыртқы саясатымызды баянды етуде бүгінгі біз үшін қалай қажет болса, ұлт ертеңі мен ұрпақ болашағын қамтамасыз етер негізгі Заңымыз болары да солай анық деп сенемін!



Алдан СМАЙЫЛ,
жазушы, ҚР Мемлекеттік
сыйлығының лауреаты

ӨЛЕҢГЕ НЕГЕ ӘУЕС БОЛДЫМ?

Жазушы бола алатыныма «Маркаска» деген әңгімем «Жетісу» газетіне жарияланған соң сене бастадым. Ол кезде Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетінде оқитынмын.

Белгілі каламгер Оралхан Бөкей сол тұста «Лениншіл жас» газетінде еді. «Жетісудың» редакторы одан студент-жастардың өлең-әңгімелерін іріктеп беруін өтініпті. Орекен қолына түскен шығармалардың ішінен менің әлгі әңгімемді таңдапты.

Осыдан соң жазуға шындап кірісе бастадым. Біразға дейін жазған-сызғаным көңілім толмай жүрді. Келе-келе қара сөз оңай емес екеніне, онда да өзіне тән ырғақ болатынына көзім жетті. Проза мен поэзия егіз екен. Әңгіме-повестеріме арқау болған ой-идеяларды айқындай түсу үшін ақ өлеңмен берілетін аңыз іздеу әдетіме айналды.

Ал кәдеге жарайтын аңыз оңай табылмайды. Бұрыннан бар аңыз-ертегілердегі ой-байлам — халықтыкі әрі менің шығармама үйлесе қоймайды.

Аталған талпыныс алғаш рет «Арқаның Бетпақ деген даласы бар» атты повесімде жүзеге асты.

Бетпақтың, Арқа мен Шудың арасын алып жатқан зәрлі шөлдің безбүйректігін қалай анырата айтар едің?! Аңыз осылай басталды.

Қаптаған қалың жау Бетпақдаланы кесіп өтіп, Арқаға қол салмақ еді.

Ұзақ жолда ұлы шөл, айнала сағымданып, қалам басқан сайын қуырды. Шұбырған сансыз сарбаз жапандағы жалғыз құдықты сандалып тапқанда, безерген Бетпақ көміп үлгеріп еді.

Қабағынан қар жауған қаһарлы сардар бұрқ етті. «Ұл болып туған ұлып қалмас! Аршындар!»

Сарбаздар лап қойғанда талтүс еді. Бесінде сағыздай иленген сазын тауысты. Қиялай біткен көк тасты кешке дейін қаусатты. Таң атты. Табан астында күрең құм шықыр-шықыр сусыды. Шып-шып етіп су шықты.

Сол сәтте... О, тоба! Сұмдықты мұндай кім көрген?! Сусыған құм сау етіп, суылдай жөнелді. Шошынған, шулап қоя берген көп сарбаз құрдымға күрп-күрп жоғалды.

Шыңырау қорқ-қорқ жұтынды. Соны күткен Бетпақ сазара түсті. Елдің азан-қазан үрейі ұшты.

— Тоқтат! — деп сардар саңқ етті,
Құрбаның алған шыңырау,
Енді қайтіп жұтынбас.

Құты қашқан көп тобыр
Суын ал да, шөлің бас.

Қалжыраған қарт үзгір күрк-күрк күңкілдеді:

— Шыңырау түбі тұңғыық,
Суын қайтіп аласың?

Тұңғыыққа бойлайтын,
Қандай қауға саласың?

Сардар саспады:

— Қырық түйе жүк артқан,
Қырық арқан бар сонда.

Қырық арқан жетеді
Құдық түпсіз болса да.

Сай-сай жүк шашылып қалды. Қырық арқан көш құлаш, шыңырауға жетпеді. Сардар жұлқынды.

— Атта шылбыр қалмасын,
Бәрін-бәрін жалғасын.

Ол да қысқа болды.

Айыл-тартпа сайлаңдар,
Қиыстырып байлаңдар!

Қауға сонда да сусыз суырылды.

— Қайда белдік белдегі?

Жіп атаулы елдегі.

Бұл да аздық етті. Сардар тұйыққа тірелді. Енді дәнекер етіп жалғайтын ештеңе

қалған жоқ еді.

Кәрі үзгір күңк етті.

— Күлтеленген, төгілген

Аттан күдер үзейік.

Сусыз, сірә, бола ма?!

Бәрін-бәрін күзейік.

Жылқы біткен әп-сәтте жал-құйрықтан айырылды. Ол да суға жетпеді.

Бетпақ айбарлысы жасыққа, жасығы тірі өлікке айналған қалың жауға жұтына қарап, сызданды.

— Айтар еді тіл бітсе...

Шақнай өткен өмірден,

Жыланның не құны бар?!

Шықпай іште булыққан,

Ызаңның не құны бар?!

Күн күйдірген әуден

Қарғыс атқан әуелден.

Безеріп жатқан Бетпақтың

Өткен-кеткен байғұсты

Қойдай қырып алмаса,

Солдай бір ылаң салмаса,

Тарқамайтын жыны бар!

Сардар қанын ішіне тартты.

— Бәріміз де, бәріміз,

Жер шетіне тақалдық.

Ықтыратын Бетпақты,

Қаны қатқан қаталдық.

Шіміркенсе жүрегің,

Алам отқа қуырып,

Тұтқындардың тірсегің,

Ширатыңдар суырып.

Қатыгез Бетпақтан да қатал жау тұтқындарға тап берді. Тажал қылыш тиген жерін сыр-сыр тілді.

«О, тоба!» — деп сескенді Бетпақ.

Бұл оның көк көк болғалы, көкке бұлт қонғалы алғаш тітіркенуі еді.

Сардар саңқылдады.

Қапта! Қапта! Аяма!

Аялдайсың несіне?!

Өлгендердің өмірі,

Тірілерге несібе!

Аптап жел сап тиылды. Жанұшырған үрейлі үн ұлы шөлді ұлытты.

Тұтқын атаулының қынадай қырылатынына көк бет көктің де, бетегесіз белдің де, шөлден өлер елдің де көзі жеткенді.

Сардар бөлек ұстап, бөлек айдап келе жатқан қырық қыз суырылып шықты ортаға.

Қырық қыздың көркі болған Қырымызы қыз жарқ етті.

— Хан қызы едім кеше мен,

Бүгін сенің құлыңмын.

Сауға сұрап әкелдім,

Қырық қыздың бұрымын.

Қырық бұрым қырқылған,

Қырық қыздың көркі еді.

Қырық қызды тұтқының,

Қайғы-дерті өртеді.

Сорлылардың өмірін,

Сал да, Сардар, сауғаға,

Қырық қыздың бұрымын,

Байла ана қауғаға.

Қырық бұрым қырқылған,

Құдық өрім етем мен.

Қырық құлаш су сонда,

Көтерілер тереңнен.

Сардар тоқырады. Ай бұрын бейғам жатқан елді түре шауып, хан ордасын қасқырша талағанда, он екіде бір гүлі ашылмаған аруды айран-асыр олжалаған. Көрсен — көздің нұры, көрмесе көңілдің мұны еді.

Ал мынасы несі екен? Қырымызы қыз қылпылдаған кездікті кесе ұстап тұр.

Сардар тұйықтан зорға тіл қатты.

— Қос бұрымның жанында,

Алтын-күміс садаға.

Хан қызы едің, хан қызы,

Сезінер жан таба алмас.

Таң да керең ататын,

Түн де керең бататын,

Айта бар десе, жел керең,

Тауып барса, ел керең,

Секілденіп көрінер,

Тірідей солай көмілер.

Кеудеден дүлей үн шығып,

Қайғыға өлер тұншығып.

Тілі кесілген бала шалажансар сенделді. Таудан күркіреп аққан сарқыраманың жағасына жеткенше егілді. Асау өзен аласұрып жатыр. Күркіреген көп толқын

ӨМІРДІ АҢЫЗҒА АЙНАЛДЫРЫП

Қарайламас қараға.

Қырымызы қыз тапжылмады.

— Қырық бұрым қырқылса,

Сұрмаймын төлемін.

Тұтқын түгел қырылса,

Мен де бірге өлемін!

Сардарда амал қалмады.

— Қырық қызды күзеген,

Бетсіз осы демей ме?!

Қыздан көрік тонаған,

Ессіз осы демей ме?!

Қыз райынан қайтпады. Кездік күн көзіне жарқ-жүрк шағылысты.

Бетпақ шөл, шөл болғалы тұңғыш рет толғанды.

— Кетпеу үшін қатыгездік,

Жауыздықтың құлы ғып.

Жаралған ба шапағаттан,

Күндей күліп сұлулық?!

— Көндіре алмай тұрушы ед,

Жер мен Көктің тәңірі

Сол тәңірден уытты екен,

Сұлу қыздың әмірі.

Қырымызы қыз тұйғындай түйілді.

Қызылы едім алманың,

Дәмі едім өріктің.

Қорлау үшін жаралған

Керегі не көріктің?!

Өткір кездік қос бұрымды лып етіп кесіп түсті.

— Аһ! — деді зенгір көк.

— О, тоба! — деді Бетпақ.

Алғашқы аңызым өлеңмен осылай өріліп еді. Келесі аңыз «Күзде тасыған өзен» повесін жазып жатқанда туған болатын.

Аталған шығарма тың өлкесінде көпшілікке айналғандардың үстемдігіне қарсылық еді. Оны ылғи сезініп жүретінбіз. Повестің соңында тосыннан күзде тасыған өзен тыңға желігіп жеткендер сайрандап жатқанда жайлап өтеді. Аңыз осы апаттың мәнін аша түсу үшін қажет-ті.

Қара қытай Ғұн елінің бір бейғам тайпасын қырып салады. Аман қалған жалғыз бала да құтыла алмайды. Жыртқыштанып алғандар жан-жақтан тап-тап береді.

«Шабамын» деді біреу,

«Жайратамын» деді екіншісі,

«Ат құйрығына байла», — деп өзеуреді өзгесі.

Әскербасы:

— Есуастар деп күркілдеді,

Керек не, жаза табамын,

Кесіңдер тілін баланың!

Ел қырылды, айта алмас,

Ыза-кегін қайтармас.

Булығар, мұңын шаға алмас,

бүлік іздеп тас-талқан.

Бала өмірден күдер үзді. Қия тасқа аңырап шығып, көбік шашқан тұңғыққа қарғыды. Мұздай суға шым батып, тынысы демде тарылды. Бір сәт әлдебір жойқын күш иірімдене үйіріп, жағаға лактырып тастады.

— Мені енді ажал да алмайды! — деп еңіреді бала.

Тау етегінде қалың жау бейберекет шулайды. Әлде суықтан, әлде ызадан тұла бойы қалтырады. Орнынан тепсіне тұрып, аспандағы айға жалбарынды.

— Түнде көкті билеген,

Күнге басын имеген,

Ай-Тәңірім, жалынам,

Бәрінен еңсең асқан-ды,

Есірген жаудың үстіне,

Жіберші тастап аспанды!

Ай бозарып тұра берді. Бала түнерген түнде қарауытқан тауға жүгінді.

— Қара жерді таптаған,

Жалғанда тең таппаған,

Тауым, асқар заңғарым,

Жетіміңді жұбатышы!

Қалың жаудың үстіне,

Шың-құзыңды құлатшы!

Тау түксіе түсті. Тіл қатпады. Бала сарқырамаға бұрылды:

Айбаттанған, тулаған,

Қаһарланған, шулаған,

Су киесі, құдірет!

Қойдай қырған елімді,

Қан сасытқан жерімді,

Қалың жаудың үстіне,

Қаптатсаңшы селіңді!

Сарқырама жағаға шапшыды. Жолына еміне төнген жартасты ақжал толқындар сарт-сұрт сабалады.

Баланың көкірегі қарс айырылды.

— Мені ай да, тау да, сарқырама да тыңдамады, — деп қамықты.

Ал асау өзен бұрқ-сарқ қайнап, тау ішін жаңғырықтырып бара жатты. Өктем де өжет үн ай астын кезіп кетті.

— Сорлы жетім, сен мені,

Қатыгез деп санама!

Ел қырылып жатқанда,

Барлығы да садаға!

Толқынды толқын қуды. Айдаһардай жиырылып жазылғанда Үркер ауа көшіп, ай тоқымдай бұлтты тасалады. Адуын өзен етекке қарай жөнкілді. Ал қалың жау бәз-баяғы у да шу. Баланың көкірегін шок қарыды.

— Асау-асау толқындар,

Айбаттылар толайым,

Жауды жайпап өтсеңші,

Құрбандығың болайын! — деп егілді.

Өзен долдана күркіреп, жағаны жүндей түтті.

— Әлде менің, әлде оның,

Білмей қойдым соры ма?

Қара жартақ қырысығып,

Жатып алды жолыма.

Сол кезде түксиген тау дүр сілкінді. Шың-құз күтір-күтір шытынап, терен шатқал ішін тартты.

– Тентек өзен кектенсе,

Мен де өнерді бастайын.

Қара жартас қырсықса,

Қағайын да тастайын.

Түннің тынысы тарылды. Жер теңселіп, аспан қуықтай қуырылды. Тау іші азан-қазан. Бірінің үстіне бірі төніп, аласұрған толқындар етекке лап қойды. Түйедей тастар тарс-тұрс жөңкіліп барады.

Бала құстай ұшты. Бөктер жанұшырып шулаған сайын барын салды.

Сарқырама жаһанды жаңғырықтырып, бәрін билеп-төстеп алған.

– Уа, қаныпезер! Мен тілсіз емеспін!

– деп жар салды бала.

Сарқырама оны әуелете іліп әкетті.

ЖҮРМІН

– Жансыз деме, дұшпаннан,

Су-Ана да жериді!

Қайғысына елінің,

Қара тас та ериді!

Таудай толқындар толассыз тулап жатыр. Жау алапат тасқынның астында калды. Балаға дүлей жаза кескен қаныпезер қырылған қалың ел түйіле төніп келе жатқандай түршікті. Зілдей тас жаншып өте шықты.

Қара сөзді өлеңмен көркейту және ширату «Тамұқтан келген адам» романыма да жалғасты.

Кеше ғана жайқалған ел ашығып, қураған қу сүйекке айналғанда, диуана Әлмағамбет бақсы сарынға салып еді.

Ақби байдан ауылын жазалаушы отряд жайпап кеткенде Әлмағамбет қайтіп оналмастай түршікті. Шашылып жатқан мүрделерді кезек-кезек құшақтап безек қақты.

– Көк жүзінде күн талақ,

Қанға аунатып алған соң!

Жер жүзінде тау талақ,

Ел қырылып қалған соң!

Аттан! Аттан!

Жалп етіп жер сабалады!

– Таң атады қан сұрап,

Кеш батады қансырап!

Аулақ! Аулақ!

Сау қалған бірен-саран кемпір-шал егіле алмай бейшара. Ал диуана ессізденіп бара жатты.

– Хан шарабы қан болар,

Қан ұрттаған хан болар!

Аруақ! Аруақ!

Бұл сойқан ол кезігетін тозақтың бергі жағы екен. Мал атаулыны айдап әкеткен соң, жұрт ашықты. Шамасы жоқтар ауылдан ауыл жағалап қырылды. Шамасы болғандар Ақмола, Қарағандыға шұбырып, шалғайда тарыдай шашылды.

Сары далада жалғыз күніренген Әлмағамбет өң жоқ, түс жоқ безектеді.

– Мола тоқ, дала – аш,

Сүйегіңді ала қаш!

Тозақ! Тозақ!

Құлағына аруақ сыбырлай ма, әлде сары сайтан сайқалдана ма, өзінің де, жұтаған даланың да құтын қашырды.

– Қырда қалды қақ сүйек,

Тыпырлама, жат, сүйек.

Сай табаны сар сүйек,

Ой табаны ақ сүйек.

Боздақ! Боздақ!

Омырауын төмпештеп, мандайын соққылады.

– Былтыр көрген бала жын,

Биыл көрген шала жын,

Ойнақ салған ала жын,

Имандыға нала жын.

Туа арам қара жын

Жуықтамай тара, жын!

Сірә, жер мен көкті жын жайлаған секілді көрінген шығар. Айнала үрейлене қарап тұра қашты. Диуаланып сарнап барады.

– Ала табан, ақ табан,

Аптап қайғы қақтаған.

Өлімді өлім таптаған,

Кіл өлексе қаптаған

Көрде тыныш жатпаған!

Енді сайын дала қосыла анырады.

– Албастымен жарасқан

Қарғыс атқан қара аспан

Адам азды екен деп

Тәңір неге адасқан?!



Бұл қайғы-уайым сәт сайын қалындай беретіндей. Диуана жанары жалқынданып абылады.

– Өзегі талып өлген тау,

Өзін-өзі көмген тау,

Көміп жатса көнген тау,

Тасың тырдай жалаңаш,

Жотаң арық, жоның аш,

Тыр жалаңаш жаныңды

Тыр жалаңаш ала қаш!

Романдағы бас кейіпкер, Ақби бидің ағасы Смайыл осы кезде оралып еді. Жиілеген қызылдардан жылыстап кеткен болатын. Әр жерден қарауыл қарап жүріп жеткенде, Әлмағамбет кезікті. Бәрінен, әйел-баладан, ағайын мен ел-жұрттан айырылған ол диуананы ертіп, Саңғыру тауын паналады. Бір күні қойнаудағы ойдым-ойдым орманнан аң-құс аулап жүріп, Аюшат үңгірінен асығыс көмілген сандықшаны көрді. Іші толған алтын ақша, сақина-білезік. Соңынан қалмайтын Әлмағамбет саусағына жүзік кигізіп маз болды. Арада үш-төрт күн өткізіп қайта келсе, орнында жоқ. Бұған диуанадан басқа кім кінәлі дейсің?!

– Қайда? – делі ықтырып.

Әлмағамбет жалт қарады. Жанары жансызданған. Іле санын сабалап, ішек-сілесі қатты. Мақамдап, баптап сызылта бастады.

– Алтын беріп албастыдан,

Сатып алдым жаһанды.

Алтынымды сол албасты,

Толғай алмай қақалды.

Күміс бердім жалын күнге,

Күлім қағып жүрсін деп.

Тамұқ көктің түндігін,

Күнде келіп тұрсын деп.

Шолпыны алып Шолпан қыздың,

Жанарына жалаттым.

Сақинаны жұлдыздарға,

Жүзіп жүріп тараттым.

Алқаны алды алақайлап,

Аяр екен ана ай,

Ертеңіне кетті бірақ,

Барып едім қарамай.

Жүзімді хор қызының

Саусағына кигіздім.

Гауһарымды алаулатып,

Таң нұрына сүйгіздім.

Болат кездік тарғыл тасқа,

Қайта-қайта қайрадым.

Қайрап алып заңғар шыңның,

Белдігіне байладым.

Алтын теңге арқаладым,

Таудың түнек түнінде

Жалт-жұлт етіп жатыр енді,

Терең шатқал түбінде.



Күміс сырға сыйға тарттым,

Сай жайлаған қайыңға,

Сұлу қайың сыр шертеді

Сұлу терек жайында.

Білезікті бедеу жылан,

Сұрап алды қиылып.

Сұсты сапы тағып алдым,

Жаратқанға сиынып.

Бәлкім, мен де кәрі жындай,

Қажыдым да алжастым.

Сары алтынмен кәрі тауда,

Мен осылай арбастым!

Сандықтағы алтын-күміс Саңғырудың қай шатқалы мен жықпылында шашылып жатқанын енді диуана ғана біледі.

Смайыл ақырында бұл жерден кетпек болды. Қарағандыда үлкен ұлы Арыстан тұратын. Соны сағалап көрмек.

Арыстан болса, бұл кезде абақтыда еді. Шахтадан шығарылған көмірді қыста шанамен, жазда арбамен таситын мекемені басқаратын. Қалаға жан-жақтан шұбырып жеткен аш-арықтарға жегіндегі аттың біреуін сойып таратқаннан бері басқан ізін андитын болды. Қарамағындағы біреулер қызыл жағалыларға жеткізген ғой...

Ұсталатын түн еді. Терезеден сыртқа қарап отыра берді. Ой, Алла-ай! Қалың ел көшеде шұбырып барады. Бастарын қолтықтарына қысып алған. Оны мүшелік жарна етіп өткізіп, өмір сүру құқына ие болмақ.

Қарсы беттен сол құқыққа қолдары жеткендер сап түзеп келеді.

– Бас көтертіп қойған залым заман жойылсын!

– Бастан азат еткен ұлы бассыз жасасын! – деп ұрандайды.

Сұмдық-ай! – деп күрсінді. Бассыздар бассыз қоғам құрмақ па?!

Смайыл енді мұнда аялдай алмайды.

– Ертең Қарағандыға кетеміз, – делі Әлмағамбетке.

Диуана соны ести сала бұзылды. Қойнаудағы қалың ағашқа қарай тұра жүгірді. Содан бесінге дейін көрінбеген.

– Ойпыр-ай, мынасы несі?

Қойнаудан түгін көтерілді. Асыға жетсе, диуана жалын орап алған қайың-терекке қарап тұр. Мұны көре сала:

– Алауландар! Лауландар! – деп айкай салды.

– Мынау тағы да бұзылды-ау! – дегенше болған жоқ, баксы сарынға сала жөнелді.

– Жұмақ жайлы әңгімені жауып қой,

Өртеніңдер, өмір деген жалын ғой!

Өрт тұрғанда енді неден қысылам,

Өрт құдайы – күнге осылай қосылам!

Жалынға қойып кетіп, түтіндеп шықты.

– Алқам-салқам ел қаңқа,

Арса-арса жер қаңқа.

Өртке бөлеп тастайын

Саудырамай кел, қаңқа!

Зәрлі тозаққа айналған қу жалған Әлмағамбет болып алжасып, Әлмағамбет болып аласұрып жүргендей.

– Суалып қалған бұлағы,

Қуарып қалған құрағы,

Шешілмей жанды қинайды,

Құдайдың қиын сұрағы!

Әлгінде отқа сүңгіп шыққанда сақал-шашы күйген. Смайыл оның бұл дүниеден біржола безгенін сезді. Жақындай беріп еді, өртке қарай қарғып түсті.

– Жалын барда жай оғындай жосылмай,

Неге тұрмын осылай?!

– деп отқа қойып кетті. Әп-сәтте ғайып болды.

Ашаршылық азабын сорлы елмен бірге кеше жүріп, әулие диуанаға қалай айналып кеткенімді сезбей қалып едім.

Жазушы не ақын болғын келсе, өзгенің өмірімен өмір сүре біл. Осы уақытқа дейін мен арғы-бергі заманға кімдердің көзімен қарамады дейсің?!

«Тайга» повесінде сонау Петр біріншінің тұсында ну орманға сіңіп кеткен орыс деревнясының тұрғынына айналғаным есімде. Сол бір бұйығы мекендегі бейкүнә әйелдермен бірге сырлы әнге салғанымды қалай ұмытайын?!

– О, Тайга, қасиетті орман-ана!

Тұңғыық терең ойға шомған дана!

Баяндап арманымның айтсам жайын,

Әуелде әулие екен ару қайың.

Таласқан зәулім көкпен бәйтерек те,

Аруақты абыз болған ертеректе.

Қарт емен батыр екен елден ерек,

Сұстанып, заңғарланып тұрса керек.

Ал шырша хор қызы еді жұмақтағы,

Батырға келіп жүріп тұрақтады.

Талшыбық биші еді бұраңдаған,

Көргенде жігіт-желең тұра алмаған.

Күнә атаулыдан ада деревняның әйелдері кешкілік жиналып алып, осылай сызылтушы еді. Әсем әуен көкжиегі көрінбейтін ну орманның көкірегін шайдай ашып, көсегесін көгертетін.

– Жалған-ай, дейтін шал-суан,

Қайран-ай, дейтін қара орман.

Ән құлпыра түсетін.

– Сұлу сыр сүйіп айтқан сүмбіл терек,

Ер екен жаратылған сөзге зерек.

Жанының жазылмаған жарақаты

Ғашықтың жанары екен қарақаты.

Бұлаққа күн сәулесін сүйдіргенде

Шуағы қонған дейді бұлдіргенге.

Көкорай жайқалғанда жайнап гүл-гүл,

Жұмақтан жеткен екен сайрап бұлбұл.

Зеңгір көк көкорай боп көгереді,

Үміті гүлге қонған көбелегі.

Ақиқат мұның бәрі байқасаныз,

Біз де ертең жапырақ боп жайқаламыз!

Түрлі ой мен сезімге толы өлең қара сөзге осылай жарасушы еді. Бірде аңыз, бірде ақиқат болған шумақтар мені бірте-бірте баурап алды. Құмарта келе, онсыз көңіл шіркін, көншімейтін болды. Ақыры өлең шіркінді драмалық поэмаға ұластырдым. «Тәңір соты» атты бұл шығарма кезегін тосып жатыр.

Уақыт ұшқыр. Сексенге де жеттік. Қиялдан аңыз сауып алуды доғарғандаймын. Сірә, өз өмірім аңызға айналып бара жатқан шығар...



татын үрей ғой. Ал қорқыныш ойлауға, ойлануға үйретеді. Қазақтың «Қорқа-қорқа батыр болады» деген сөзінің философиясы терен. Уақыт өте келе Дина Нұрпейісованың күйлеріне деген қызығушылығым арта түсті. Дина шешейдің күйлері менің мұндасыма, сырласыма айналды. Деректер жинай бастадым. Музыка, өнер тақырыбы қызықтыра бастады. «Шопеннің жүрегі», «Асалы-Көке-

туралы айтқанымда, суретші емес пе, әсерленіп кетті. Содан арада біраз уақыт өтті. 2011 жылдың мамыр айының ортасында Атыраудан Камила Жапалова телефон соқты. «Картина дайын. Бүгін бітірдім», – деп. «Қандай картина?» – деймін. «Сенің «Дина» поэмаңа салынған картина», – деді. Сондай қуандым. Осы жерде бір қызықты айта кетейін (*Дина Нұрпейісованың туғанына 150 жыл*

байланысты шығар. Дина Нұрпейісованың өмірбаянын қарасаңыздаршы. Мен шын айтам», – деп шырылдадым сол тұста. Сонымен қарады-ау деймін. Одан сайын ренжісін: «Сен неге мұны ерте айтпайсың?!» – деп. Мәссаған, өзім де енді біліп тұрсам! Басыма Ахмет Жұбановтың кітабы құла-маса, мен қайдан қайдан білейін 150 жылдықты? Ертесіне облыстық тарихи өлкетану музейінде шарамызды өткіздік. Сәния Тойкен «Жас Алаш» газетіне «Екі қыз немесе сурет пен поэзияның дуэті» деген тақырыпта мақала жазды. Осы шараны өткізген соң, сол кездегі Халықаралық

Маржан ЕРШУ,

ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты

«МЕНИҢҮЙІМ 8 МАРТ

Қазақтың әйгілі күйшісі, Күй анасы атанған Дина Нұрпейісованың туғанына биыл 165 жыл толып отыр. Даңқты күйшінің тұлғалық болмысын сан қырынан ашып, туындыларына арқау еткен белгілі ақын, филология ғылымдарының кандидаты Маржан Ершумен өнер құдіреті турасында әңгімелескен едік.

– Күй анасы Дина Нұрпейісованың туғанына биыл 165 жыл толып отыр. Күйші Дина тақырыбындағы көркем дүниелерге біраз жылдан бері қалам тербеп келесіз. «Дина» атты поэма жаздыңыз, «Дина-Dina» атты тарихи өмірбаяндық кітабыңыз қазақ-түрік тілдерінде жарық көрді. Жақында Х.Бөкеева атындағы Батыс Қазақстан облыстық драма театрында «Дина» атты драманыз сахналанды. Дина тақырыбы неліктен қызықтырады? Дина Нұрпейісовамен сізді не байланыстырады?

– Динаның өмірі – өнерге айналған өмір. Күйші анамыз туралы жазамын деп жоспарлаған емеспін. Әдебиетке қадам басқан жиырмадан асқан шағымда, тоқсаныншы жылдары Дина шешейді түсімде көрдім. Телефон шырылдап, тұтқасын көтергенімде, көз алдымда басында биік, аппақ жаулығы бар Дина Нұрпейісованың бейнесі көрінді. Ол: «Мен – Дина Нұрпейісовамын! Маған Маржан Ершуова керек! Сен неге мені іздемейсің? Менің үйім 8 март көшесінде», – деп бұйрық еткендей өктем дауыспен сөйлей бастағанда, шошып оянып кеттім. Қатты қорықтым. Дина шешейді түсімде көргеннен кейін көңілімде мазасыздық орнады. Ештеңеге қызықпай, әйтеуір бір көңілім толмай жүретінмін. 8 наурызда ел мейрамдатып, сыйлықтар алып маз болып жатса, мен бұл күн тез өтіп кетсе екен деп тілейтінмін. Жаным мазасызданып, мұңға батып, әлдебір қорқыныш мені уысынан босатпайтын. Мүмкін, өлең дерті деген осы шығар. Үрей мен қорқыныш – екі түрлі нәрсе. Адамды өлтіріп, мысын құр-

тай», «Құлпытас», «Күй-құдырет» т.б. туындыларымды жаздым. Тақырыбы махаббат болғанымен, бұл шығармалардың өзегі өнер еді.

– Дина күйші тақырыбы осылай жетелеген екен ғой?

– Кішкене лирикалық шегініс жасасам, бұл – 2007 жыл... Фариза Оңғарсынова апамыздың амандық-саулықтан кейін маған үнемі қоятын «Не жазып жүрсін?» деген дәстүрлі сұрағы бар еді. Бір күні:

– Мен «Дина» деген поэма жаздым, – дедім.

– Кім саған Дина туралы жаз деп идея берді? Тасмағамбетов пе? – деді.

– Өзім, – деймін.

Ол кісі маған таңғалып қарады да: – Осы жұрттар «сүйдім-күйдімнен» әрі аспай жатқанда, тарихи тұлғаларға бет бұруың қызық екен. Баяғыда Хамаң – Хамит Ерғалиев өзі «Құрманғазы» деген поэма жазғаннан кейін маған «Дина туралы поэма жаз» деп еді. Мен поэма емес, өлең жаздым, – деді апам.

– Апай, мені жазайын деп жазып жүр дейсіз бе? Қорыққаннан жаздым ғой! – деп қойып қалдым.

– Кімнен қорқасын?

– Дина Нұрпейісовадан!

– А, Дина Нұрпейісовадан?!

Мен көрген түсімді баяндап бердім. Түсіме ақ жаулығы дағарадай Дина Нұрпейісова енгенін, «Маржан, сен неге мені іздемейсің?» – деп ұрсып жатқанда, оянып кеткенімді айттым.

– Дина Нұрпейісованың іздесем, жырмен іздеуім керек шығар деп ойладым, – дедім. Сонда Фариза апай:

– Дина шешеміз – аруақты адам ғой, сені желеп-жебеп жүрген болар, қорықпа, – деген еді.

– Сіздің «Дина» поэмаңызға суретші Камила Жапалованың картина салғанын ертеректе газеттерден оқып едім.

– 2009 жылы Атырауда болғанымда суретші Камила Жапаловамен әңгімелескен едім. Мен оған бұрын суретшілер ақын-жазушылардың шығармаларына картина салатынын, қазір бұл дәстүр жоғалып кеткенін әңгімелеп, «Дина» поэмамен түсім

толған мерейтойы қалай тойланғаны жөніндегі бір сырды). Аяқ астынан пысықтығым ұстап, шкафтағы кітаптардың шаңын сүртіп жатыр едім, төбеден бір кітап басыма құлады да, парактары ашылып жерге түсті. Кітапты қолыма алдым. Ахмет Жұбановтың «Ғасыр пернелері» кітабы. Кітап айқара бетімен ашылып түскен жерге. Бетін қарасам, Динаның суреті мен өмірбаяны бар бет екен. Сосын отыра қалып кітап ақтарып кеттім. Мен математик емеспін, ақынмын ғой. Цифрға көп мән бере бермеймін. «1861 жыл – Дина шешейдің туған жылы» деп жазылған екен. Бұл цифр мені қызықтырды. Есептесем, дәл қазір 2011 жыл, демек Дина Нұрпейісованың туғанына 150 жыл толып отыр. Камилаға телефон шалып: «Сен конкурсқа қатысайын деп жатырсың ба, картинаны сол үшін салдың ба?» – десем, «Қандай конкурс?» – дейді. «Биыл Динаның 150 жылдығы екен. Атырауда не болайын деп жатыр?» – деп сұрап едім, ол таңырқап: «Ондай хабар естіген жоқпын», – деді. Атырауға билет алып, бірден Камиланың шеберханасына бардым. Туынды маған ұнады. Ертесіне екеуміз «Дина Нұрпейісованың 150 жылдығына орай «Дина» поэмасы мен картинаның тұсаукесерін өткізгіміз келеді» деп, облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры Қойшығұл Жылқышиевке барсақ, ол кісі: «Қайдағы 150 жылдық?» – деп шоршып түсті. Маған Атырау облыстық мәдениет басқармасынан, облыстық әкімдіктен телефон шалып: «Маржан, сен қайдағыны айтып жүрсін? Қайдағы 150 жылдық? Дина Нұрпейісованың 150 жылдығын 2000 жылы облыс әкімі И.Тасмағамбетов өткізген. Домбырашы қыз-келіншектердің республикалық конкурсы ұйымдастырылып, Динаның ескерткішін қойған. Музыкалық колледжде, Мәдениет сарайына Динаның аты берілген сол жылы», – деп кейісін маған. «Иманғали ағаның өткізгені 140 жылдық. Ол кісі бір жыл ерте өткізіп жіберген. 2000 жылы Мәдениетті қолдау жылы болды ғой, соған

ТҮРКСОЙ ұйымының бас хатшысы Дүйсен Қасейіновке хат жаздым. «Түркияда Дина Нұрпейісованың 150 жылдығына бір шара өткізсеңіздер жақсы болар еді. Түркі әлемінде Дина сияқты виртуоз күйші-композитор өнерпаз әйел заты бар ма екен?» деп. Ол жақтан да: «Мұндай нәрсені бір жыл не жарты жыл бұрын жазбайсың ба?» деген реніш болды. «Бәріміз де жаңа біліп жатырмыз», – дедім. Содан Дүйсен аға Атырау облысының әкімдігіне шығып, Дина Нұрпейісова атындағы академиялық халық аспаптар оркестрін Түркияға шақырып, концерттерін ұйымдастырып, Динаның туғанына 150 жыл толған мерейтойын Түркияда керемет қылып өткізді. Бұл жайды Фариза апайға да айттым. Астанада Президенттік мәдениет орталығында Фариза апайдың айтуымен министрлік кеш өткізген еді сонда. Әйтеуір сол жылы менің «айқайшылығымның» арқасында Дина апамыздың 150 жылдық мерейтойы елеусіз қалмады. Бүгінгі ұрпақ көп біле бермейтін бір ғажайып адам бар. Ол – академик Ахмет Жұбанов. Дина Нұрпейісованы Алматыға әкеліп, үлкен өнер тобына қосқан адам, қазақ өнеріне өлшеусіз еңбек сіңірген қайраткер Ахмет Жұбанов еді ғой. Қазақ кәсіби музыкасының негізін қалаушы, композитор, академик, Қазақ халық музыкасын ғылыми тұрғыда зерттеп, ұлттық музыка өнерін жаңа деңгейге көтерген Ахмет Жұбановтың туғанына биыл 120 жыл толып отыр.

– 2017 жылы Астанадағы «Фолиант» баспасынан қазақ әйелдері арасынан шыққан тұңғыш күйші-композитор Дина Нұрпейісова туралы «ДИНА–DINA» атты (қазақша-түрікше) кітап-альбомыңыз дискісімен бірге жарық көрді. Бұл кітапты жазу идеясы қалай туындады?

– Халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымы 2011 жылы Дина Нұрпейісованың 150 жылдығын Түркияда кеңінен насихаттады. Анкарада Дина атындағы саябақ ашылды. Сол жылы ТҮРКСОЙ-дың бас хатшысы Дүйсен Қасейінов «Динаның өнері мен өміріне түркі әлемі таңғалды.

Түркі халықтарының әйел өнерпаздары арасынан Динадай дарабоз шықпаған. Түркі әлеміне Дина Нұрпейісованы таныстыратын, қазақтың күй өнерін танытатын кітап жаз», – деген ұсыныс айтты. Бұл кітаптың форматы туралы көп ойландым. Түріктің ақын қызы Нұрай Гүнеш кітабымның түрікше аудармасын жасады. CD дискіде «Дина» атты поэмалды қазақтың белгілі дикторы Сауық Жақанова оқыды. Поэма Динаның өз орындауындағы күйлерімен әрленді. Дина туралы кітабымның тұсаукесері ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының қолдауымен Түркияда

Алып перзент бұл дүниеге бет алғандай. Оның жарыққа келгенін ұлан дүние түгел тосып тұрғандай. Жер мен Көк шыр көбелек айналып, асыр салып, билей ала жөнеледі. Осылай арындап, ала қызып, басталатын өмір сазының әр дірілін аудармай-төңкермей дәлме-дәл құйып ала қояр құймақұлақ күйшілер біздің қазақта жетіп артылады. Солардың ең дүлей еркесі де, қара домбыраны қақпақыл қылып, қаққанда қылын, соққанда сөлін шығарып, қақтай еметін еріні епсек ерені де Дина шешеміз еді. Азуымыз еді. Анамыз еді. Мерейлене бауыр басқан панамыз еді. Ол сілтеген он саусақ жарыса шапқан

КӨШЕСІНДЕ...»



он арғымақтай атанақтай ойнақтап, жүйткі жөнелген жүрек қылын тербеп, небір тылсым саздарды ақ нәсердей екілене себелеген. Ағыла түседі. Ағыла түседі. Тыңдаған сайын көңіл түйткілін серпілте сейілтпін, өмір нәрін құмарлана, құшырлана жұтасың. Өнер Тәңірі деген осы екен. Дина Нұрпейісова. Көңіл жайлауынан тұла бойын күйге толтырып ораған, нағыз құт саулаған түйе енесі – құба сирақ аруана. Ыңырси бер, ышқына соқ, күй дауылы! Төкпелете төк, төгілте түс, күй нәсері. Әдемі әуеннен маржан терген дүлдүл күйші, бұлбұл күйші – Дина ана!» Әбіш Кекілбайұлы. 25. 11. 2015»

өтті.

– Әбіш ағамыздың Дина шешей туралы айтқан керемет сөзі бар екен кітабыңызда, бұл жазушының ертеректе айтқан сөзі ме, әлде осы кітап үшін арнайы жазылған ба?

– Динаны түркі әлеміне танытатын кітап болса, Әбіш ағаның сөзі керек екенін ойладым. Содан бір күні ағаның үйіне бардым. «Әбіш аға, сізге осы күнге дейін бір өтініш айтып көрмеппін. Менің бір үлкен арнамым бар. Ол – Дина Нұрпейісова туралы қазақша-түрікше кітап шығару. Сол кітабыма Дина шешеміз туралы сіздің пікіріңіз өте қажет боп тұр. Сізді шаршатқым да, мазалағым да келмейді. Жарты парақ сөзіңіз болса, жақсы болар еді», – деп едім. Әбіш аға сөзге келмеді. Қолына қағаз, қаламын алды да, сол бойда мөлдіретіп жазып берген еді. Бұл 2015 жылдың 25 қарашасы болатын. Араға ай салмай, Әбіш ағамыз да бұл дүниеден өтіп кетті ғой. «Қазақтың кейбір күйлері теңселе тебіреніп, күйзеле күңіреніп, безілдей бебеулеп басталады. Құдды бір Жер-Ананың өзін толғақ қысып, ышқына ыңырсып жатқандай. Тас құрсағын кеңітіп, тас емшегін жібітіп, жаңа бір

Осылайша қатталып қалған Әбіш ағамыздың сөздері сом алтындай, салмақты да бағалы. Терең де күрделі ғой. Түрік тіліне аудартқанда киналдык.

– Ал «Дина» драмасын жазуға не түрткі болды?

– 2006 жыл болуы керек, Алматыда опера және балет театрында Сәуле Жанпейісова «Ән-аманат» атты жеке концерт-спектаклін өткізген еді. Сол концерт-спектакльдің режиссері Болат Атабаев болды. Сол кезде Сәуле мені Болат ағаға таныстырмақ болып, ақын деп аты-жөнімді атап еді, режиссер ағамыз тәкаппар, паң қалыппен: «Естімедім», – дегені. Менің бір қырсық мінезім бар. Бұл мінезім өзіме ұнағанмен, өзгелерге ұнай бермейтінін білетінмін. Сол мінезіме салып, «Шырақ» атты кітабымды ұсындым да: «Уақытыңыз болса, оқып шығарсыз, мен – күшті ақынмын», – дедім. Содан бір күні режиссер Атабаев: «Кітабыңды түгел оқып шықтым. Шұбатылған поэма, ертегі-аңыздарды. Композицияны жақсы құрасың. Сюжеттерді ойната білесің. Бұл – ақындарда сирек кездесетін қасиет. Әй, сен поэзияда неғып жүрсің?! Сен драматургияның



адамысың ғой. Маған бір драма жазып берші», – дегені. Бұл қалай деп өзім де ойланып қалдым. «Дина» атты алғашқы драмамды, «Баяғыда өзіңіз драма жазып берші деп айтқан едіңіз, міне, жаздым», – деп Болат ағаға бергенмін. Оқып шыққаннан кейін ол кісі сөйлегісі келмегендей қалып танытқаны. Мен ішімнен «ұнамаған ғой» деп ойлап қалдым да, «Еркін сөйлей беріңіз, аға, мен өкпелемеймін», – дегенімде, Болат аға: «Осы кезге дейін сахнадағы әйелдеріміз бағы ашылмаған сорлы, бейбақ, одан қалса, ақсақ-тоқсақ, мүгедек кейпінде көрініпті. Мен мұны бұрын ойламаған екенмін. Сенің Динаң – ерекше қайратқа ие образ. Хулиган. Мен мұны шығарам. Тың дүние», – деген болатын. Бірақ өкінішке қарай, Болат Атабаев шетелге кетіп қалды көп жылға. Келер, сосын қолға алар деп көп күттім. Үміттендім. Болат Атабаев аға дүниеден өткен соң ойлана бастадым. Ақырында Оралдағы Х.Бөкеева атындағы қазақ драма театрына ұсынғанды жөн көрдім. Дина шешей, Дина Нұрпейісова – Жаңақалада туған, Орал өңірінің төл перзенті. Туған жерінің рухы қолдаса екен деп едім. Өнердің кара шаңырағына айналған Хадиша Бөкеева атындағы Батыс Қазақстан облыстық қазақ драма театры «Дина» драмамды сахнаға жақсы алып шықты. Қойылымның режиссері – Алматы Шәріпов.

– Анкара қаласында күйші құрметіне арналған «Дина Нұрпейісова паркі» бар екен білеміз. Сол арада болдыңыз ба?

– Түркиядағы «Дина Нұрпейісова паркі» 2011 жылы күй анасының 150 жылдығына орай ТҮРКСОЙ-дың ұсынысымен Анкара Этимесгут аудандық басшылығының қолдауымен ашылған еді. Түбі бір түрік жұртының күйші анамызды құрметтегені қазақ өнеріне деген ықылас-ілтпаты деп білеміз. Оншақты жыл бұрын «Алматы ақшамы» газетінен жазушы Нұрғали Ораздың Түркия сапарынан жолжазбасын оқыдым. Сол мақаласында Анкарадағы Этимесгут ауданында салынған Дина саябағына барғанын айта келе, муниципалитет әкімдігі өкілдерінің: «Бұл саябаққа Дина Нұрпейісованың ескерткіші орнатылса, өте жақсы болар еді. Бұл жерде Дина апайдың күйлері орындалатындай жағдай жасасак, мұнда демалуға келген кісілер ерекше әсер алар еді» деген пікірлерін жазыпты. Бұл пікір маған да ұнады. Түркия мен



Қазақстан тарапы осы бір игілікті істі бірлесіп атқарғанын қалар едім. 2019 жылы Анкарада қазақша-түрікше шыққан «Дина» деген кітабымның тұсаукесері өткенде, Этимесгут ауданы әкімінің орынбасары Аладдин Сонат мырзаның қабылдауында болып, «Дина-Dina» атты қазақша-түрікше кітабымды тапсырдым. «Дина Нұрпейісова паркіне» қала тұрғындары келіп демалғанды ұнатады. Болашақта паркте белгілі бір уақытта Дина күйлерін ойнатып қойсақ деген де жоспарымыз бар. Паркке келгендер «Бұл кісі кім?» деп көп сұрайды. Қазақтар Дина күйшінің ескерткішін қоямыз деген еді. Сол күнді күтіп жүрміз», – деді Аладдин Сонат мырза. Түркиядағы «Дина Нұрпейісова паркіне» күй анасының ескерткішін қою туралы мәселе соңғы он бес жылдың ішінде Атырау облыстық әкімдігі тарапынан екі мәрте көтерілді. Бірақ қандай тосқауыл барын білмедім. Сөздер сөз күйінде қалып келеді. Дина Нұрпейісованың ескерткіші қойылатын тұғырды да түріктер дайындап қойғалы он бес жылдан асып барады. Күй анасы Дина шешейдің туғанына 165 жыл толған мерейтойы қарсаңында Түркиядағы осы бір атакты саябақта ескерткіші орнатылса деген тілегімді айтқым келеді. Динаның «8 март» деген атакты күйі бар. Білгенім, Алматыда, Көк базар жақта осы күйдің құрметіне арналған «8 март» деген көше болған екен. Ол көшенің аты тоқсаныншы жылдардың аяғында Шәмші Қалдаяқов болып өзгерген. Ал Динаның мазары Алматыда Райымбек даңғылының бойындағы бейіттер арасында. Жол түскенде ұлы күйші Дина Нұрпейісованың басына барып, тәу етемін. Дина күйші менің өнердегі адастырмайтын темірқазығым сияқты. Ол маған алға жетелейтін күш, кайтпас рух пен қажымас жігер беретіндей. Өнердің құдіреті деген осы емес пе?!

– Әңгімеңізге көп рақмет!

Сұхбаттасқан
Мөлдір РАЙЫМБЕКОВА

МАЙКЛ Х.ХАРТ

Қытайдың ұлы философы Конфуций қытай халқының болашаққа деген сенім жүйесін дамытып, негізгі таным-түсініктерін біріктіре білген тұңғыш адам болды. Өзінің халқына қызмет ететін және оны жеке басының үлгі-өнегесі арқылы биліктің, басқарушы өкіметтің тұжырымдамасы мен жеке лей моралінің негізінен туындайтын екі мың жылдан астамға созылып жатқан қытай өмірі мен қытай мәдениетін бойына сіңіріп алған оның философиясы Жер шарының көп бөлігіне елеулі түрде ықпал етті.

Конфуций біздің дәуірімізге дейінгі 551 жылы Қытайдың солтүстік шығысындағы – қазіргі Шаньдун провинциясының аумағында орналасқан шағын Лу хандығында дүниеге келген. Оның тіпті бала кезінде әкесі өледі де, шешесі екеуі жокшылықта өмір сүреді. Болашақ философ жас кезінде мемлекеттік қызметте ұсақ шенеунік болады. Ол жұмысты бірнеше жыл атқарып, сонан кейін оны тастайды. Келесі 16 жыл бойы ол күшін ағартушылыққа арнап, философиясына көп адамды еліктіріп үлгерді. Оның жасы елуге таяғанда, ол Лу үкіметіндегі үлкен қызметке орналасады, бірақ төрт жыл өткеннен кейін Сарай маңындағы дұшпандары оны жұмыстан кетіріп, тіпті жер аударып жібереді. Ол он үш жыл бойы кезбелік өмірмен ұстаздық етіп жүреді де, сонан кейін өмірінің қалған бес жылын туған жерінде өткізбек боп, еліне оралады. Ол біздің дәуірімізге дейінгі 479 жылы қайтыс болды.

Көбіне Конфуцийді діннің негізін қалаушы дейтіндер бар, бірақ бұлай деу қате. Ол Құдайды аузына көп ала бермеген, о дүние туралы сөйлеуден мүлде бас тартып, метафизикалық айла-шарғының қандай түрінен де бойын аулақ ұстаған. Ол, негізінен, жеке тұлға мен саяси тұлғаның моралі туралы проблемаларымен, тәлімдік жақындағы көкейкесті мәселелермен ғана айналысқан.

Конфуцийге сенсек, адамды адам қылып көрсететін екі қасиет бар: «жэн» мен «ли». «Жэнді» кейде «махабба» деп аударды. Бірақ оған «жақыны мейіріммен қарай білу» деген анықтама берген дұрысырақ. «Ли» этикалық нормалардың жиынтық түрі: сыпайы жүріп-тұру, салтанаттылық, дәстүршілдік, сырбаздық және үздік тәлім үлгілері.

Ата-баба аруақтарына табыну Конфуцийге дейін өмір сүрген қытай дінінің негізі болып табылады. Өзінің отбасы мен туған-туыскандарына деген ерекше құрмет содан барып шыққан. Конфуций әйелдердің күйеулерін құрметтеп, оларға бас иіп бағынышты болуын, ал қарапайым халықтың билеушілерге қарсы келмеуін насихаттады.

Алайда қытай данышпаны озбыр өктемдікті мақұлдаған емес. Ол, мемлекет адамдардың игілі үшін өмір сүруі керек деп ұқты. Конфуцийдің айтуы бойынша, билеуші тұлға елді зорлық-зомбылықпен емес, өзінің жеке басының моральдық үлгі-өнеге көрсетуімен басқаруы керек. Оның «Алтын ережемен» сай келетін тағы бір принципті сөзі бар: «Өзіңе нені тілемесең, басқаға да соны тілеме!»

Конфуцийдің басты мақсаты қолға ұстатқандай айқын консервативті

болып келеді. Ол өткен ғасыр Алтын ғасыр болғанын, сондықтан оның қасиетті моральдық қалыптарын билік басындағылар да, халық та ұстану керек деп білді. Алайда, шын мәніне келсек, елді моральдық үлгі-өнеге арқылы басқару жөніндегі Конфуций идеялы сол көне дәуірде кең құлаш жайып кете қойған жоқ. Солай бола тұра Конфуций, өзі күткендей, сол идеясының арқасында алдыңғы қатардағы реформалар болып саналады.

Чжоу әулеті билік етіп тұрған кезде

ды болғанының бірнеше себеп-салдары бар. Ең алдымен, бұл ілімнің ашықтығы мен әділдігі. Екіншіден, ерекше ден қояр нәрсе, оның қарапайым және тіршілікпен қоян қолтық өмір сүргендігі. Содан да ол адамдардан қол жеткізе алмайтын қиын істерді талап етпеді.

Адамдардан таза өмір сүруді талап ете тұрып, оларға әулие болындар деген жоқ. Бұл тұрғыдан да, басқа мәселелер жөнінде де ол қытайға ғана тән істе бейімділігімен ерекшелене білді. Қы-

КОНФУЦИЙ

(551 – 479 біздің дәуірімізге дейінгі)

өмір сүрген Конфуций қытайдағы интеллектуалдық қуат көздерінің ашытқысы бола білді. Сол кездегі өктем тап өкілдері оның бағдарламасын қабылдай қойған жоқ, бірақ философ қайтыс болғаннан кейін оның идеялары елде кең етек алды.

Алайда біздің дәуірімізге дейінгі 221 жылы Цин әулетінің билік басына келуіне орай Конфуций ілімінің басына ауыр күн туды.

Цинь әулетінің тұңғыш императоры – Цинь Шихуанди Конфуций ықпалынан мүлде арылып, өткен заманмен ат құйрығын шорт кесті. Ол Конфуций іліміне тыйым салып, оның кітаптарын өртеп жіберуге бұйрық берді. Бұл ілімге тыйым салу соншалықты сәтті бола қойған жоқ, өйткені бірер жылдан кейін Цинь әулеті билік басынан кеткеннен кейін, Конфуций ілімі қайтадан бостандық алып, ел арасында насихаттала бастады. Билік тізгінін Хань әулеті (біздің дәуірімізге дейінгі 206–220 жылдары) қолға алғаннан кейін Конфуций ілімі Қытай мемлекетінің ресми діні болып танылды.

Хан әулетінің билік басына келуінен бастап қытай императорлары мемлекеттік қызметке шенеуніктерді іріктеу практикасы біртіндеп енгізіліп, олардан «мемлекет қызметі» тақырыбынан емтихан алынатын болды. Уақыт өте келе бұл емтихандардың негізіне Конфуций мұрасының ілімі талап ететін қағидалар жиірек ене бастады. Қытай империясы кезінде үкіметтік бюрократия қатарына финанс саласында қол жеткізген табысы мен әлеуметтік беделге ие болғандар ғана кіре алатындықтан мемлекеттік қызмет пәнінен емтихан тапсыру қатаң конкурстық негізде өткізілетін болды. Нәтижесінде, ұзақ уақыт бойы Қытайдың зиялылық пен көшбасшылыққа ұмтылған жастары өздерінің көп жылын Конфуций мұраларын мұқият оқып-үйренуге жұмсап, ал Қытайдың азаматтық әкімшілігі ұзақ ғасырлар бойы Конфуций философиясының негізінде дүниетанымы қалыптасқан адамдардан тұратын болды. Бұл жүйе кейбір үзілістерге қарамай, біздің дәуірімізге дейінгі 100-жылдан, біздің дәуіріміздің 1900-жылына дейін, яғни екі мың жыл бойы сақталып келді.

Бірақ Конфуций ілімі Қытай әкімшілігінің ресми философиясы ғана болып қойған жоқ. Конфуций идеялары Қытай тұрғындарының көпшілігінің, екі мың жылдан астам уақыт бойы, өмірі мен ой-өрісіне терең ықпал етіп келді.

Конфуций идеясының қытайлар үшін соншалықты неге ықпал-



тайдағы оның идеяларының кең түрде қанат жаюын, бәлкім, осыдан іздеу жөн болар. Конфуций қытайлардан өздерінің кәнігі әдет-ғұрпын өзгертуін талап еткен жоқ. Ол, дәлірек айтсақ, олардың негізгі дәстүрлі идеяларын қайта үйлестіріп, оны жарқын да айқын құралдармен байытты. Мүмкін, тарихтағы бірде-бір философ өзінің отандастарының әбден қалыптасқан көзқарастарына дәл Конфуцийдей жақын келмеген шығар.

Адам құқынан гөрі, оның атқарар міндеттеріне көбірек екіпін түсіретін Конфуций ілімі – қазіргі батыстық қалыптасқан қағидалар үшін тым жадағай, тым сәртүрлі ілім боп көрінуі мүмкін. Ал басқару философиясына келетін болсақ, онда ол іс жүзінде аса тиімді болды дер едік. Егер мемлекеттің ішінде тыныштықты сақтай білу мен оның гүлденуін қамтамасыз ету тұрғысынан қарайтын болсақ, онда Қытай екі мың жылға созылған кезең бойы басқару әдістемелері анағұрлым сәтті құрылған мемлекет болып саналады.

Конфуций идеялары Қытай мәдениетіне ендеп кіре тұра, Шығыс Азиядан тыс жатқан елдерге елеулі әсерін тигізді дей аламыз.

Қазіргі таңда Қытайдағы Конфуций ілімінің атқарар рөлі тым бәсен. Қытай коммунистері өзінің өткенінен қол үзуге үздіксіз ұмтыла отырып, Конфуций ілімі мен оның докториналарына өршелене шабуыл жасауда. Содан да, бәлкім, оның тарихқа жасар әсері тұйыққа тірелген де шығар. Өткен замандарда Қытай топырағына терең тамыр салған Конфуций идеялары болашақ ғасырларда қайтадан түлеп-жаңғырып жатса, онда бұған ауыз ашып, көз жұмып таңғалудың тіпті де қажеті жоқ.

Тәржімалаған Темірхан МЕДЕТБЕК

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ҰЛТТЫҚ МҮДДЕГЕ ПАЙДАЛАНА БІЛЕЙІК

«Жасанды интеллектің қарқынды дамуы қазірдің өзінде халықтың, әсіресе жастардың мінез-құлқы мен болмыс-бітіміне әсер етіп жатыр. Себебі бұл үрдіс бүкіл әлемде қалыптасқан тәртіпті және адамдардың өмір сүру салтын біржола өзгертуде. Біз бұған дайын болып, батыл әрекет етуіміз керек».

Қазақстан Республикасының Президенті
Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев

Жуырда Жетісу облысының білім басқармасы мен Талдықорған қаласының Қанабек Байсейітов атындағы саз колледжінің ұйымдастыруымен Талдықорған жоғары политехникалық колледжінде «Білім беру процесінде жасанды интеллекті тиімді пайдаланудың тетіктері» тақырыбында республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті. Конференцияға Қанабек Байсейітов атындағы саз колледжінің директоры Мергүл Тұрысбектің төрағалығымен республикалық ғылыми-практикалық конференцияға білім беру ұйымдарының басшылары, облыстық және аудандық әдістемелік бірлестіктердің қызметкерлері, жоғары оқу орындарының жетекші ғалымдары, жалпы білім беру және арнайы пәндер оқытушылары, сондай-ақ өндірістік оқыту шеберлері, әдіскерлер, оқу ісі жөніндегі және өндірістік тәжірибе жөніндегі директорлардың орынбасарларымен қатар, Астана, Алматы қалаларынан да жауапты мамандар қатысты. Аталмыш шараны Жетісу облысы Білім басқармасы басшысының орынбасары Әли Солтанбекұлы құтықтау сөзімен ашты.

Ұйымдастырушылар тарапынан Мергүл Құдайбергекқызы: «Қазіргі таңда адамзат дамуының негізгі бағыттарының бірі – цифрландыру және жасанды интеллект (ЖИ) технологияларының кеңінен қолданылуы. Жасанды интеллект адам ойлау қабілетіне ұқсас әрекеттерді орындай алатын компьютерлік жүйелерді білдіреді. Бұл технологиялар экономикада, медицинада, өнеркәсіпте және білім беру саласында маңызды рөл атқарып отыр.

ЖИ технологиялары адамның уақытын үнемдеуге және жұмыстың сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Мәселен, педагогтардың жұмыс стратегиясын өзгертіп, уақыттарын үнемдеп, үлкен көлемдегі ақпаратты жылдам өңдеуге көмектеседі, – деген тұжырымды ойын ортаға салып, офлайн және онлайн бейнеформатта ұсынылған конференция пленарлық отырысқа жалғасты.

Қ.Байсейітов атындағы Талдықорған саз колледжінің арнайы пәндерінің оқытушысы Еркежан Амержанованың модераторлығымен өткен пленарлық отырыстағы материалдардың ғылыми құндылығы жоғары деп танылып, баяндамалар конференция жинағына енгізілетін болды.

Шара барысында «ТЖКБ жүйесіндегі жасанды интеллект: мүмкіндіктер мен перспективалар. ЖИ қолданудағы этика және академиялық адалдық тақырыбымен секциялық басқосуда көптеген бағыттар бойынша ғылыми баяндамалар тыңдалды.

Тақырыпты талқылау барысында қатысушы мамандар кезегімен сөз алып, жасанды интеллектің тиімділігімен қатар зиянды тұстарын да тілге тиек етті.

Секция материалдары кәсіби музыкалық білім беру ұйымдарының оқу-әдістемелік қорына ұсынылып, секция және жариялауға жолданған баяндамалар конференция материалдарының жинағына енгізілетін болды.

Жоғары ғылыми-ұйымдастырушылық деңгейде өткен іс-шара педагогтардың цифрлық технологиялар мен жасанды интеллекті (ЖИ) оқу процесінде қолдану саласындағы кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға үлкен әсер еткен конференцияның соңында қатысушылар педагогтардың шығармашылық және әдістемелік, ғылыми дәрежелеріне қосылған үлкен үлес болатынына зор сенім білдіріп, 45 жылдық тарихы бар өнер одасының алдағы уақыттағы атқаратын ауқымды шараларына сәттілік тіледі.

Жангелді НЕМЕРЕБАЙ,
Қазақстан Жазушылар одағының
Жетісу облыстық филиалының директоры

Әдетте адам адамға дос, бауыр деп жатамыз. Жақсы ниет қой. «Көңіл көңілден су ішеді» дейді қазақта. Сол көңілдің бір атым насыбайдан қалатынын да айтып кеткен бұрынғылар. Бір байқағаным, біздерге ең керегі мейірім екен. Кейде жетіспей жататыны да сол жылылық сияқты. Мен осындай ізгі қасиеттерді өзімнің ата-анамнан көрдім, солардың бойынан байқадым. Бәлкім, бұл солардың тұтастарына тән қасиет те шығар. Дегенмен, үлкендеріміз өмірден өтіп, өзіміз де солардың ізін басуға қараған шақта көз алдыма, көңіл көкжиегіме әке-шешеміздің ізгілікті істері, кең пейілі мен дарқан мінездері жиі оралады. Біз де солардай бола алдық па деген ойлар жиі мазалайды сондайда.

ӘКЕНІҢ КҮШІ, АНАНЫҢ СҮТІ

Қазіргі Атырау облысындағы Миялы ауылы — ежелден біздің ата-бабамыздың қонысы. Кезінде атамыз Қалмағанбет осында туып-өскен. Ал әкем Қуанышкерей Гурьевтің іргесіндегі балық зауыты болған Еркінқалада дүние есігін ашқан. Соғыстан кейін сонда жұмыс істеген.

Біздің кейінгі тұрағымыз Қызылқоға ауданының өзіндік тарихы бар. Негізінде, ауданды алғаш құру туралы шешім 1928 жылы қабылданған, бірақ кейін Доссор ауданына қосылып, одан 1944 жылы майданға азық-түлік пен киім-кешек дайындау мақсатында қайта құрылады. Енді көршілес бірнеше ауданның шаруашылықтары осы өңірге біріктіріледі. Жері құнарлы болғандықтан мал шаруашылығын өркендету көзделеді. Аудан орталықтары бастапқыда Қызылқоғада, сосын Қарабауда болып, 1959 жылдан Миялыға тұрақтайды.

Миялыда әуелгіде кішігірім қолдан соққан үйлер көп еді, бастапқыда сонда тұрдық, бес-алты жыл шамасында жаңа типтегі үйлер, басқа да ғимараттар салына бастады. Қысқасы, біздің әке-шешеміздің құрдастары Қызылқоға ауданын көтеруге жаппай кіріседі.

1959 жыл шамасында әкем Еркінқаладан атамекеніміз Қызылқоғаға келіп, осында анаммен бас қосады. Анам дүниеге тоғыз бала әкелді. Әкем — құрылысшы, жана аудан орталығы Миялының көркейіп-өсуіне барынша қызмет атқарған адам. Осында құрылыс-монтаж басқармасында жұмыс істейді. Ал анамыз бастапқыда дүкенші болды, сосын қонақүйде қызмет атқарған. Замандастарының, көзкөргендердің айтуынша, әке-шешеміз еңбегімен елге сыйлы, құрметті жандар болған. Олар біздің қатарымыздан қалмай өсіп-өнуімізге, білім алуымызға жағдай жасады. Өкініштісі, әкеміз соғыс жаракаты зардабынан өмірден ертерек өтті. Үйдің үлкені — мен әлі кемелетке толмаған едім. Сол кезде анамыз өзінің жігер-күшін бойына тастүйін жиып алып, үйелмелі-сүйемелді тоғыз перзентін соңына ертіп, алапат ағысқа қарсы қаймықпастан ұмтылған еді. Миялыдағы біз үшін ең қасиетті орда өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарының басында Аяпберген Науанұлы негізін қалаған «Аяпбергеннің ақ школы» атауымен тарихта қалған екі сыныптық мектептен бастау алған Н.Крупская атындағы орта мектеп еді. Қазіргі уақытта бұл білім ордасы Алаш қозғалысының қайраткері ұстаз-ғалым Халел Досмұхамедұлының атында.

Сондай-ақ Миялыда 2007 жылы ашылған мектеп-гимназияға Исатай-Махамбеттің ерлігін дәріптеген ақын Ығылман Шөреков есімі берілді. Бұдан басқа көрнекті қаламгер Берқайыр Аманшин атындағы қазақ орта мектебі де жас буынға сапалы білім, саналы тәрбие беруде. Бәріміз сол Н.Крупская атындағы мектептен түлеп ұштық. Әкенің күшімен, ананың сүтімен жетіліп, білім нәрімен сусындап, үлкен өмір жолына бет алдық.

ТОҒЫСҚАН ТАҒДЫРЛАР

Бала кезімізде ауылда басқа ұлт өкілдері болмайтын. Болса да бірен-саран кездесетін. Қайдан келгенін кім білсін, алпысыншы жылдары Миялыда Виктор Алексеев деген орыс пайда болған. Оны жақсы білетіміз, менің әкеммен құрылыста бірге жұмыс істеді. Тағдырдың жазуы шығар, ол өзінен жасы үлкендеу Лилия Ангелованамен бас қосады. Лилия апамыз ауылдағы шағын қонақүйде біздің шешемізбен бірге еңбек етті. Айта кетерлігі, олардың үй болып кетуіне де біздің ата-анамыз қамқор болып, шағын шаңырағының тіктелуіне кәдімгідей көмегін жасады.

Осы жайлардың әсері ме, әлде әке-шешеміздің адам баласын жанына жақын тартып жүретін бауырмалдығынан ба, бұл кісілер бізге бірге туған жандардай болып

мектепте білім алды. Қазақ балаларының ортасында қазақы тәрбиемен өсті. Содан кейін Алматыға барып, училищеге оқуға түсіп, ары қарай армияға аттанды, әскери борышын өтеп келді. Виталик Белоруссияның Борисов ауданына қарасты Печи деп аталатын жерінде жауынгерлік сапта болды.

Алматыда жүргенінде ел назарын аударған метро құрылысын салуға қатысты. Өзінің дәнекерлеуші мамандығымен адал еңбек етті. Сол жақта жүріп Алматы облысы, Шелек ауданының Татьяна есімді қызымен тілек қосып, отау құрды.

Виталик кішкентайынан бауырымыз секілді ортамызда өскендіктен, оның еңбектегі жетістіктеріне, өмірдегі оңды өзгерістеріне біз де қуанып, ізгі тілегімізді білдіріп отырдық. Ол 1993 жылы отбасымен ауылға оралып, анасының қасына келеді.

Анамыздың көп жақсылығы еске түседі. Миялыда тұрғанымызда сонау Грозныйдан, Махачкаладан шешендер, дағыстандар келіп, құрылыс жұмыстарын жүргізетін, басқа да кәсіптермен шұғылданатын. Сондайда олар жергілікті қонақүйге тұрақтайды. Сырттан келгендерге жергілікті биліктен бастап, ауылдың бұзық балаларына дейін көз алартқысы келеді ғой. Сондайда шешем: «Бұлар да мұсылманның балалары ғой, еңбек етуге келген, тиіспендер», — деп қорғаштап, қолдан келген көмегін жасап жүретін. Олардың барлығы да анамызды құрметтеді, тіпті бірде інім Бауыржанды жазғы қаниқулда Грозныйға алып кетіп, қыдыртып, киіндіріп әкелгені де есімде. Ол аз десеніз, анам өмірден өткен соң, бір топ шешен ағайын ат арытып келіп, дұғаларын бағыштап кетті...

...Анам өмірден өткенде Лилия апамыз қатты қайғырып жылады. Тіпті орнынан тұрмай жатып қалды. Бір жылдан соң өзі де анамыздың қасына барды. Армандайтын еді, оның қасына бару қайда деп...

Қаны бөлек болса да, бірге туған бауырдай болып кеткен сол екі асыл адам бүгінде Ақтөбенің іргесіндегі Бестамақ бейігінде қатар жатыр мәңгі тыныштық тауып. Жандары жаннатта болғай...

ӨМІР ЖАЛҒАСЫ

Лилия апаның немересі Виктор 2007 жылы тоғызыншы сыныпты бітіріп, Ақтөбедегі С.Бәйішев атындағы колледже оқуға түсіп, құрылысшы-архитектор мамандығын алып шықты. Атасына тартқан, қолы алтын құрылысшы. Өзінің қалаған кәсібін атқарып, еңбегінің жемісін көре бастаған тұста Мәртөк ауданы, Хлебодар ауылынан сөз байласып жүрген Әйгерім атты қызға құда түсіп, той жасап, келін түсірдік. Олардың отбасында Әмина, Санжар атты екі перзент дүниеге келді. Әмина бір жасқа толған кезде бәріміз бірігіп той жасап, оған Виктор ауылдан әкесінің құрдастарын шақырды.

Осы арада мынадай жайды ерекше атап өткім келеді, Лилия апамыз өмірден өтер алдында немересі Виктордың болашақ тағдырына аландап, оны менің кіші қарындасым Айжанға аманаттап кеткен екен. Шынында да, Айжан қарындасым мен күйеу балам Асқар бұл аманатқа қиянат жасаған жоқ.

Виктор үйленерде өздері құда түсіп барды. Виктордың өзі бұрыннан олардың қолында тұрып, «папа-мама» деп атайтын. Қазіргі уақытта Әмина мен Санжар Асқар мен Айжанды «ата-әже» дейді. Бұған біз де сүйіспеншілікпен қараймыз.

Виктор жастайынан әдебиетке құштар болды. Қазақша кітаптарды үзбей оқыды. Беріректе Абай оқуларына қатысып, алдына жан салмай, облыс әкімінің қолынан сыйлыққа ноутбук алғаны бар. Бүгінде өз отбасын құрып, болашаққа берік қадам басқан Виктор біздің әулеттің бір бөлшегі іспетті.

...Қанша есейдік дегенімізбен, бала үшін ананың орны бөлек қой. Әлі күнге дейін анамды аңсаймын. Сондайда оның ыстық алақаны, жүрегінің мол мейірім-шапағаты, адамдарға жасаған жақсылығы мынау дүниені қаншалықты кеңейтіп, айналаға жарық сәуле шашқанын сезінгендей боламын.

Ойыма өлең жолдары оралады, санама сәуле түскендей болып, көкірегіме өзгеше бір ыстық нұр құйылады.

*«Жайым жақсы, болғанымен күтімім,
Келтіре алмай кейбір істің ұтырын...
Қиналғанда көңіліммен сезінем,
Жан анамның жүрегінің лүпілін!»*

*Мына өмірдің болады ма не дері,
Болжау қиын ертеңді себебі.*

*Бәрі өтеді, өшпейтіні — сыйластық,
Бұл тірлікте мейірім екен керегі...»*

Қарапайым ғұмыр кешкен аяулы анам Жұмаш Ділмағамбетқызы өзінің осындай мейіріммен бәріміздің көңілімізге ешқайда көшпейтін көктем орнатып кеткен екен...

Бижан ҚАЛМАҒАНБЕТОВ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

Мейірім



Анам Жұмаш
жан досы Лилия
апамен.

кетті. Кейін білгеніміздей, Виктор Алексеев 1940 жылы Ульянов облысының Крюковка селосында туған екен. Ал оның зайыбы Лилия Ангелованың туған жері — Одесса облысының Благоево селосы. Олардың қазақ жеріне қалай келгені, не себептен тұрақтап қалғаны біз үшін белгісіз күйінде қала берді.

Өкінішке қарай, олардың алғашқы перзенті шетінеп кетеді де, 1970 жылы дүние есігін ашқан Виталий есімді нәресте көз қуаныштарына айналады. Осылайша, тағдыр теперішін көріп, туған жерінен, өскен ортасынан шалғайдағы қазақ ауылында бас біріктірген екеудің алдында жақсы өмір есігін ашқандай болған сәт еді бұл. Алайда өмірдің өз жазуы болатын шығар, оның бәрін кім болжап біліпті? Виктор ағамыз 1974 жылы ойламаған жерден көлік апатынан қайтыс болып кетті. Сол кезде ауылдың бүкіл адамдары жиналып, оны ақырғы сапарына барлық құрмет-реттерін жасап шығарып салды. Лилия апамыз шешеміздің үйретуімен азаматына «бізді қайда тастап кеттің?» дегендей жоқтауын айтып, ерінің артын күтіп, барлық рәсімін жасап, марқұмның басына құлыптас қойылды.

Шынында да, Виктор Алексеев өзінің отыз төрт жылдық ғұмырында Қызылқоға өңірінің, оның ішінде Миялы ауылының өсіп-өркендеуіне көп еңбек сіңіріп еді, біраз әлеуметтік, тұрмыстық ғимараттардың құрылысы соның қолынан өткенін ауылдастарымыз күні кешеге дейін айтып отыратын. Ал менің әкем Қуанышкерей үшін ол туған інісіндей болып кетіп еді. Құрылыста қатар жұмыс істеді, қандай шаруада да әкеміз оған сенетін, тиянақтылығын, шеберлігін айтып отыратын ылғи да.

Виталик кішкентайынан ауылдағы «Балдырған» балабақшасында тәрбиеленді, одан кейін Н.К.Крупская атындағы орта

Сол жылы тұңғышы Виктор, 1994 жылы қызы Анджела дүние есігін ашты.

Өкінішке қарай, Виталик ұл-қызын өсіріп, енді қанатын жайып, өркендеп, өсіп келе жатқанында, отыз бес жасында жүрек дертінен өмірден өтті. Бұл жағдай бәрімізге де ауыр тиді, оның ішінде кішкентайынан әлпештеп өсірген анасы Лилия апамыз қатты қайғырды. Содан 2010 жылға дейін ол келін-немерелерімен бірге тұрды. Бірер жылдан соң Виталиктің жолдасы Татьяна еліне қайтып кетті. Сол жақтан Анджела қайғылы жағдайда қайтыс болып, бұл әулетке қайғы үстіне қайғы жамылды.

Бәріміз де Лилияны апа деп кеткенбіз. Апамызды ауылда жалғыз қалдыра алмай, 2012 жылы Ақтөбеге көшіріп алдық. Бұған, ең алдымен, анамыз себепші болды. Шынында да, ол екеуі мына өмірде апалы-сінлілі іспетті болып өмір сүрді.

Бастапқыда Лилия апамызды Сәтбаев көшесіндегі көп қабатты үйдегі пәтерге орналастырғанбыз. Ыстық-салқын суы келіп тұр, жағдайы қолайлы деп ойлағанбыз. Бірақ ол онда көп тұрғысы келмеді, анамыздың қасына келді. Ол кісі де соны дұрыс көрді. Сөйтіп, екеуі бірігіп шайларын ішіп, өткен-кеткен әңгімелерін айтып, елден келген кісілермен кездесіп, бір жасап қалғандай болып, мез-мейрам күйде отыратын. Бұған біз де қуанатынбыз. Екеуінің жақсы көретін дәмдерін әрқайсымыз жеткізіп беріп, қалаған киім-кешектерін кигізіп, көңілдері көтерілгенін қалайтынбыз.

Анамыз Жұмаш Ділмағамбетқызы туралы бірер ауыз сөз айта кетейін. Ол 1930 жылы Индер ауданы, Есбол ауылында дүниеге келген. Алғыр, шыдамды, қайсар жан еді, көздеген мақсатына жетпей қоймайтын. «Махамбет бабаның ұрпағымын!» деп ылғи да алға ұмтылып, бізді де жігерлендіріп, қайрат беріп отыратын.



– Төлеген Айбергенов 1967 жылы небары 30 жасында дүниеден өтті. Сол кездері сіз 6-7 жастағы өрімдей қызсыз. 2020 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде «Сағынышым – әкем» деген ретро-хатыңыз жарық көрген болатын. Міне, содан бері 6 жыл өтіпті. Әкеңізге деген ендігі сарыкөбелек сағынышыңызды қалай білдірер едіңіз?

– Әкеге деген сағыныш – ешқашан толастамайтын дүние, әрбір адамға тән табиғи қасиет. Сол хатымның жарық көргеніне 6 жыл өткен екен, расында да. Одан бері көп нәрсе өзгерді. Ковид індегі талантты ақын-жазушы, композитор, суретші, ғалым, мүсінші, жалпы зиялы қауым өкілдерін, жақындарымызды арамыздан алып кетті. Бұл жағдай бір-бірімізді бағалау керегін, бір-бірімізге адамгершілікпен қарау керегін ұғындырғандай болды. Ғажайып ақын Бауыржан Бабажанұлының 55 жылдығына орай 2025 жылы мамырда Қарақалпақстанда ұйымдастырылған шара аясында Нүкістегі «Сорша» зиратына («Шорчо баба») барып, әкемізге Құран бағыштадық. Бауыржанның мерейтойына жан-жақтан жиналған барша қауым әкемнің басына бірге барды, барлығы 30–40 адам. Бәрі – қазақтың беткеұстар азаматтары. Атап айтсақ, түйе шаруашылығын Гиннестер кітабына енгізген Сыдық Давлетов жұбайы Шәрипамен, «Алматы метроқұрылыс» АҚ директоры кенесінің төрағасы, «Мейірім мекені» атты жобамен үйсіз жүрген жандарға қамқор болып, ақысыз үй беріп жүрген кәсіпкер Қайрат Реймов, Қазақстанды әлемге танытып жүрген Димаш баламыздың ата-анасы, өздері де керемет әншілер Қанат пен Света, қазақтың маңдайалды режиссерлерінің бірі Асхат Маамиров жұбайы Нұргүлмен, керемет жыршы Аманқос Садықов, ақын Ербол Алшынбай, белгілі актер, режиссер, анығы бесаспап Орал Қосай Байсеңгір, Ақтөбе облыстық мәслихатының депутаты Естай Сисенов, Қаскелең аудандық сотының төрағасы Димаш Адайбаев, осы шараның өтуіне бастан-аяқ атсалысқан Қуатбек Хайроллаев бастаған кәсіпкерлер; Данабек Жұманиязов жұбайы Махаббатпен, Талғат,

Әсет, Рахмет жары Бота, Нұрланның жары Райхан, Омардың жары Қаршыға, Жандос, Қуатбектің жары Зәуре және менің сіңілім Махаббат. Қабір басында жарыса әкемнің өлеңдері оқылды. Өз өлеңінен әкемнің өлеңін көбірек жатқа білетін Баукең тебіреніп тұрып поэзия сағатын өткізгендей болды. Басқа кезде әкемнің қабірінен жылап кайтатын біз, бұл ретте көңіліміз толып, жақсы әсермен қоштасып кайттық. Бұл көңілімізге медеу болған дүние еді. Ол қорымда қарақалпақтың небір мықты тұлғалары жерленген. Мәселен, кіреберіс жерінде Қарақалпақстан Республикасы Мемлекеттік Әнұранының сөзін жазған атақты ақын, Өзбекстан Қаһарманы, драматург, ұстаз, Қарақалпақстан және Өзбекстан елдеріне ортақ ақын Ыбырайым Юсупов жатыр. Біз ең бірінші Құранды осы кісіге бағыштадық. Жаны жайсаң Розалинда жеңгем өмірден өтіп, қайғырып жүргенмін. Әкеме Құран бағыштаған соң жеңілдеп, жақсы боп қалдым. Нүкістен тоқсан шақырымға жуық жердегі Қоңырат қалашығында Айберген атамның, Жібек әжемнің, Ақсұлу апамның басына бардық, ас бердік, дұға еттік.

– Төлеген Айбергенов – тек қазаққа ғана емес, тұтас түркі жұртына ортақ, әлемдік деңгейдегі ақын. Атамның мұрасы түгенделіп болды ма, әлде жарық көрмеген, ел білмейтін тағы басқа материалдары бар ма екен?

– Менің лабораториямда ел білмейтін материал санаулы ғана дер едім. Әкем жөніндегі «Тоғысқан тағдырлар» деген кітабымда әкем, анам, айналасы жөнінде біраз айтқанмын. Бұл кітап мемлекеттік тапсырыспен шықты. Осы кітап Бауыржан Жақып күйеубаламның көмегімен, баспагер, кәсіпкер Махмұт Қосмамбеттің жәрдемімен қарақалпақ тілінде «Тутасқан тағдырлар» деген атпен жарық көрді. Сонан соң анам – Үрниса Оспанқызы туралы «Ақын жары» атты кітап жаздым. Әкемізден айырылғанда мен жеті, Махаббат бес, Дәурен үш жаста болатын. Айнар мен Құсни сегіз-ақ айлық еді. Анам әкемнің әр жазған дүниесін шашау шығармай жинап жүрді. Кейіндері баспалардың табалдырығын тоздырған табандылығы арқасында Төлеген Айбергеновтің

Ақын әлемі – тылсым әлем. Оны танып-білуге түйсік, білім және өмірлік тәжірибе қажет. Филология ғылымдарының кандидаты, доцент Салтанат Айбергенова «Ақиқат» журналында (2012) жарық көрген «Әкемнің өлеңдері туралы үзік сыр» атты мақаласында: «Әкемнің көзі тірісінде пышақтың жүзіндей ғана екі кітабы – «Арман сапары» мен «Өмірге саяхаты» жарық көріп, өзі баспаға дайындап кеткен үшінші кітабы «Құмдағы мұнаралар» дүниеден өткеннен кейін ғана шықты. Әкемнің өмірі қалай шорт үзілсе, дарыны да орта жолда дәл солай үзілген іспетті. Менің әкем өлең жазғанда күй таңдамайды, ойына өлең оралды болды сол жерде, сол заматта қағазға түсіреді екен. Оған куә біздің үйде әкемнің қолжазбаларының ішінде үлкен-үлкен плакаттардың қиындыларында жазылған, театр афишаларының бос жерлеріне жазылған өлеңдер бар. Әкемнің бар әңгімесі өлеңге барып тіреледі екен. Ақын түгілі өлең түсінетін адам көрсе айырылмай, сол адамды үйге әкеліп жағдай жасап, ал өлең түсінетін үш адамның басы қосылған жерді поэзия кешіне айналдырып, өзі содан үлкен ләззат алып, таң атқанша өлең оқудан шаршамайды екен», – дейді. Осыған орай айтулы ақынның өмірі мен шығармашылығы, әкеге деген сағыныш жайында Салтанат Төлегенқызын әңгімеге тартқан едік.

«ТУҒАН ЖЕРІНЕ»

жинақтары, кітаптары жарық көрді. Сонан соң Мұхтар Құл-Мұхаммед пен Бауыржан Жақыптың жәрдемімен «Қазақ энциклопедиясы» баспасынан әкемнің төрт томдығы (*бір томында ақынның жырлары, ал қалған үшеуінде аудармалары, ол туралы естеліктер, сын мақалалар, рецензиялар, очерктер, арнау өлеңдер топтастырылған*) жарияланды. Әкем бір жылдары Сәкен Сейфуллин туралы жазылған мақалаларды үлкен папка етіп жинаған екен. Бір дүние жазу ойында болған шығар. Сондай-ақ аздаған аяқталмай қалған прозалық шығармалары және фельетондары бар.

– Еңбек жолын мектептегі ұстаздықтан бастаған ақын Төлеген Айбергенов әке ретінде қандай болды?

– Маған бұл сұраққа жауап беру өте қиын. Қазақтың салты ғой, әкемнің еншісіндегі қыз едім. Бірақ ол кісі менің төрт жасымда дүние салды да, әкемнің қамқорлығында болдым. Әкем мені қатты еркелетіп отыратын. Ол кісі мен үшін заңғар тау боп көрінетін. Біз Алматыға көшіп келгенде, қаланың жеті пайызы ғана қазақ еді. Ал басым бөлігі орыстар, сонан соң өзге ұлт өкілдері. Бала кезде далаға ойнауға шыққанда орыстың балалары Дәурен екеумізді мұрнымыздан бір ұрып, үйге қуып тығатын. Біз болсақ үйге жылап кіретінбіз. Неге екенін білмеймін, сол уақытта орыстың балалары қатыгездеу-тін. Сонда әкем табакқа (*біз леген дейміз*) кәмпит, пішінә салып, есіктің алдына шығып, орысшалап: «Балаларыммен бірге тату-тәтті ойнаңдар. Жылатпандар!» – деп қолындағысын таратып беретін. Әлгілер таласып-тармасып бәрін жеп алған соң, мұрнымыздан тағы да қойып-қойып қалады. Әкеміз дүние салғанда өң мен түс арасындағы бір түсініксіз жағдайға тап болдық. Сонда анам: «Әкелерің алыста қалды. Жақында пойызбен келеді», – деп алдарқататын. Біз Абай мен Байсейітов көшелерінің қиылысында тұратынбыз. Ол кездері Алатау поселкісі делінетін. Сәтбаев көшесіне жақындау орналасқанбыз. Қаланың кіреберісі

саналатын. Қазір ол жақ орталық. Сонда тұрғанымызда, аяулы әкеміз Қарақалпақстанға іссапармен барғанда бақилық болды. Өзің атап өткендей, ол кісі мектепте мұғалім болып бастады, мектеп директоры қызметін атқарды. Бірақ шығармашылықты бәрінен жоғары қойды.

– Сіз – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, әдебиеттанушы-ғалымсыз, айбергеновтанудың бастауында тұрған зерттеушісіз, айтулы ақынның жоқтаушысысыз, ұлағатты ұстазсыз. Осы ретте мынандай сұрақ қойсам, бұл өзіме де, өзгеге де қызық болады деп ойлаймын. Оған сізден артық жауап беретін адам аз шығар, сірә. Төлеген Айбергенов поэзиясының феномені неде? Мәселен, әдебиеттанушы Әділбек Өмірзақов 2018 жылы «Abai.kz» порталында жариялаған мақаласында «18 буынды өлеңді жазу тек Төлегеннің қолынан келуші еді...» деп жазған екен...

– Иә, дұрыс, бірақ ертеректе, бізге аға болған, қамқор болған, ұстаз болған филология ғылымдарының докторы, профессор, академик Зейнолла Қабдолов «Сөз өнері» атты еңбегінде: «Қазақ поэзиясына 18 буынды өлеңді әкелген Төлеген Айбергенов» деген сыңайдағы жан-жақты талдау жасаған. Бұл тәсілге қарсы шыққандар да болды.

Аруана жсаудың қолына түссе ботасын шайнап өлтіріп, Қаралы мойнын қайтадан артқа бұрмастай халге келтіріп. Жеріне тартып отырады екен моншақтап жасы боздаумен,

Омырауын шерге толтырып, – деп басталатын «Аруана – бауыр дүние» өлеңі көптің талқысына түсті. 18 буынды 9 буынға немесе 3, 4 буынға бөліп тастаса да болады деген пікірлер айтылды. Мен әдебиетші ретінде айтарым, егер 18 буынды солай бөліп жіберсе, онда ой желісі оқырманға үзіліп-

үзіліп жетер еді. Егер «аруана жаудың қолына түссе ботасын шайнап өлтіріп» дегенді толық оқысаңыз, көз алдыңызға сурет елестейді. Көркемдік дегеніміз, образ дегеніміз сол. Бұл – ақынның жаңалығы және шеберлігі. «Төлеген Айбергенов поэзиясының феномені неде?» деген сұраққа әкемнің қай өлеңін алсаңыз да сағынышқа барып тіреледі, себебі өзінің тұла бойы сол сағыныштан тұрды деп жауап берем.

*Сағынбай барсаң таулар да сенің
алдыңнан шықпас асқақтап,
Ойлауың мүмкін дүниені мынау
кеткен екен деп тас қаптап...
Үмітке толы, арманға толы
әр жерде бір түп қарағай,
Сағынбай жүрсе, қалуы
мүмкін жамырасуға да жарамай.
Биікте тұрған таулар да мынау
нұрына таңның боялған,
Сені мен менің ғасырлап күткен
сағынышымынан ояңған.
Балалар бізді сағынған, жаным,*

екен. Бұл ерекшелік поэзиясынан да мөлдіреп көрініп тұрады. Өлеңге адал болу – оңай шаруа емес. Сонан соң, досқа бай, ал сараңдыққа қаны қас кісі еді. Бір қылығы ұнамай қалса, екінші қайырылмайды екен. Үш әпкесі, екі анасы, бір әжесі болыпты. Өте ерке боп өскен. Тоқалдан туса да, бәйбіше бағып-қаққан. Әкеміз біреудің сөзін басынан асырмаған-ды. Үйдің шаруасына аса қырсыз, алайда өте таза жүретін, әсемдікке жаны құмар, кірпияз кісі болыпты. Анам: «Бір жаққа шығарда мен айнаға көп қарамаймын, ал әкең сәнденіп, үстібасын ретке келтіріп, соның алдынан шықпайтын», – деп айтып отырушы еді. Бұл жөнінде менің «Алтын қанжарым-да» жан-жақты айтылған-ды.

– Мен Алматы облысы, Кеген ауданы, Жалағаш ауылының тумасымын. Сонда, нағашы әжем Беделхан Нүсіпқо-жақызы немерелеріне газет-журнал қиындыларынан Абай,

өте күшті болды. Әр семестрде отыз-қырыққа дейін таласа-тармаса кітап оқитынбыз.

– Белгілі ақын Қуандық Шолақ Төлегенді көрдім деген еді. Сонда Қуандық ағамыз жиырмананың о жақ, бұ жағында екен (1941 жылы туған). Төлеген атамыз жөнінде ел аузындағы жылы естеліктердің бір-екеуімен бөлісе кетсеңіз.

– Әкем туралы жазылған мақала да, арнау өлең де, айтылған, хатқа түскен естелік те көп. Жоғарыда атап өтіп едім ғой, 4 томдығын шығардық деп. Соның ішінде біраз дүниені қамтыдық деген ойдамыз. 3-томында «Әке сені сағындым» деген естелік-монологымнан бастап, Әбділда Тәжібаев, Сақташ Қожабергенов, Сырбай Мәуленов, Зәкір Асабаев, Әзиза Нұрмаханова, Саттар Сейітқазин, Қадыр Мырза-Әлі, Сейфолла Оспан, Шаһарбану

ақын боп қалыптасуына әдебиетке, өлеңге деген махаббат, адалдық ықпал етті деп санаймын. «Мен сенің ақ төсіне шанқай түсте, Көлеңкем түспесін деп тік тұрамын» деп жырлайды автор. Төлеген Айбергенов – туған жеріне көлеңкесін түсіргісі келмеген ақын, арлы азамат. Әкем көзі тірісінде көп адаммен араласты. Мәселен, Зәкір Асабаев, Шәмші Қалдаяқов, Қуандық Шаңғытбаев, Жұмабай Тәшенов, Сағи Жиенбаев, Тоқаш Бердияров, Мұқағали Мақатаев, Сабырхан Асанов, Мұхтар Шаханов, Шәміл Әбілтай, т.б. Әкем Ғарифолла Құрманғалиевтің мақамымен ән салып, домбыра шертетін, күйді ерекше жақсы көретін. Үйден қонақ үзілмейтін, күй күмбірлеп, ән шырқалып, өлең оқылып жататын. Келген қонақ жер үстелге отыратын. Анам ас әзірлеп жатқанда: «Қазір мен осыны жейтін адам тауып әкелем...» – деп әкем далаға жүгіріп шығып кетеді екен. Көпшіл болып тұр ғой, сонда. Бірде анам, жолдасым, үшеуіміз Қарақалпақстаннан келе жатып, Сарыағаштан түсіп, кеденнен өттік. Алған бетіміз – Шымкент. Сөйтсек, автобус тоқтап қалыпты. Ал таксиге мінейік десек, 5 сом деді. Ол кезде бұл – әжептәуір ақша. Жолдасым екеуіміз 5 сомды төлеп, кете салғымыз-ақ келіп тұр. Ал анам: «Қойындар! Керегі жоқ. Ертең асықпай барамыз!» – деп біздің көңілімізге қарап тұр. «Сарыағашта кімнің үйіне барамыз? Мұнда туған-туыс та, таныс та көп», – деді анам. «Әкем туралы естелік айтатын үйге түсейік», – дедім мен. «Онда, әкенмен қатар істеген, қызметтес, бұғалтері болған кісінің үйіне барайық», – деді анам. Әлгі кісінің әйелі бізге көп естелік айтты. Соның бірі, бір күні әкем әдеттегідей үйге қонақ ертіп келеді. Үйде ет жоқ, жанағы апай көрші тұрады екен. Жүгіріп барып мұздатқышынан бір сүйекті әкеліп біздің қазанға салып жібереді, сөйтсе, ол сүйек жауырын екен, соны асыпты. Әкем анама: «Жауырынды жауға бер. Бұлар – менің достарым», – деп қоймайды екен. Ал көрші апай бізге осы әңгімені айтып: «Өз үйінде сол жауырын да жоқ еді», – деп күлдірді. Ол кісі көпшілдігі өз алдына, досқа адал адам еді.

– Төлеген – Екінші дүниежүзілік соғысты өз көзімен көрген ұрпақтың өкілі. 30 жылдық ғұмырында қазақ әдебиетіне қалтқысыз қызмет етті. «Қыстың қамын жазда ойла...» деген бар ғой, Алла аманшылығын берсе, 2027 жылы ақынның туғанына 90 жыл толады. Оған қандай жоспар бар? Тоқсан жылдық торқалы той үлкен деңгейде өтеді деген сенімдеміз...

– Соғыс басталғанда әкем небары төрт-ақ жаста екен ғой. Төлеген Айбергенов – соғыстың зардабын көрген ұрпақтың өкілі. Алла қаласа, өзіңіз айтқандай, 2027 жылы тоқсан жылдығы тойланады. Әзірге ешқандай жоспар жоқ, бірақ ой, идея бар. Мүшәйра ұйымдастырамыз ба, әлде Төлеген Айбергенов оқуларын өткіземіз бе, жоқ әлде жер-жерде әкемнің шығармаларын насихаттау жұмысына кірісеміз бе, ол жағын уақыт көрсетер.

– Сұхбаттасқаныңызға рақмет!

КӨЛЕҢКЕСІН ТҮСІРГІСІ КЕЛМЕГЕН АҚЫН»

*арманның аңсап биігін,
Әжелер бізді сағынған, жаным,
талдырып асқар иығын, –*
деп келетін «Сағыныш» (Мұхтар Шахановқа) атты өлеңінде терең мән бар. Себебі, ақынның пайымдауында «жақсы, таза адам ғана сағынады» деген идея жатқандай. Атажұртымыз – Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы (бұрынғы Табын ауданы. Руымыз – Табын Кіші жүз). Сонда ата-бабамыздың зираты жатыр. Олар сол бір қиын-қыстау заманда Қарақалпақстанға бет алған ғой. Сонда барған соң әкем дүние есігін ашқан. Өзбек болсын, қарақалпақ болсын түркі жұртынан ғой. Десек те әкеміз өз ортасын, өз үйірін, өз қазағын сағынды, іздеді. Қазақстанға жеткісі келді, аңсады, армандады. Ақынның «Туған жер», «Атамекен» деген өлеңдері сол сағыныштан туған. Қазақстанға келген соң «Кегейлі дәптерінен», «Арал жырлары» деген топтамалар туды. Бұл Қарақалпақстанға деген, елге деген сағыныш еді. Әкеміз «Туған жер» атты өлеңінде былай деп жырлайды:

*Қызарып мәңгі қалсын деп,
Қырыңнан гүл де үзбедім мен...
...Далаңның тербең өскені,
Қызғыштай шыр айналдым кеп.
Толқып бір көл де кешпедім,
Тұнығын лайлармын деп.
«Бағың боп естілермін де,
Сорың боп естілмеспін мен» –*

деп аяқтайды, туындысын. Төлеген Айбергенов – өзінің туған жерінің, елінің бағы болуды армандаған адам.

– Төлеген Айбергенов – классик, сыршыл, лирик. Оның көпшілік біле бермейтін қандай ерекшелігін айтар едіңіз?

– Халық ол жағынан хабардар ма, жоқ па, білмедім. Ол кісі бетің бар, жүзің бар деп қаймықпай айтатын өте шыншыл, бірбеткей, турашыл болған

Шәкәрім, Қасым, Мұқағали, Жүмекен, т.б. ақындардың өлеңдерін оқып беретін, жаттататын. Солардың ішінде айтөбелденіп Т.Айбергенов те болды. Бүгіндері әдебиетке жаңадан қадам басқан жас әдебиетшіге қандай ақыл-кеңес бересіз?

– Бұл сұраққа сіздің әжеңізден үлгі алсын дер ем. Балаларын, немерелерін әдебиетке, руханиятқа баулитын осындай адам көп болса, онда қоғамның ой-санасы да өзгерер еді. Себебі әдебиет адамзатты тек жақсылыққа, ізгілікке ғана тәрбиелейді. Анам төсек тартып жатып қалғанда, ол кісіге киоскіден күнде газет-журнал әкелем, өте көп оқитын. Тоқсаныншы жылдардың аяғы, екі мыңыншы жылдардың басында басылымдарды жаздыртып алу қиын, өйткені жетпей қалады. Анамның бір жақсы әдеті бар еді. Газет-журнал қиындыларын 3 топқа бөліп, реттеп салып қоятын. «Мына 3-топтағыларды оқымай-ақ қойсаң да болады. Бұл саған аса қажет емес. 2-топтағыларға көз қиығыңды бір сап өт. Ал 1-топтағыларды толық оқып шығуың керек», – деп отыратын. Анамның айтқанын екі етпей, танысып шығуға тырысатынмын. Жастарға айтарым, өте көп оқу керек. Өзіңе дейінгіні де, өз қатарыңды да, өзіңнен кейінгіні де білгенің жөн. Сонда ғана көп дүниені көкейге түйіп, сараптай аласың. Әдебиетші әркез даму, өсу үстінде болуы керек. Мен – жеті жылдан бері құрметті еңбек демалысындағы адаммын. Алайда кітаптан қол үзгемін жоқ. Оқылмай қалған кітаптарға ден қоямын я болмаса, бұрындары оқылғандарын қайта шолып шығамын. Көбіне, жас әдебиетшілер не жазып жүр екен деп қызыға қараймын, бүгінгі әдеби үрдісті білу үшін. Біздің кезімізде талап

Ибрагимова, Максұт Неталиев, Бекен Әбдіразақов, Тұтқабай Иманбеков, Дүйсенбек Қанатбаев, Сәкен Иманасов, Қалдыбек Сейданов, Мұхтар Шаханов, Рза Қунақова, Смағұл Елубай, Дәулет Исабеков, Жәніс Ізтілеуов, Ханбиді Есенқарақызы, Әзірбайжан Қонарбаев, Шаймерден Төлегенұлы, Мылтықбай Ермбетов, Батық Мәжітұлы, Құлтөлеу Мұқаш, т.б. естеліктері топтастырылған. Әкем өз өлеңін де, өзгенікің де жатқа оқитын болған екен. 1997 жылы алпыс жылдығына орай, Қалбай Әбілов деген ағам екеуіміз «Біргемін мен сендермен» деген жинақ шығарғанбыз. Ал жетпіс жылдығы кезінде, яғни 2007 жылы «Жан еді өлең үшін дара туған» деген тағы бір кітапты басып шығардым. Содан кейін «Тоғысқан тағдырлар» атты мемуарлық сипаттағы кітабым жарияланды. Зерттеп, зерделеп, әкем шығармашылығына сын жазғандарды тізіп шығу мүмкін емес әрі ыңғайсыз, сондықтан бірнешеуін атап өтсем. Бұлардың қатарында Әбіш Кекілбаев, Ибраим Юсупов, Оразбек Сәрсенбаев, Тынышбай Рахимов, Бақыт Сарбалаұлы, Қали Сәрсенбай, Өтеген Оралбаев, Рахмет Аяпбергенов, Әмірхан Балқыбек, Талғат Ешенұлы, т.б. бар. Ал арнаулар әкемнің өз өлеңдерінен бес-алты есе көп десем, шындыққа жанасар.

– Төлегендей ақын ұмытылмайды. Оның поэзиясы жанды жадыратып, көңілге сәуле түсіреді, небір тылсымға жетелейді. Ақынның қалыптасуына қандай факторлар әсер етті деп ойлайсыз? Ол кісі көзі тірісінде кімдермен араласты?

– Бұл сауалға жауап беру өте қиын. Өйткені ақынға мына дүние әсер етті деп айта салу біржақты боп қалады. Ақын – Алланың, табиғаттың сыйы. Ақындық – ерекше қасиет, дарын. Ақынның



ИРАН-ҒАЙЫП

ӘЛ-ХИССА

Жазымшты –
Қуния,
Жұмбақ –
Өлеңдерге,
Зер-Салсаңыз –
Құл-Сайлы:
Жарық Күннің Бергі Беті –
Әйелдерге,
Арғы Беті –
Еркектерге ұқсайды...

ӘЙЕЛДІҢ ЖАСЫ –
«ОН СЕГІЗ»

Алкалы топқа енсеңіз,
Ақын жырына сенсеңіз –
Әйелдің жасын сұрама:
Әйелдің жасы – «ОН СЕГІЗ».

Жүрмейін десең өкпелі,
Қалмайын десең шеткері:
Сұрама жасын әйелдің –
Адамзаттың мәңгі көктемі.
Сәл жасып мойын бұра ма,
Алжасып, айнып тұра ма,
Келіншек пе, күйлі кемпір ме,
Әйелдің жасын сұрама.

Толық па, шидей арық па,
Молық па, мешуе ғаріп па,
«Жасың нешеде?» дей көрме –
Әйел дейтұғын халыққа.

Қыз ба, әлде, сарықарын ба,
Мұз ба, әлде, от па, жалын ба,
Кім болсын, мейлі, құлдық ұр –
Құлдық ұрғандай хансыз ханымға.

Қуатын болса ойында,
Құдіретін болса бойында,
Әйелдің жасын сұрама –
Жасыл әлемін мойында...

Аш нәпсінді тыйып, жеңсеңіз,
Түспесін десең еңсеңіз –
Сұрама жасын әйелдің:
Әйелдің жасы – «ОН СЕГІЗ».

ЕҢ – АЛҒАШҚЫ...

Сен десе,
Жүрегімнің –
Күйі бөтен,
Өзіммен,
Арналымды –
Биік етем:
Мейлін,
Кір,
Мейлің,
Кірме –
Құшағыма,
Мен –
Сені,
Мәңгілікке –
Сүйіп өтем...

ШАШЫН ӨРГЕН ҚЫЗ

Көленкең бе, жоқ әлде, елесің бе?..
Кетіп қала бересің келесің де –
Екі Бірдей Дүние қызығы бар,
Жеті Жастық жалыны денесінде,
Шашын өрген қыз!

Күлемісін, жоқ, әлде, жылаймысың,
Көктен түскен қорынып Құдаймысың? –
Елтіп, естен шығардым сенен басқа
Жердегі
Әйел біткеннің былайғысын,
Шашын өрген қыз!..

СӘЛЕМ, СЫР...

Сәлем, Сыр! –
Жалғыз түнгі ояу! –
Сырмінез сазды шолпылым!..
...Ойымда – сол қыз ыңғай-ау,
Бойымда – бұйра толқынын.

Кезеңім болдың,
Құмартып,
Әй-шәйға кеткен қаратпай –
Көзімнің алды мұнартып,
Көмескі тартып баратты Ай...

Жастығын –
Туын құлатпай,
Қызығыңды қорғап,
Күзетіп,
Сезім боп,
Сынған сынаптай,
Төгіліп түскем дыз етіп.

Шошына көрме жат санап,
Еріткен алғаш өзіңсің –
Каникул кезі...
Жоқ сабақ...
Он алтыдағы кезімсің...

Рахман нұрына малшынып,
Рахатқа шомылам мен енді –
Жұлынған жусан алшынып,
Құм кешсін батқан денемді!..

ЖЫЛАМА, ҚАЛҚАМ

Жылама, қалқам!
Жанарыңды құрғат жыламай,
Жұбатайын сені жыр оқып әр сәт бұлағай.
Аспанда сұрқай сұрапыл ұрыс басталып,
Жасыны түссе –
Тұрар ма терек құламай?!

Қоркіне,
Сая – көленкесіне зар қылып,
Құлады терек...
Құламас кім бар мәңгілік?!
Ащысы менен тұщысы қабат тірлігің –
Жартасқа сокқан жаңғырық!

Таланың тартқан бақ пенен сорды тел еміп,
Тіріміз... тәубе!
Тәуекел етіп көрелік?!
Жылағаныңмен онсыз да у-шу дүние,
Жылағаныңмен онсыз да су-су дүние,
Айтпайды әділ төрелік!

Ажалың – ғайып,
Дидарың – ғайып,
Дәм – ғайып,
Ғайыптың ісі – артпайық алға таңға айып.
Қасіретіңнің кермек
тамшысыменен тұтанған,
Махаббатымыз – ғайып,
Майып қып соны алмайық!

Құлады терек!
Құлаймыз...
Бәрі құлайды! –
Құлайды екем деп тірліктен безбе былайғы?!
Жылама, қалқам!
Жылғалы өмір-өзені
Ғайыптан басын құрайды!

...Жылама, қалқам!
Біздерді құлатқаны үшін –
Тағдырдың өзі жылайды!..

МӘҢГІ ЖҰМБАҚ

Мәңгі жұмбақ –
Қалай күйіп...
Сүйінемін –
Аталғанда
Таныс жанның есімі.
Меніменен жабылмайды –
Дүниенің –
Меніменен ашылмаған есігі!

Кімді көрдім,
Нені сездім...
Не білдім –
Тауыса айта алман –
Қанша жүрек жаралы?!
Меніменен жабылмайды –
Өмірдің –
Меніменен ашылмаған парағы!

Мейлі, енді, сұлу бақта күтпесін,
Мейлі, соңғы сағат соқсын оянбас –
Махаббаттың қоя алмадым нүктесін,
Махаббат та маған нүкте қоя алмас!..

АЛЕНУШКА

Суретші В. Васнецовтың еңбегіне

Жаға бей-жай...
Күз жасауы шашылып,
Бойтұмарын кеудесіне жасырып,

Жирен шашты жалаң аяқ жалғыздық
Тас үстінде отыр мұңға асылып.

Сұлулықпен тыныштыққа елтіп бір,
Жомарт дүние жарылардай дертіп тұр.
Жалшы қызға жұмақтан да жайлырақ,
Васнецов тауып берген иен түкпір.

Күн батуға таянған шақ –
Екінді,
Қол мен тізе сүйейді аяй бетінді.
Бакыт сусып жыртығынан көйлектің,
Су түбіне сүңгіп кеткен секілді.

Айна-айдында ұйыды үнсіз көленкең,
Көленкеңе тығылады кең өлке.
Тағдырыңнан бүгін мұқап, бүгілсең,
Қандай күйде болмақшысың сен ертен?!

Аленушка,
Ойлануға мұрша бар,

Қалай қиып қайғы қалың тұмшалар?!
Әлдекімнен қалған ауыр көңіліңді,
Сынбай әзер көтеріп тұр шыршалар.

Аспан асты...
Шағын ғана баспана...
Ожар мырза көріп қойса?..
Маскара!
Безген бакыт тереңінде тұншықсын –
Келмей қойды кездесуге дос бала!..

Сыздан бетер сұсты сұрғылт тас-еден,
Қашып үйге бармай қойдың кешеден?!
Сағынышыңдай сарғаяды жапырақ,
Үмітіндей сейіледі жас емен.

Зауығың жоқ сырласуға, жырға да,
Сабыр тілеп сарыласың құр нала.
Санандағы қалғыған сал-сезімді,
Әлсін-әлі түртіп сергек тұр қоға.

Өзге сезбес сырқатың бар,
Қарның аш,
Өгей шешен өксітті ме, зарлы жас?!
Жылы жаққа тастап ұшып кетуге,
Қимай алаң ұялас топ қарлығаш...

МЕНІҢ КҮНІМ

Табиғаттың заңына бағынамын:
Сүйем,
Күйем,
Сарғаям,
Сағынамын –
Әркімнің бір Күні бар кеудесінде,
Мен өзімнің Күніме табынамын!..

Менің Күнім бөлек Күн –
Нұры бөлек,
Жібітеді жанымды күліп ерек.
Жазбай танып аламын арасынан,
Өзге Күннің оянса мыңы кенет.

Менің Күнім жұмбақ Күн,
Жасырын Күн –
Сақтаған асылындай ғасырымның.
Күнімді көрісімен болғам ғашық –
Жарығымен
жасанғам ғашығымның.

Менің Күнім ғажап Күн,
Ғаламат Күн –
Сәулесіне санамды саралаттым.
Алғаш кезіккеннен-ақ бойым балқып,
Мәңгі өшпестей өртеніп бара жаттым.

Менің Күнім титтей Күн көзін ашқан,
Үлгермеген қуатын сезіп Аспан!..

НАР-ТӘУЕКЕЛ

Нар-тәуекел!
Тербет, күнім, самал боп,
Тербелмеуге,
Тербетпеуге амал жоқ –

Тұра алмады орда бұзған отызға,
Ерке жиырма алынбайтын қамал боп.

Күйдір,
Жандыр,
Естен тандыр,
Еліктір,
Жаным,
Тәнім егіліп тұр,
Еріп тұр.
Жерде де емес,
Көкте де емес,
Кеудемде
Күмбір-күмбір күй төгеді желік бір.

Күлдір,
Күрсінт,
Қуант,
Жұбант,
Енірет,
Уға,

ӘЙЕЛ, ӘЙЕЛ

Шуға,
Дуға толсын төңірек.
Аспан жылап,
Жұлдыз құлап,
Адассын
Ай астында алтын бұзау мөңіреп!..

НЕГР – ТҮННІҢ БАЛАСЫ

Көзге түртсе көргісіз қап-қарамын,
Қап-қара болмауыма жоқ та амалым.
Қойынымда тұн жатыр, ол да – қара,
Қап-қара ғана менің ақтамағым...
Қара түн – қара сандық,
Құлпын ашып,
Қара маржан табардай ақтарамын!..

Жалықпаймын мен оған құмартудан,
Кінә артудан аулақпын,
Мұң артудан!
Дүниеге келеді...
Келер НЕГР –
Түннің аппақ махаббатынан туған!

ДОМАЛАНҒАН МАХАББАТ

...Махаббаттың, маскара,
Мазмұны дөп-дөңгелек –
Сен құштарсың басқаға,
Маған жалғыз сен керек?!

Махаббатта жоқ рахат,
Ұғымы – доп-домалақ –
Домаланған махаббат
Допқа айналса – обал-ақ! –

Ол қуады жек көрсе,
Сен қуасың тепкенше,
Мен қуамын жеткенше –
Қуамыз да жүреміз,
Желі шығып кеткенше...

СЕНСІЗ КҮНДЕР

Сенсіз күндер өтуде сұры қашқан,
Жоктайтындай көктемін ұлып аспан.
Жел жұлқыған теректің уіліне,
Қыстан аман тырнаның үні ұласқан.

Мен – жалғыз,
Тырна – жалқы,
Терек – сынар –
Жалғыздың жабығуы керек шығар?!
Жалқының суалуы керек шығар?!
Сынардың қуаруы керек шығар?! –
Ыңғай ғаріп жабылып көмек сұрар –
Шын інкәрін сағынса ақша бұлт,
Көк әйнегі күлдіреп кенет сынар!

Қас-қағым сәт мас қылған, тас та қылған,
Бір ғаламат күтемін қас-қағымнан.
Жер жүрегін жібітші жылуыңмен,
Ақша бұлт, егілші аспанымнан?!

Жел-құздайын жүдетпей теріс ұғынып,
Зарық-көңіл күйіне енші, бұлт –
Күдік басын босатып, күйкі ойлардан,
Көтерсінші еңсесін кемшін үміт?!

Жаһұт болып төгілші, сағынышым,
Тынышы кеткен тірліктің бағымысың?
Төгіп-төгіп жіберші көз жасыңды,
Сұлу сезім сырғасын тағуы үшін!..

БЕЙ-ТАНЫСҚА

Күлгін тартқан қанық жасыл ләтгесі,
Жарқын жазым – қыз-көктемнің әпкесі,
Карта ашылса мен – қарғаның валеті,
Сұнғақ, сұлу сен – шыбынның мәткесі.
Ғафу еткін ғапыл кетсем сәл бөсіп,
Жүріс – сенен. Жерге түссең – хәл нешік?!
Аздап ойлан – тегі көзір қиықтың,
Қор болмайын дамқасымен шендесіп!..

...Жан-жүрегім жыр оқырдай сұранып,
Алаң көңілім әлденеге тұр ауып:
Ех, дүние-ай,
Мәскеуде емес,
Мәткемен
Медеу-сайда серуен құрса бірауық!

ҚАРАҚУ

Сахарасын сағынған жас көңілге
Кейде тарлық қылады Мәскеуің де...

Сынар сүйрелеп,
Қайыстырар қайғы салдындар.
Көк шыбын көзге үймелеп,
Ішқұста болдым,
Болдым дал.

Саған да жылы карағым,
Оған да жылы карағым
Келеді...
Екі от шарпыса –
Бакадай мұздап барамын.

Екі бақ әсте тілемен,
Бір өмірге де ырзамын.
Егіз махаббатқа түлеген
Еге бола алмай жүр жаным.

Жасырған жаттан нұр-өңін
Сезім де,
Сый да баршылық...

Әлеми –
«Тағдыр –
Талқымсың!!!»

ӨМІР ДЕГЕН...

Өң мен Түстің арасы өмір деген,
Бүгінде ауыр кешегі жеңіл денем.
Аласталған үйірден саяқтайын,
Сау жерім жоқ тістеліп, тебілмеген.

Таң атса тек болғаны кеш батады,
Ауру тістей жұтады дос қатары.
Үлкен үрей шақырып,
Кіші – уайым,
Жүйке тозып,
Ми шаршап,
Бас катады.

Өтердейін күнім мен түнім есіл,
Аға жекіп дейтіндей:
«Үнін өшір!..»
Кейде омалып отырам от басында,
Ақтарылып айта алмай ініге сыр.

Бұрынғыдан қарайды жар да катал,
Жай оғындай жасын сөз жанға батар.
Бірақ, мұқап алақан жайғаным жоқ,
Жоқ күйімді қоямын Барға қатар.

Өткеніме өкпем жоқ түк те менің,
Болашаққа аманат жүкте, өлеңім.
Ала жаздай бұйдасыз бос жіберген,
Өркешіндей үлектің тіктелемін...

КҮРСІНЕМІН...

Тағдыр уын іштірген,
Зіл боп басқан үстімнен,
Еңсемді езген күні-түн –
Тастың тәнін құштым мен.

Алдауымен күйдірген,
Арбауымен идірген,
Іші – тірі,
Сырты – өлі –
Жылан жанын сүйдім мен.

Күрсінемін, күлемін,
Жүйкеледім, жүдедім.
Күзетеді демімді
Кірпік ілмей жүрегім..

СҮЙМЕЙ ЖАТЫП...

Біліп тұрып сұраған,
Күліп тұрып жылаған –
Тастай батып түбіме
Жететіндей – бұл Адам.

Сүймей жатып сезінген,
Күймей жатып безінген –
Қарайтындай дүниеге
Менің көңіл-көзіммен.

Жалпыланып, сұқтанбай,
Жалқыланып, жұптанбай
Опасыз бұ жалғанның
Шолақтығын ұққандай...

...Ойдан опық жегесін,
Іздердей бас егесін –
Тергеп ғайып-Ақынның
Тегі Құдай емесін!..

АДЫГЕЙ АРУЫНА

Дертімді ішкі ұқпасыңды – білемін,
Білемін де өзіме-өзім күлемін.
Күле-күле мешкей көңілім құлазып,
Жоғын іздеп жылайды үнсіз жүрегім.

Жылайды ұзақ...
Мейлі, жүдеп жыласын,
Безбенге сап күнәсі мен кінәсін.
Тандыры кеуіп,
Тартылсын да тамыры,
Тәңірінің рахымын сұрасын!..

Рахымыңды жылап сұрап соңғы рет,
Табынғанда –
Сен міз бақпа Тәңірі боп.
Жазған байғұс жылай берсін,
Жұбатпа,
Тамсын жасы таңғы шықтай мөлдіреп...

Жылай берсін...
Саған артпас наласын,
Жазмышымен таба алмады жарасым.
Жылау үшін жаратылған жүректі,
Жұбатқанмен өзің жылап қаласың!
Жылай берсін...

ҚАЗАН КЕРУЕН САРАЙЫ

Қазан керуен сарайы...
Екінді шақ...
Күрк-күрк етіп күзгі аспан жекінді сәт.
Телмірдім терезесінен тар купенің,
Тылға аттанған бейтағдыр жетімге ұсап.

Бұдан әрі білмеймін не боларын,
Телмірдім... телмірмеске жоқ амалым.
Үніңді естіртпеді нөпір халық,
Ың да шын құжыңдай боп араның.

Мен енді оралмаспын... оралармын,
Кіре тартып, құм кешер кара нармын...
Бетінді жуған жасты тұрдың сүртіп,
Ұшымен нарғтай қанық орамалдың.

От құшақтан айыру – мұратындай,
Уақыт – поезд жылжыды тұра тұрмай –
Орамалың желбіреп қала берді,
Ұлы ибаның қып-қызыл ұятындай...

АРЗА

Бұл күнде
Сен де салқын,
Мен де салқын,
Салқындық сыз ұрады өнге жалқын.
Қап-кара көмір шықты
Жұрт көзінен
Жасырып кеудемізге көмген алтын.

Аңсаған арман алыс қашқақтады:
Алтын – тас,
Көмір де – тас...
Тас боп бәрі,
Шығардай тас-талқаны сәл қымс етсе –
Безеріп,
Бедірейіп қас қақпады.

Тас бәрі,
Тарпан бәрі,
Тағы бәрі,
Тап қылса тас көңіл де қағынады:
Сен де – тас,
Мен де – таспын,
Тас пен тасты –
Шақтырып,
От шығарсақ не қылады!?

«ЕРКЕККЕ ТӘН ЕРЕЖЕ»

«Сеніміне» –
Енгенше,
Қақтап –
Әйел,
«Қан-Селін»:
«Уақыты» –
Келгенше
Еркек-Байғұс –
«Әншейін»...

...Жету –
Үшін,
«Межеге»:
Ер –
Соңынан,
Ере –
Бер?!

«Еркекке тән Ереже»:
Әйел, Әйел және Әйел...


P.S.:

Шыңда –
Өсіп,
«Гөй-Шынардың» –
Иілмеген:
Көресің –
«Ғайып-Ерен»,
Күйің –
Менен!
Өлеңде:
Бәлкім,
«Өбек» –
Өлерменмін?!
Өмірде:
Періштемін,
«Сүйілмеген»...



ЖӘНЕ ӘЙЕЛ...

(ЖЫЛДАР БОЙҒЫ ЖАЗЫЛҒАН ЖЫРЛАРДАН)



Екі махаббатқа бір өмір
Етеді неге таршылық!

Барасың, арман, қайда алып?! –
Махаббат біткен бір құшақ
Тірі букетке айналып,
Тұрса-шы ғажап гүлге ұсап!..

БҮГІНІ ТҮННІҢ ҰЗАРЫП

Жалауы күннің жығылып,
Ертеңім қамын жасайды –
Ұйқының көзі жұмылып,
Төзімнің белі босайды.

Бүгінгі түннің ұзарып,
Атарын таңның ұмытады –
Ұяттың беті қызарып,
Намыстың бөзін жыртады.

О, ТОБА

Жәннаттанып,
«Жаратылыс» –
Ісімен:
Таптым –
Сені,
«Миллиондар» –
Ішінен!
Менің –
Үшін,
Орыс-Тілің –
«Қосын-Тіл»:
Түйсінемін...
«Жан-Дүниенді!» –
Түсінем?!

Шындыққа –
Мәрт,
Жалғандыққа –
Нә-Мәртсің:
Таңға –
Талмас,
Түнге –
Біткен,
Қанатсың!
Тілің –
Тәтті,
Ділің –
Рәтті,
Әрине...
Уай,
Не –
Деген,
Неткен –
«Жүміле-Жанатсың!»

Арка-Жарка,
Жаз-Күніндей,
Жарқынсың:
Өленденген,
«Көлемденген» –
Қалпымың!
Құшағың –
От,
Қойының –
Өрт...
...О,
ТОБА:
Әйел –
Емес,

Қарақу – қап-кара құс қатар аққан,
Бейсабыр эскалаторда пәстенуде.

Қай мекенге бет алдың, кара құсым,
Табиғаты, тумысы дара құсым?!
Маған ұқсап сабағын тастап қашқан,
Жер астына жерік боп барамысың!

Баладайың алаңмын ес білмеген,
Тілдесуге зауқың жоқ ешкімменен.
Тым асығыс түрінде торығу бар,
Кезігуге кешіккен Пушкинменен...

Сұғын қадар сырт көзге жаралысың,
Талмасыншы қанатың, кара құсым –
Жүрегімде келеді жырын оқып
Сен іздеген – іңкәрің, дана кісің!..

ТЕҢІЗ ҚЫЗЫНА

Жал-жал толқын – жалын орап төсіңе,
Теңіз түссе, сен түссесің есіме.
Толқын іздеп, теңіз іздеп, кім білген,
Ғазиз жүрек өкпелі ме иесіне?! –
Қыр арқанды күнге қақтап, жағаға
Мен барғанда бара қалдың несіне!

Теңіз – терең, теңіздейміз – теренбіз.
Түпсізбіз біз. Түк естімес керенбіз.
Шомылам ба шарасында көзіңнің,
Сағыныштан сары уайым жеген қыз –
Тебіренген теңізі мен өзінің
Жоқ маржанын «сүңгіп, тапшы» деген қыз?!

Теңіз десем – сен дейтіндей көрінем,
Зар илеймін – шөл-тірліктен жерінем.
Жағалауға жағып үміт шырағын,
Тіл қатсаң-шы терендердің елінен.
Тылсым түрде теңізің де, өзің де
Жүрегімнің орын алдың төрінен...

**ҚАСІРЕТКЕ БЕРГІСІЗ
ҚАЛЖЫҢ**

Саған да қояр кінәм жоқ,
Оған да қояр жоқ кінәм.
Тірлігім алғы күмән боп,
Ес кетті сойқан соққыдан.
Екеулеп,



Мира ШҮЙІНШӘЛИЕВА

— Қыздар, мен Есенинді таптым! Есенинді!

— Кімді?...

— Ойбай-ау, кім болушы еді?! Орыс халқының ұлы ақыны Сергей Есенинді! Басқа Есенин бар ма, еді? — деп Ақтоты өзіне тосырмай қараған құрбыларына өкпелей ұн қатты.

— Жоқ кісіні қайдан таптың? Басына кикым кіргеннен сауымысың, кит етсе, Сергей, Сергей деп...

— Сендерге не болды, сөзімнен үркіп? «Ақынның өзі өлсе де, аты өлмейді. Ғалымның хаты өлмейді». О, несі? Мен тұрмақ, ақиық ақын Мұқағали да: «Әй, Сергей! Сергей, Сергей! Сергей! Сергей! Түстім-ау, сергелденге менде сендей. Аулаққа, тым аулаққа кеттім білем. Жаны ашып, ақыл берген елге сенбей» деген жоқ па? Демек, Мұқағали да Сергейді қатты сыйлаған. Өлеңін де, өзін де жоғары бағалаған. Менде Мұқағали секілді Сергейді жақсы көремін!

— Астафыралла, есің дұрыс па, ауыс па? Әй, бұған біреу Есенинмен дуа салған шығар? — деді қыздар Ақтотыға ілкіде сеніңкіремей.

Бөлменің ішін жаңғырықтай жаңғыртқан Ақтоты кеудесіне басқан портретке қарап: «Қандай әдемі, ә! Жігіттің сұлтаны емес пе? Көздері мөлдіреп тұр ғой, мөлдіреп! Лирикалық өлеңдері қандай ғажап! Өзі неткен ғаламат?» — деп бөлме ішінде көбелектей қалықтай берді.

— Өй, пәле-ай! Бүйтпесең, Ақтоты болармысың? Өткенде облыстық газетке шыққан өлеңіңнен аңғарып ек жүрегіңнің түбінде бір құпия жатқанын! Сонда: «Келбетіңді бір көруге асықпын. Саған мәңгі, саған ғана ғашықпын» деп келетін жыр жолдарын осы Есенинге арнап жаздың ба? — деп сықылықтады бәрі.

— Иә, әрине. Мұндай ақынға ғашық болсам айып па? Қазір портретті анау төрге, кереуетімнің тұсына іліп қоямын. Сосын жан сырымды ақынға ақтарамын...

— Әй, Ақтоты-ай, өзінмен бірге жүрген қандай қызық? Іш пыспайды, — деді Айсұлу.

— Айтпақшы, комендант қабырғаға шеге қакызбайды. Біліп қойса, жатақханадан шығарады! — деп алдын ала ескертті Шәмшия.

— Шығармайды! Қазір мұны Наталья Ивановна көрсе, Сергеймен қайта қауышқандай жылап жібереді. Олар Есениннің рухына табынады! Ақ дидарын сағынады! Өлеңін сүйіп тыңдайды! Сондықтан комендант та, вахтер де рұқсат береді, — деп шорт кесті Ақтоты.

— Өзі кітаптың мұқабасындай шапшағын, жып-жылтыр екен. Дизайні де күшті! Қайдан таптың? — деп тамсанды Әлфия.

— «Жолы болар жігіттің жеңгесі шығар алдынан» демекші, көшеде кетіп бара жатып Карев үйінің тұсындағы кітап дүкеніне кіріп едім, «Орыс клас-

сиктерінің шығармалары» деп жазылған сөреде бір өзі тұр! Бірден көзіме оттай басылды! Көңілімнен көктем гүлі шашылды! — деді Ақтоты шалт сезіммен.

— Апырмай, ә? Есенин, Есенин деп аузыңнан тастамаушы ең. Ақыры портретін сатып алдым де, — деп таңғалды Әлфия.

— Қарандаршы, өзі сөмкеме де сыяды. Бірге алып жүруге болады. Тек, орыс факультетінің қыз-жігіттері қызығып, мен жоқта ұрлап кетпесін?! Былтыр Мұқағалидың «Өмір-өзен» деген жыр жинағын бір жылпос оқуға алып, жоғалтып тынды. Фото мен кітап ұрлағанды жынымнан жек көрем! — деп Ақтоты аузын бұртитты.

— Уайымдама. Олар Пушкинді, Лермонтовты, Гогольді, Есенинді, Тургеневті, Маяковскийді күнде оқиды. Тіпті түстеріне кіретін шығар, — деп әзілдеді Айсұлу.

— Осы сен, былтыр облыстық телевидениеге бара жатып, дәл сол тұстағы орыстың зиратын армансыз аралап едің ғой. Сонда бір жігіттің құлпытасын Есенин деп бізбен қызыл кеңірдек болғанын. Есениннің сүйегі Мәскеудің Ваганьков зиратында жатқанын білмейтіндей, — деп Шәмшия кекесін кейіппен мырс етті.

— А, иә, иә. Дұрыс айтасың. Сол күні Ақтотының кесірінен куратордан онбай ұрыс естідік. Журналистер де бізді көп күтіпті, — деді Айсұлу қымсынып.

— Соны айтам... Жетіп барғанда «Ақынның» — Виталий болып шықты ғой, жарықтық! Марқұмның шашын шекесінен екіге айырғаны, дөңгеленген әдемі көздері, жүзінің жылылығы, бәрі-бәрі Сергей Александровичтің сырт келбетін қаптап қойғандай еді. Сол Виталийдің де өмірі тым қысқа қиылыпты. Неден қайтыс болғанын кім білсін? Жатқан жері жарық болсын, — деп күрсінген Ақтоты ойын әрмен қарай жалғады. — Әлі есімде. Алғаш рет біздің ауылға қаладан Зүмрат деген мұғалім келді. Орыс тілінен сабақ берді. Бір күні Сергей Есениннің өмірімен таныстырды. Жас ақынды Петербург құшақ жайып қарсы алмағанын, оның көрінген бұтаққа сүйеніп тұрып аяқ астынан өлең шығаратын қасиетін, алдына қамшы салдырмайтын талантын, таудай дарын иесін мәскеуліктер саябақта тып-тыныш тыңдайтынын, жиналған жұрттың аузын аштырып частушка айтатынын әңгімелеп берді. Ең алғаш баспадан шыққан «Радуница» деген кітабынан:

*«Жапыраққа жаудай тиіп күз лебі,
Жас қайынның әні үзілді, сәні ұшты.
Тырау-тырау тырналардың тізбегі
Алқа түзіп, бетке алысты алысты.
Жыладың не, қуандың не, күлдің не,
Бәрі өткіңші!»*

Немесе

«Сөкпе мені дәл солай!

Тіліме ылғи бал тұнбас.

Жадау тартып жансарай,

Ауырлады алтын бас», —

деп Зүлмат апай жібектей жұмсақ үнімен Есениннің өлеңдерін оқыған сайын мектептің ауласындағы жасыл бақтар баяу тербелді. Табиғат пен ақынның үндестігін сонда сездім. Сол кезден бастап Есениннің кітаптарын сатып алдым. Орысшаға шорқақтау болсам да лирикалық жырларын сүйіп тыңдадым. Мұң мен құсалыққа толы тағдырына алаңдадым, — деп мұңайған Ақтоты көңіл күйдің әсерімен коменданттан шеге мен балға сұрауға кетті.

— Осының шығармайтыны жоқ! Қылықтары да қызық. Қазақ филологиясында оқып жүріп «Сергейшілің!»

Осы ісі дұрыс па? Әлде, көз бояушылық па? Бізге дәріс оқитын Ира Олеговнаға жағынған түрі ме? — деп Шәмшия тағы да өзіне бәсеке санайтын Ақтотыны сыртынан сыбап салды.

— Қой, оның арам ойы жоқ. Бар болмысы сол. Әу бастан өзі ақынжанды. «Жерден жеті қоян тапқандай» қуанып жүргенде өкпелетіп алмайық, — деп басу айтты Әлфия мен Айсұлу.

Сонымен, қабырғаның жоғары тұсына жаңағы портрет күлімдеп тұра қалды. Күндіз терезеден төгілген Күннің нұрымен, кеште төбедегі әйнек шамның сәулесімен ақынның жарқын бейнесі жылтырады. Ал түнде Ай-

Арада қырық жылдай уақыт өтті. Бір күні әсем қала Алматыға жолы түскен Ақтотыны іштей не түлен түрткенін кім білсін, «Есенин» жайлы әңгіменің ұшын шығарып, басынан өткен оқиғаны бүге-шүгесіне дейін досы Әуеске сақ еткізіп айта салды. Мейрамхана ішінде сілтідей тыныштық орнады. Тапсырыспен тамақ әкелген даяшы да екеуінің

Есенин

(ӘҢГІМЕ)

дың жарығымен жұлдыздай жымындады. Осынау көрініске тамсанған Ақтоты шалқар шабыттың акбоз атын ерттеп, «Ғашық жүрек. Асық жүрек. Ғашықтық сырын қайдан ұқсын, ғашық болып көрмеген пасық жүрек» деп алғаш рет аудандық газетке шыққан махаббат жайлы өлеңдерін достарына жиі-жиі оқитын болды. Ал институттың №2 жатақханасының 405-бөлмесіне кейде нан, май, шекер сұрап кіріп-шығатын студенттер «Әу, Есенин неғып тұр, мұнда? Қазақтың қаламгері құрып қалды ма?» деп төрдегі қабырғаға тіксіне қарайды. Мұндайда ешкіммен сөз таластырып әуре болмайды Ақтоты. Көзінің бір қиығын портретке салып қойып, қайықпен өзен-көлді кезгендей тұңғыық ой түбіне батады. Жанына жалау еткен ақынға іштей тіл қатады. Осылайша, жүйрік уақыт жылдарды жетектеп, алға жылжи берді. Студенттік өмірдің төртінші көктемі де бүршік жарды. Бір күні күтпеген тұстан: «Қыздар, мен Есениннен аумаптың бір жігітпен таныстым! Қалың шашын қак айырған, көп-көркем! Көздері мөп-мөлдір! Тура, Сергейді көр де, соны көр! Аты — Ғазиз», — деп Ақтоты сырттан бөлмеге дауыстап кірді.

— Не дейсің? Рас па? Мына Сергейді қайтесің? Мұны қалай қиып кетесің? — деп әзілдеді бәрі.

— Оны тастамаймын! Өзіммен бірге алып кетемін. Тап осындай қиялымдағы жігітті Құдай маған өзі жолықтырды. Біз жақында қосыламыз. «Комсомольский» той жасаймыз, — деді Ақтоты тағы да енгігіп.

Айтқандай-ақ, өзге ошақтың отын жағуға асыққан Ақтотының Күні алдынан, Айы сонынан туды. Сәуірде құда түсіртіп, мамырда ұзатылып тынды. Студенттік жылдар бойы Есенин деп «есін жоғалтқан» Ақтоты енді Ғазизбен қол ұстасып, ақ босаға аттады. Үйілген



ойын бұзбады.

«Мейлі сен, мейлі сенбе, I-курсты енді бастай бергенде

Ақан ағай өлең оқыту үшін телевидениеге алып барып, кенет, менің көзім ғимараттың дәл тұсында тұрған бейітті байқап қалып, еріксіз араладым. Бір орыс жігіттің мазарын ақын Сергей Есенинмен шатыстырдым. Содан бір күні Есениннің портретін тауып алып, бөлмеме іліп қойдым. Адам баласы неліктен жас кезінде тым қиялшыл болады екен, ә?!» — деп сайрай берді Ақтоты.

— Апырмай, рас айтасың ба? — деп күмілжіген Әуес оның жүзіне ойлана қарады.

— Әрине. Студент шағыма курстастарым куә ғой. Қазір көбісі ауылдан қалаға көшіп келді, — деді ол ойын ірікпей.

— Ех, Ақтоты! Ақтоты! Өзің екен ғой бәрін бүлдірген! Өзің! — деп зекіп сөйледі Әуес ашуға булығып.

— Не? Маған не дейсің? Мен не істеп

қойыптын? – деді түкке түсінбеген Ақтоты аң-таң болып.

«Өмірің өз қолыңда» деген Қадыр ағаның өлеңін білесің бе? Сол айтпақшы, сенің тағдырың да өз қолыңда еді ғой. Демек, сен өз жолыңды өзің кестің! Таудай тасыған махаббатына, жалындаған жастық шағына, отбасылық өміріне өзің балта шаптың!

– Қалай? Менің не кінәм бар?

– Асықпай, тыңдасаншы... Сергей Есенин – азаттықты ұнатқан ақын. Мәскеуде жүріп кітаптарын көп зерттеді. Ол да жас кетті! Сенің күйеуің де жас кетті! Демек, қыз күнінен Есениннің бойындағы бүкіл энергияны, жамандықты болашақ жұбайыңа жүктеп алыпсың, яғни суреті арқылы Сергейдің өмірін Ғазизге байлап тастадың!

– Қойшы, қайдағыны айтпай? Ондайда бола ма, не?

– Болғанда қандай?! Тірілер мен өлілердің арасында бізге білінбейтін тылсым күш бар! Сенің бірінші курсқа түсе сала зиратқа баруың, Есенинге табынуың, бәрі-бәрі – алдағы жұмбақ өміріңнің схемасы! «Битва экстрасенсов» бағдарламасын көретін бе едің? Сонда тап осындай шиеленіскен оқиғалар көп айтылады. Бұл – боямасыз шындық! Біз нені көп ойласақ, неге көбірек мән берсек, сол мәселеге келгенде шырмауық шөптей жолымызды шырмай береміз, шырмай береміз... Ақыры миымыз айналып, жолымыз жабылып, тығырыққа тірелеміз. Тіпті айықпас дертке душар боламыз.

– Ол кезде түбі бұлай боларын қайдан білейін. Ғазиз де жігіттің төресі еді. Ол, тіпті Шоқан Уәлихановқа да қатты ұқсайтын, – деді Ақтоты қамығып. Әуестің әр сөзі шындыққа жанасқандай, жан дүниесі астан-кестен күй кешіп, философиялық тұжырымдармен, мысалдармен айтқан кеңесін тыңдаған сайын жүрегі ауырып, денесі тітіркенді...

Тікұштан түскен бойда бір буда шок гүлдерін құшағына қысып, шаһардан алыс жатқан бейітке тура тартты Ақтоты. Аққан жұлдыздай ағып түскен, жарасымды жұп болып, қапияда қиылған Ғазиздің құлпытасын құшақтап, ұзақ егілді. Ақ жаңбырдай төгілді. Найзағайдай жарк-жүрк еткен жастық шақтың буымен шалыс басқан қадамына күйінді.

«Жаман жерді баспа», «күлді шашпа», «жаман ойды ойлама», «түнде суды төкпе», «суға барма», «теріс қылық жасама», «табалдырықта тұрма», тағысын-тағы, ырым-тыйымды әжем тектен-текке айтпаса керек-ті. Қап, Құдай-ай! «Біреуге фанат болма», «ешкімге табынба», «әуестенбе», «аса идеал санап дәріптеме» деген заманауи ақыл-кеңес миымнан қалай шығып кеткен?! Шаңырағымның құлап, отағамның ерте курап, сарғалдақтай солуына тек өзім, өзім кінәлі екенмін ғой. Бәлки, мұның бәрі жазмыш шығар? Жүрегімнің әу бастан Есенинге ауғаны, көңілімнің арбауы, арманымның алдауы мандайыма жазылған тағдыр шығар? Менің тылсым тағдырым шығар? – деп Ақтоты бас бармағын тістеді. Осы сәтте: «Қой, енді. Жылама. Қашанғы жылайсың? Кімді кінәлайсың? Бізге Есениннің не қатысы бар?! Қане, үйіне бар!» – дегендей, Ғазиздің жансыз суреті Ақтотыға тесіле қарап тұрды.

«Астарлы ақиқаттай» осы бір оқиғаның шындығына қалай көз жеткізерін білмей аласұрған Ақтоты қалаға қарай үнсіз аяңдады...

ОҚЫРМАНҒА АРНАЛҒАН ЖҮРЕК СӨЗІ

Еліміздің Ұлттық академиялық кітапханасында көрнекті қаламгер, әдебиет сыншысы, «Айбоз – 2025» ұлттық әдеби сыйлығының лауреаты Амангелді Кеңшілікұлының «Жүрек сөзі», «Сөз патшасы» және Ромен Ролланның «Толстойдың өмірі» (аударма) кітаптарының таныстырылымы өтті.

Мемлекет және қоғам қайраткерлері, қаламгерлер мен зиялы қауым өкілдері бас қосқан жиында Қазақстанның халық жазушысы Төлен Әбдік, қоғам қайраткері, жазушы Сауытбек Абдрахманов, «Атамұра» корпорациясының президенті Рақымғали Құл-Мұхаммед, ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының директоры Күміс Сейітова, журналист Қуаныш Жиенбай, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, ақын Ғалым Жайлыбай, ақындар

Бауыржан Бабажанұлы мен Баянғали Әлімжанов жаңа кітаптардың тұсауын кесті.

Іс-шара тізгінін ұстаған Сауытбек Абдрахманов қаламгердің «Атамұра» баспасынан «Мектеп кітапханасы» сериясымен оқырманға жол тартқан «Сөз патшасы» және «Жүрек сөзі» кітаптарына жоғары баға беріп, кітап таралымына ерекше тоқталды.

Қазақстанның халық жазушысы Төлен Әбдік өз сөзінде қаламгердің ұлттық әдебиеттегі орны мен шығармашылық ізденістерін жоғары бағалап, бұл туындылар автордың сөз өнеріне деген талғамы мен таным тереңдігін тағы бір мәрте айғақтайтынын атап өтті. Сондай-ақ ТҮРКСОЙ Бас хатшысы Сұлтан Раев арнайы видеоүндеу жолдап, авторды жаңа еңбектерінің жарық көруімен құттықтады.

Таныстырылым барысында «Жүрек сөзі» кітабына енген эсселер, әдеби зерттеулер мен күнделік жазбаларының мазмұнына жан-жақты талдау жа-

салды, «Сөз патшасы» жинағындағы әдеби-сын мақалалар мен сұхбаттар қаламгердің кәсіби сыншылық болмысын, әдеби үдерісті зерделеудегі терең пайымын айқындайтыны айтылды. Сонымен қатар қазақ тілінде жарық көрген Ромен Ролланның «Толстойдың өмірі» атты еңбегінің маңызы, әлем әдебиетінің көрнекті өкілі туралы танымды кеңейтудегі тәржіманың рөлі атап өтілді.

Айта кетейік, Амангелді Кеңшілікұлы – Ұлттық академиялық кітапханада жүзеге асырылып келе жатқан, қоғамға жақсы танымал «Ашық әдеби лекция» жобасының жүргізушісі. Қазақ және әлем әдебиетін кеңінен насихаттауға бағытталған жоба 2022 жылдан бері кітапхананың YouTube арнасында жүйелі түрде жарияланып келеді. Бүгінгі күнге дейін 50-ден астам лекция көрермен назарына ұсынылып, әдеби қауым тарапынан жоғары бағаланды.

ҚОҒАМНЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ – ЖАСТАР

Жастар – ел болашағы. Жастардың әлеуетін арттыру – ұлттың келешегін берік студің басты алғышарттарының бірі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа Қазақстанды бірге құрайық!» Жолдауында: «Жастар – жаңашылдықтың қозғаушы күші.

Біз оларға зор үміт артамыз. Жастардың бастамаларын қолдау – бұл стратегиялық міндет», – деп әр стратегиясында жастар саясатын оңтайландырудың қадамдарын нығарлап келеді. Жастардың білім алуына зор



мүмкіндіктер қалыптастыру, ауыл жастары арасында жұмыссыздық мәселесін жою, дамуға бағыттайтын шараларды арттыру, мемлекеттік қызметке білім-

ді жастарды тарту секілді жұмыстар бұл саясаттың басты негізін құрайды. Мемлекеттік қызметті дамытудың 2024 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы Президенттің Жарлығымен қабылданып, мемлекеттік қызметке қызығушылық танытқан жастарды дайындау істері де қолға алынған болатын. Сондай-ақ балаларға арналған контенттерді дұрыс жүргізу де – бүгінгі уақыттың басты талабы. Қоғамның басты қозғаушы күші болып саналатын жастарға жан-жақты мүмкіндік жасау өркендеудің баспалдағы болып қалана бермек.

«ТАТУЛЫҚ пен ТАҒЫМ»

1 наурыз – Алғыс айту күніне орай Алматы қаласы кітапханалар жүйесіне қарасты «Alatau Creative HUB» кітапханасында «Татулық – мәңгі тағым» атты мәдени-сыйластық сырласу кеші ұйымдастырылды. Тағылымды іс-шараның басты мақсаты – ел бірлігі мен ұлттар достығын дәріптеп, ризашылық пен құрмет құндылықтарын кеңінен насихаттау. Кешке Қазақстан Жазушылар одағы Басқарма Төрағасының кеңесшісі, жазушы Авут Масимов және дәстүрлі әнші Бауыржан Құмарбеков арнайы қатысып, көпшілікпен тағылымды ой бөлісті. Қонақтар татулық пен келісімнің қазақ халқының сан ғасырлық өмір салты мен рухани құндылықтарының негізі екеніне тоқталып, ел ішіндегі тұрақтылық пен бейбіт өмірдің маңызын атап өтті. Шара барысында жиын қонақтары көпұлтты Қазақстан халқының бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір



сүріп отырғаны, кеңпейілді қазақ елінің дарқан мінезі туралы әңгімелеп, мемлекетіміздің өсіп-өркендеуі жолындағы игі бастамаларға ризашылық білдірді. Сонымен қатар оқырмандарға тәулік бойы қызмет көрсетіп, рухани дамуына мүмкіндік жасап отырған кітапхана басшылығы мен ұжымының еңбегін ерекше атап өтті. Мәдени кеш әсем әнмен әрленіп,

жырмен көмкерілді. Еркін микрофон алаңында жастар өздерінің ата-анасына, ұстаздары мен жақын жандарына жүрекжарды алғыстарын арнап, шараның мазмұнын тереңдете түсті. Тағылымды кездесу қатысушыларға көтеріңкі көңіл күй сыйлап, өзара сыйластық пен ризашылықтың қоғамдағы орны ерекше екенін тағы бір мәрте айқындады.



**Мәрия
ХАКИМЖАНОВА**

КІМ БІЛГЕН

*Қиындық көрмей өмірден,
Өмірдің құнын кім білген?
Махаббат таппай көңілден,
Көңілдің құнын кім білген?*

*Тегеурін таппай темірден,
Темірдің құнын кім білген?
Қызулық таппай көмірден,
Көмірдің құнын кім білген?
Қайғылы болып қамықпай,
Шаттықтың құнын кім білген?
Ашығып асқа тарықпай,
Тоқтықтың құнын кім білген?
Жоқтықты көріп жұтамай,
Бардың құнын кім білген?
Жесірлік көріп жыламай,
Жардың құнын кім білген?
Қубастың зарын тартпаса,
Баланың құнын кім білген?
Қайратың кеміп қартаймай,
Жастықтың құнын кім білген?
Жауыздықты тойтармай,
Қаруын қарсы қайтармай,
Достықтың құнын кім білген?
Отан үшін аттанбай,
Ойран салмай жауына,
Ортақ болмай дауына,
Отанның құнын кім білген?*

ЕЗІЛМЕ ЖҮРЕК, ЕЗІЛМЕ

*Езілме жүрек, езілме,
Шаршап жүрген кезімде.
Шыдамасаң өле қалшы,
Мазамды алмай езіл де!
Қысылма жүрек, қысылма,
Ауыр күннің тұсында!
Қайғыдан өлген қандай жан,
Көне тұр сорлы қысымға!
Қабынба жүрек, қабынба,
Жазылған осы бағын да!..
Ажалдан бұрын өлмек жоқ
Көресің әлі тағы да!
Төгілме жасым, төгілме!
Берме ерік көңілге.
Тірі адамнан үміт бар,
Қайғыңды сергіт, жеңілде.*

**ТОЙЖАН, ҚАЛҚАМ,
БАСЫЛДЫ МА АШУЫҢ?**

*Тойжан, қалқам, басылды ма ашуың?
Ерсі болар өз анаңнан асуың.
Сырттан естіп дауысыңды, кірмедім,
Орынды ғой ашуыңды басуың.
Ашу деген пайда бермес адамға,
Ашу – үйір, ақылы аз наданға.
Ендігісін өзің ойлап шеше бер,
Осы болды айтар сөзім табанда.*



**Фариза
ОҢҒАРСЫНОВА**

ЖАҚСЫ КӨРУ

*Өмірің таңдай болса арайлаған,
қатыгез қараулыққа жолай ма адам?*

*Біреуді жақсы көрген қандай жақсы –
нұрланып кетеді екен бар айнала!
Жақсы көру, жақсы көру,
не деген керемет ең!
Өмірді сезінуге,
қуанып қөз ілуге
адамға жақсы көру керек екен.
Дидарың аумайды екен жарық күннен,
ғашық боп қалғанымды жаңа ұқтым мен.
Келбетің көз алдымда, ойымда сен,
өзіңді жақсы көріп қалыптын мен.
Ешкімге содан бері алаңдамай,
жүрегім жанарыңа қамалғаны-ай!
Ғажайып күй кештірген сезім-сәуле
өзімді жетелейді саған қарай.*

ҚЫЗ МАХАББАТЫ

*Білмеймін:
жанарыңнан сыр ұқтым ба,
әлде өзімді сол сәтте ұмыттым ба,
өзің болдың, әйтеуір, бұл күнгі әнім,
көтеріп ап кетіп ең бұлқындадым,
әлде аймалауыңа құнықтым ба?!*
Білмеймін:

ӘЛЕМДІ АЯЛАЙДЫ

*құшағыңда дір еттім бе,
алып ұшып бара ма-ау жүрек мүлде...
Ойлағым да келмеді ештеңені,
күндіз бе әлде, білмеймін кеште ме еді,
тек ұққаным – жан бірге, тілек бірге.
Білмеймін:
пәк сезімге мұқтаждау кезім бе еді,
сеніміңді көп болған сезінгелі,
сезінгелі, сені ойлап көз ілгелі...
Іңқарлықтан, аяулым, тына көрме,
бақыт деген сәттерден тұра ма әлде,
онда өтіп кетпегей тез ілгері.
Сол сәтте
бұлтты аспаннан жарқ етіп
қарады ақ Күн,
шуағына бойымды аралаттым.
Сезіміңнің қақпасын дара қақтың.
Елжіресіп, ұғысып, сеніп бірге,
ағыл-тегіл сезіммен еріттің де,
өзің маған өзім боп бара жаттың...*

МЕН САҒАН ҒАШЫҚ ЕМЕС ЕМ

*Сен үшін сонау алыстардағы елес ем.
осынша мені арман қып келдің неге сен.
«Сырттыңнан сүйіп жүретінімді
сезуші едің ғой», – демесең,
мен саған ғашық емес ем.
Бас иеген көп-көп бозбалаларға паңдана
асқақтау басып, бақытты болдым.
«Сонда да жан жүрегіңді толтырар
бір жан жетпей жүрді ғой», – демесең,
мен саған ғашық емес ем.
Бір дауыл сәттің соғарын сезіп жүргенмен,
сен екеніңді білген бе ем...
Әйтеуір, жаным, «бұл күнде менсіз
жүре алмайсың ғой», – демесең,
мен саған ғашық емес ем.*



**Марфуға
АЙТХОЖИНА**

**ЖАНЫМНЫҢ
ЖАПЫРАҒЫН
СІЛКІНДІРІП**

*Қапыда қалмасын деп күлкің бұғып,
Кеудеме қиқулаған дүрсіл кіріп,
Жүремін бар ойымды ортаға сап,
Туған ел!
Тілектесім,
Жүрсін біліп.
Жүретін арманым ең жанымға еріп,
Берейін домбыраның сазына ерік.
Сазды әуен,
Назды үнің ғой келе жатқан,
Сезімнің шым кестесін нәзік өріп.
Туған ел!
Тілектесім,
Жүрсін біліп,
Берейін жүрегімнен гүл сындырып.
Қырмызы қыр самалы сипап өтті,
Жанымның жапырағын сілкіндіріп.
Жанымның жапырағы сілкінеді.
Бәлкім, менің жүрегім жыр тіледі.
Тағдырдан тек осыны тілер едім,
Адамның орындалса бір тілегі.
Болмаса да сүйеніш,
Тірек менде,
Айтатын жұртыма арнап тілек кем бе.
Тарымның құм даласын кезіп келем,
Нәзік қой,
Шыдар ма екен,
Жүрек шөлге!..*

**ТӨРІНЕ ЖҮРЕГІМНІҢ ҰЯ
САЛҒАН**

*Өрінде отырсам да Алматының,
Алыстағы езіңмен жалғас үнім.
Үніңнен үзіліп тұр толқынды күй,
Асатын сырластықтан бар ма шырын.
Жаудырып жатқан соң ба тұнық Сайрам,
Ойымды отырсың біліп қайдан.
Елестеп көз алдыма келе берер,
Жағанда жүрген күндер құрып сайран.*

*Жағанда жүгіруші едік,
Кешіп толқын, амал не,
Алысқа ұзап кетіпті ол күн.
Сайрамның тұнық көлі қасиетті
Тербеген махаббатты бесік қой шын.
Қағатын қанаттарын қия таңнан,
Аттары ел аузында жиі атанған,
Құстары туған жердің қиқу салып,
Төріне жүрегімнің ұя салған.
Төріне жүрегімнің ұя салған,
(Айықпай көптен бері жүр осы арман).
Құс екең құсының да жаны жомарт,
Бар әнін көкірегіме құя салған!
Содан ба құс үніне құмарлығым,
Айығар басымыздан мұнарлы күн.
Сайрамның саясында өскен құрбым,
Кескінің көз алдымда тұрар бүгін!*

СОҒАДЫ ЖҮРЕК

*Нұр күлкісі жүзінен айықпаған,
Отыр жалғыз теңселіп қайықта адам.
Бәйек болып ерке өзен келе жатыр,
Толқын-толқын құшағын жайып маған.
Келе жатыр желкілдеп толқын жалы,
Кеудемді жаңа күймен толтырғалы.
О, дариға, жалт беріп жалын атып,
Жүрегім де осылай толқыр ма әлі.
Тынар ма толқын үні гүрсілдеген,
Соғады жүрек қатты дүрсілдеген.
Оттан ыстық жастықтың құшағында,
Балқып кетпей сен қайтып тұрсың, денем.*



**Күләш
АХМЕТОВА**

**КӨКТЕМ.
КӨКТЕРЕКТЕР**

*Бұл көктемді алты ай қыс
күтіп едіңдер,
Осылай басталады екен бүкіл өмірлер.
Тал, теректер, түн бойы толғақ қысып,
Бебеу қағып, ыңырысып, үһіледіңдер.
Азабыңды түсіндім мен басыңдағы,
Дөңбекшиді қою бұлт-қорғасын дағы.
Сезінгендей майданды енді осындағы
Түні бойы сыңсыған жел басылмады.
Мұндай кезде қалайша тынышмақ қырлар,
Күндіз сезген қуатын күншуақтың қар.
Қас қарая толғатқан ана-ағаштар,
Таң ата талықсып барып,
бүршік аттыңдар!
Көктем ғой бұл жылынар суық құмдар да.
Көктеректер, айтпай-ақ мұны
ұқтыңдар ма?
Күн нұрымен маужырап қалғисыңдар,
Түні бойғы күресті ұмыттыңдар ма?
Өмірге өмір қосып, тынықтыңдар ма?
Мен білемін бұл таңды шын күткеніңді,
Түні бойы сездіріп тірлікке мұңды.
Күн шыққанда тұрсыңдар жасыра алмай,
Шуақ кескен көк бүршік кіндіктеріңді.
Жер-ана да бұл сәтті күтіпті ай, күннен,
Күрсінді ол да жасыңды жұтып қайғыңмен.
Түніменен толғатқан көк теректер,
Таң ата бұр жарғандарыңмен
құттықтаймын мен!*

ЖАС КҮНІММЕН СЫРЛАСУ

*Бәрі жақсы болса депмін мен баста,
Жанымды ашып жалбақтаптын жолдасқа.
Бәрі жақсы болса деумен шаршаптын,
Бәлкім, енді бәрі жақсы болмаса та.
Жұртқа ұнадым,
Өз көңілім пәс бүгін.
Тасқа барып соғылғандай тасқыным.
Бауырларды,
Жақыңды ойлап,
Жасыптын,
Жарқ-жүрқ етіп жайнамапты жастығым.
Тебіренсем, тежеппін де сезімді,
Айтпаптын-ау айтқым келген сөзімді.
Отқа, суға түсіпін де жағдаймен,
Ойламаптын денсаулықты, өзімді.
Жан сыздаса, жұрттан болған жоқ көмек,*

*Көлеңкесін жайды жалғыз көк терек.
Дос өкпелеп қалмасын деп тілеппін,
Бір көрмеппін өзім жанға өкпелеп.
Балаға да сөйлеппін-ау абайлап,
Кешіккенге қалыптын-ау қарайлап.
Демалыссыз жүгіріппін туысқа,
Ешкім бірақ жүгірмепті мені ойлап.
Елдің жақсы деген сөзі неге сен,
Көкірек тым тартыптын-ау ересек.
Кеткен күндер жалынымды кемітті,
Кім біледі не берерін келешек.
Көрмей жиі бауыр, сезім, досты-ай,
Мен бозарсам, бозарыпты қосыла Ай.
Барлығын да үйестірем депмін мен,
Біздің жағдай осылай да осылай...
Барлығын да үйестірем дегенің
Қате болған, дейді, үйлеспей өлеңім.
Өмір деген кеме болса, тағдыры
Дауылдарға тәуелді екен кемеңің.
Тірлік қамы.
Таудан тағы асты күн.
Неге жиі жүрегімді басты мұң?!
Сені ойламай, қамқор боппын басқаға,
Кешір мені, жабырқаған жастығым!*

БАЛКОНДАҒЫ ГҮЛ МҰҢЫ

*Қалайша қырда өскен боп түс көрмейін,
Қалайша ояғанда тістенбейін.
Таңғы нұрға тапшы екен батыс балкон,
Күннің нұры түседі түстен кейін.
Далада жайқалуға жаралмаған
Жаным таңның нұры таралмаған.
Шығыстан соққан самал, сұранамын,
Түн ішінде оңаша орал маған!
Қара жерден жайқала, шанышыла әрі
Шыға алмадым.
Айналам — әңши бәрі.
Тыңайтқышыты топырақ —
Мекенімде
Билемеді жаңбырдың тамшылары.
Айтылмады әңгімем желге менің.
Жапырағым жетпеді жерге менің.
Жағадағы қайықтай балкондарда
Жалғыздықтан қалтырап, тербелемін.
О, адамдар!
Сәулесін бетіме Күн
Түсірмейді.
Солды енді от реңім.
ұрығымды жиып ап осы күзде
Кең далаға шашыңдар,
Өтінемін!*



**Ақұштап
БАҚТЫГЕРЕЕВА**

**МАЗАСЫЗ ЖҮРЕК
ЖЫРЛАСЫН**

*Ақ сөйлеп, адал
күлетіндермен,*

*Шындықты жақтап жүретіндермен,
Сыйластық сырын білетіндермен
Танысқым келеді менің.
Жаманға жағынбайтындырмен,
Жоқтыққа тарылмайтындырмен,
Арманнан арылмайтындырмен
Табысқым келеді менің.
Жанары мөлдірегендермен,
Жүрегі елжірегендермен,
Үмітке сендіре білгендермен
Достасқым келеді менің.
Мұң - қайғы жеңбейтіндермен,
Өсекке сенбейтіндермен,
Наданға ермейтіндермен
Бас қосқым келеді менің.*

БАР МАХАББАТ

*Сенбе дос, өз сертінде тұрмағанға,
Махаббат жалған десе бұл ғаламда.
Махаббат болмаса егер, дала кезіп,
Мәжнүн Ләйлісі үшін жынданар ма.
Махаббат теңеу емес өлеңдегі,
Емес ол аңыз болған ел ермегі.
Махаббат болмаса егер, зарлап Жібек,
Қозы үшін, сұлу Баян өлер ме еді.*

АНА ЖЫРЫ

Ғасырлап дәуірінен озғанда өлең,
Мүмкін бе пәк сезімді жазбау деген.

Жыр кені — Ұлы Абайдың жүрегінде,
Битпеген бір ән кеткен Тоғжан деген.
Кей сорлы махаббатқа жолықпайды,
Ондайлар қиналмайды, торықпайды.

Аялап шын қадірлеп көрмегенде,
Қызыл гүл солғанынан қорықпайды.
Күн біреу, нұр төгетін көктем жерге,
Қызғалдақ бір гүлдейді көктемдерде.
Шын бақыт екі айналып жолықпайды,
Қол сілтеп, көзін жұмып кеткендерге.

АЙДЫН КӨЛДІҢ АРЫЗЫ

Қонатын қаздар қаңқылдап,
Мөп-мөлдір еді айдыным.
Ойнайтын сазан жарқылдап,
Есепсіз еді байлығым.
Бетімде самал шайқаған
Билеткем түнде ай нұрын.
Қамысты нудан байқағам
Жолбарыстардың айбынын.
Менімен сұлу кеші де,
Нұрлы еді дала таңдары.
Салатын ойнақ төсіне
Аққудың балапандары.
Қамысты шапты адамдар,
Өртеді біреу қалғанын.
Жойылды тірлік жағамда,
Мен енді шалқи алмадым.
Тартылдым, жағам тозғанда
Тайғандай бастан бар бағым.
Мергендер атқан қаздарға
Пана да бола алмадым.
Жоғымның орны толды ма?
Көркім жоқ жолшы мақтаған.
Қарала үйрек орнына
Шүрегей мынау, қаптаған.
Шалқып бір жатқан күндерде
Құшақты жайдым баршаңа.
Сусының болып шілдеде
Ләззат бердім қаншама.
Жалынам бүгін бәріңе,
Үмітпен ұрпақ баққандар.
Қолыңнан келсе, әлі де
Жоғалтпай мен сақтандар.



Ханбибі ЕСЕНҚАРАҚЫЗЫ

ТӘУЕЛСІЗДІК ТУРАЛЫ

Сен де арманда едің-ау,
мен де арманда,
Сол арманға қол жетті,
арман бар ма!

Өзімізді-өзіміз таба алмастан,
Адасқанбыз, сан тарап ормандарда.

Аспан түсті туымыз желбіреді,
Шықты және теңгеміз ел біледі.
Әнұран да, Елтаңба өзімдікі,
Қара аспанды қай саяқ төндіреді?!

Тәуелсіздік болмаса ұғар ма едік,
Тоқтар менен Талғаттар шығар ма еді?
Абай әнін ғарыштан қазақ айтып,
Әлем шырқап, қосылып тұрар ма еді!

Тәуелсіз ел қанатын жая алар ма ед,
Бұратана бұтамды саялар ма ед?

Тұрарлары тіріліп, Сұлтанбектей,
Ардақтылар архивтен оянар ма ед?

Тарихтың белгілі енді алдамасы,
Оңтүстік достық, бірлік жалғамасы.
Үш жүздің басын бұрын қосқан болса,
Тұранды қосты бүгін — Ордабасы!

Қантөгіссіз дербестік алған едік,
Тәуелсіздік жемісін сау көрелік.
Ауыр боп тұр, мұнан да қиын болған,
Қынжылмайық, халайық, тәубе дейік!!!

ПЕНДЕМІН

Періште емес, пендемін,
Мәңгі емеспін, демдемін!
Көрдім талай мықтының,
Мықыны көктем келгенін!
Періште емес, пендемін,
Көкте емеспін, жердемін.
Бағаламас бақырға,
Бақ қонғанын көргемін!

Тасасында иықтың,
Шындыққа бас иіппін.
Шаужайына жармаспай,
Үзеңгісі биіктің!

Арман өлмей, көктедің,
Сезімді шектедім.
Шотын шауып біреудің,
Көтермедім кетпенін!

Періште емес, пендемін,
Астана емес, елдемін.
Билік айтпай қоқандап,
Жай жүрсем де, өлмедім!

ҚАУІП

Қазағымның базары тарқағалы
Нәзік жаным ауыр мұң арқалады.
Махаббаты мерт болған Қыз Жібектей
Елестейді Жайықтың жарқабағы.

Қарсы емеспін нарықтың дамуына,
Көне көрпе жетпей тұр қабуына.
Әкімдер де кінәлі, әлде халық,
Түйесі ме қисығы, жабуы ма?

Жұртын тонап, қоғамды асағандар,
Ел дәулетін сімірген лас адамдар,
Неге жауап бермейді ел алдында,
Әлеуметтік қылмысты жасағандар?!

Бір шикілік бар-сынды осы арада,
Тәуелсіздік қалғандай босағада.
Қан жылатқан халықтың дұшпандары
Бұқпантайлап жатқандай Қособада!..



Қатира ЖӘЛЕНОВА

ГҮЛ-КӨКТЕМ

Жалындаған жас қыздар,
Жастығына мас қыздар.
Сендер жүрген жерлерден
Мұң ығысып, қашты ызғар.

Сұлусындар, дүрсіндер!
Үлбіреген гүлсіндер!
Жайлауында жастықтың
Сайран құрып жүрсіндер!
Ақыл айтам ал, тыңда...
Құлағың сал, тартынба!
Қала алмасың бірің де

Осынау жас қалыңда...

Өмір-өзен ағады,
Өз өрнегін салады.
Бастан көшіп гүл-дәурен,
Сағыныш боп қалады.
Жүректерің жалын ғой,
Өртенетін шағың ғой.
Өмір жайлы жиірек
Мазаласын жаныңды ой.
Күнге жайып қанатын,
Өрт қызыл боп жанатын,
Қызғалдақтай қыз-ғұмыр,
Аз күн сайран салатын.
Аспан әсем Күнімен,
Күс әуезді үнімен.
Көктем ашар ажарын
Алуан-түрлі гүлімен.
Дүние сұлу таңымен,
Қыс әдемі қарымен.
Өмір қызық адамға
Перзентімен, жарымен.
Айналайын, жас қыздар!
Жастығына мас қыздар!
Жарға апарып жығатын
Ойсыздықтан қаш, қыздар!
Жалқы жүріп өтпеңдер!
Көбейіңдер, көктемдер!
Жастық шағың өткенмен,
Гүл-көктемнен кетпеңдер!

КӨКТЕМ

Сезілгенмен ақпанның салқыны әлі,
Нұрлы шуақ, көктем боп бар құмары.
Қар астынан қылтып бәйшешек гүл,
Күн нұрына сәбидей талпынады.

Нәзік гүлім, өжет те, қайсар гүлім!
Көктем келе жатыр деп жар сал бүгін!
Ақ қар еріп барады жылап ағып,
Ағаштар да көзіне тамшы алды кіл...

Дауыстарға не түрлі толтыруда,
Туған жердің тау-тасы, жал-құмын да...
Көктем аунап келеді, көктем аунап,
Бұлақтардың сыңғырлы толқынында.

Нәзік сәуле дірілдеп кірпігінде,
Жанарына үйірді күлкі Күн де...
Көктем бұрлеп келеді, көктем бұрлеп,
Жарып шыққан қайыңның бүртігінде.

Қараңызшы!
Түп-тұнық таң атуда,
Боз далаға шұғыласын таратуда.
Көктем көшіп келеді, көктем көшіп,
Қайта оралған құстардың қанатында!

МЫНАУ ЗАМАН

Мынау заман —
Қай-қай заман?
Сұрағы көп айқай заман...
Пұлы барлар алысқа басып,
Шалап ішкен шайқай заман...
Мынау заман —
Неткен заман?
Нарық заңы өктем заман.
Тыңдар құлақ болмаған соң,
Сөз қадірі кеткен заман.
Жүйке жонар оқтай заман,
Апшыңды алар оттай заман.
Арам ақша,
Адал ақша...
Аразігі жоқтай заман.
Бар адамға — мақұл заман,
Жоқ адамға — ақырзаман.
Біреуге — бал,
Біреуге — у боп.
Таңдайына татыр заман.
Мұнар, мұнар, мұнар заман,
Жұрт баюға құмар заман.
Пұл болмаса қадірің жоқ,
Болды осыны ұғар заман.



Гүлнар САЛЫҚБАЕВА

МЕН БАҚЫТТЫ БОЛА САЛАМ БІР КҮНІ...

Жүдетсе де дүниенің жыртығы,
Көңілді аулап Күннің қызыл кірпігі.
Айдың аппақ сәулесіне оранып,
Мен бақытты бола салам бір күні!
Көкке ұшырып сұлу сөздің төресін,

Көктем келер қуып қайғы елесін.
Сәл мұңайып келе жатып,
Бір күні
Мен бақытты бола салам,
Көресің!

ТӨРТ ЖАҒЫМНАН СЕНІ ҒАНА КӨРЕМІН

Төрт жағымнан сені ғана көремін
Көремін де ұмытамын сор елін.
Саясына жұрт тығылған терегім,
Қысқа күнде қырық құбылған керегім...

Мына күнде сүйер мендей кімді кім?
Сендей жарық ете алады түнді кім...
Сен дегенде шөлге айналар ындыным,
Өтірікті көп айтатын шындығым.

Сен көрінсең, қуанышта өлшем жоқ,
Ұраным да, жыр-ән де сен, сен боп.
Бақыттымын,
Ал, сен кімсің?
Білмеймін.
Армандаймын соны білмей өлсем деп.



Оңайгүл ТҰРЖАН

СЕН БОЛҒАН СОҢ...

Адам бұл бір-бірімен мұңдас еді,
Солар сүйеп апарар шыңға сені.
Сен болмасаң және де мен болмасам,
Адамзат түп-түгел боп тұрмас еді.

Қиналсаң да жүресің ер болған соң,
Татулықты сақтаймыз ел болған соң.
Миллиардтың ішінде сіз де барсыз,
Біз — адамзат бүтінбіз сен болған соң.

Аман болса екен деп елім қалың,
Мақтан етіп жүретін жерім барын,
Қандай жақсы қайнаған мына өмірде,
Менің, оның және де сенің барың!

МЕН САҒЫНДЫМ

Жылдар мынау — жасыңды санай келген.
Күндер мынау — боз қырау самай берген,
Көңіл мынау — жастық шақ келер ме деп,
Жүз бұрылып артына қарай берген.

Гүл-көктемді аймалап күлетінбіз,
Тек ойлы еді бәрін де үзетін күз.
У-шу боп, жұлдыз санап,

түнгі аспанда
Неше жұлдыз барын да білетінбіз.

Құйттай-құйттай адыммен алысқа жүрген,
Моншақ тағы алатын сан-сан гүлден.
Бала күннің дауысы естіледі,
Жүрегімің түбінде ән сап жүрген.

Сіздерге де дәл солай естіле ме?
Кей күндерің дәл солай кешкіре ме?
Армандарды артып ап келе жатқан,
Түстеріңе жаһұттай көш кіре ме?

Озған сайын оралар ойға дәйім,
Көңілімде бәрі тұр айнадайын.
Енді бізге келмейтін сол күндерді,
Мен сағындым, ал сен ше, айналайын?

ҚАҒАЗ, МЕН ЖӘНЕ ТАҢ

Арман қуып жүр әлі бағы аздар да,
Тату таулар таңғалып араздарға.
Өлең болып көшеді біздің арман,
Сүйегі сықырлаған қағаздарға.

Жасытса да іштегі толған мұңым,
Ұмыттырмас рухтар арландығым.
Қағаздар да ешқашан ұмытпайды,
Өзінің бір кезде ағаш болғандығым.

Мен қағазға, ал қағаз маған қарап,
Егіліп отырамыз жалаң қабат.
Сағыныштар сарғайтқан екі ортаға
Қара сия тамады қаламнан ақ.

Тіршіліктің базарын аралатқан,
Тағы аттың ба арайлап, саламат-таң!
Мені тағы сен көрдің, өңім күліп,
Жан дүнием егіліп бара жатқан.



Мақпал ОРАЗБЕК,
филология ғылымдарының докторы, профессор
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Академик Зәки Ахметов досы Зейнолла Қабдоловтың шығармашылығы туралы мақаласында ғалымның күш-қуатын, үлкен адамгершілік-парасатын жоғары бағалап, мынандай сөздер арнаған еді: «Қанша құдым, жеттім десең де, әлі атқарылмаған істер алдағы аспаған асудай бой көрсетіп тұрады. Осындай ұзақ жолда шаршап-шалдықпай еңбек ету үшін жазушыға, ғалымға сарқылмас күш-қуат, жігер-қайратқа, дарқан дарын, зор шабытқа қоса үлкен адамгершілік, парасаттылық қажет», – деген болатын. Академиктің досына арнаған осы жалынды сөзін ғалым Қарлығаш Байтанасоваға да арнауға болады. Өйткені өмірін ғылым мен ұстаздыққа арнаған ғалымның бойында осы қасиеттің бәрі бар.

Ғалымның қаламынан туған әдебиеттану саласындағы зерттеулері мен оқу құралдары – салмақты, зерделі еңбектер. Атап айтатын болсақ, «Эмиграция әдебиеті: көркемдік даму мен сабақтастық. Монография», «Әдебиеттануға кіріспе», «Әдебиеттануға кіріспе пәнінің практикумы», «Көркем мәтін және мекеншак сипаты. Монография», «Фольклортану теориясының негіздері» Монография, «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» т.б. еңбектері еліміздің жоғары оқу орындарында ғалымдар мен білім алушыларға танымал еңбектер екені ақиқат.

«Әдебиеттануға кіріспе» оқу құралының ерекшелігі – әдеби категориялар мен ғылыми-теориялық ұғымдардың анықтамасын, қалыптасу және даму, зерттелу кезеңдерін шағын көлемді мәтіндерде жүйелі түрде түсіндірген еңбек. Басқа оқу құралдарынан артықшылығы – әдеби жанрларды жан-жақты қарастыруында. Әрбір жанрдың табиғатына тән эстетикалық, мәдени-танымдық ерекшеліктерін көркем шығармалардан мысал келтіре отырып, мәтіндерді талдау барысында анықтап береді. Сондай-ақ басқа «Әдебиеттануға кіріспе» оқулықтарында кездеспейтін «Әңгіменің жанрлық ерекшелігі», «Хикаяттың жанрлық ерекшелігі», «Романның жанрлық ерекшелігі», «Өмірбаян жанрының ерекшелігі», «Эссенің жанрлық ерекшелігі» деп аталатын тарауларда әр жанр кенінен ашыла түскен.

Жанрдағы канон мәселесі – әдебиеттануда жанр табиғатын, оның тұрақты белгілері мен тарихи өзгермелілігін түсіндіретін маңызды теориялық мәселе. Канон (*грек. канон – өлшем, үлгі, ереже*) – белгілі бір жанрға тән тұрақты құрылымдық белгілердің, әдеби шығарманың композициялық принциптері мен стильдік нормаларының жиынтығы. Абай қазақ поэзиясында канонды жанартса, М.Әуезов «Абай жолы» роман эпопеясында роман канонын ұлттық мазмұнмен, бір ұлттың белгілі бір кезеңдегі тарихи оқиғалары мен әдет-ғұрпын бейнелеумен толықтырды. Сондықтан Қ.Байтанасова еңбегінде: «Романның жанр тудырушы факторлары – сюжеттік-композициялық жүйе, уақыт пен кеңістік,

баяндау, кейіпкерлер – шын мәнінде, бұл жанрдың көркем құрылымын жан-жақты ашып берді. Көркем мәтін – тұтас құрылым болса, оның ішінде роман – көп үнді тілдік құбылыстардың жиынтығы», – деп, романның жанр тудырушы факторлары ретінде уақыт пен кеңістіктің суреттелуін, кейіпкерлер мен романның сюжеттік-композициялық жүйесін және көп үнділікті нақты атап көрсетеді. «Өмірбаян жанрының ерекшелігі» тарауында автор әдебиет-

адамзатты ойландырып, тіршілігіне із қалдырған жайттарды көркемдік дүниетанымынан өткізіп, белгілі бір уақыт және кеңістікке сыйғызады», – деп суреткер шығармадағы оқиғаларды суреттеу барысында бір ғана уақытты емес, «өткен мен бүгінді», яғни бұрынғы уақыт пен қазіргі уақытты да суреттейтінін, соған сай «көркемдік кеңістік автор қиялында өзгеріп, жаңғырып, кеңейіп немесе тарылып отыратынын да жеткізеді.

ЗЕРДЕЛІ ЗЕРТТЕУШІ



танушы-ғалымдар Л.Гинзбург, С.Розанова, К.Әбдезұлының пікірлеріне сүйеніп, өмірбаяндық жанр тарихи тұлғалардың өмірін суреттеуде сол кезеңдегі қоғамның, заманның тарихи шындығын, сол замандағы адамдардың тұрмыс-салтын ғана емес, қалыптасқан рухани-мәдени жағдайларды да қамтитынын алға тартқан.

«Эссенің жанрлық ерекшелігі» тарауында эссе жанрының өмірбаян, күнделік, исповедь түрлерінен айырамшылығын анықтап берген. «Өмірбаян «менді» бұрын болған, өткен жағдайлардың аясында ашады, күнделікті болып жатқан, осы шақтағы жағдайларды тізбелейді, исповедь (мінәжат) болашаққа бағытталып, соның алдында есеп береді, өзімен-өзі қалып, кешірім мен тәубе сұрайды. Осы үш жанрдың да элементтері эсседе көріне алады, бірақ эсседе «мен» тұтас, үздіксіз, баяндау тақырыбына түгелдей кіріккен түрде емес, баяндаудағы үзінді түрінде көрінеді, «мен» өзінен ерекшеленетіні соншалық, тіпті «мен» түрінде көрінбеуі де мүмкін», – дейді ғалым. Бұдан шығатын қорытынды, эсседегі «менді» оқырман қалай танытынына мән берсек, эсседегі «мен» кейіпкер емес, баяндаушы емес, ол – ойлаушы субъект. Бұл – көркем шығармадағы образ емес, сананың көркем формасы, эссені жазған адам санасының көркем формасы.

«Әдебиеттануға кіріспе» оқу құралының білім алушыларға жан-жақты талдап, түсіндіретін тарауы – «Көркем шығармадағы кеңістік пен уақыт бірлігі» тарауы. Әдеби жанрлардағы уақыт пен кеңістіктің суреттелуі – көркем шығарма құрылымындағы ең маңызды поэтикалық категориялардың бірі. Бұл ұғымдар әдебиеттануда М.Бахтин енгізген хронотоп термині бойынша анықталады. Хронотоп – шығармадағы уақыт пен кеңістіктің бірлікте ұйымдасу формасы. Ғалым Қ.Байтанасова: «Кеңістік пен уақыт аралығында үнемі жалғасып отыратын күрделі байланыс бар. Автор өткен мен бүгінді бір шығарманың аясында тоғыстырады. Көркемдік кеңістік автор қиялында өзгеріп, жаңғырып, кеңейіп немесе тарылып отырады да, бүтін бір құралым жасайды.

Автор шығармашылық иесі ретінде

Оқу құралында әдеби ағым-бағыттар, әдеби даму, көркемдік стиль, тақырып пен идея, көркем туындының сюжеттік және композициялық құрылымы жан-жақты қарастырылған. Автор бұл тұрғыда: «Әдеби даму арқылы жаңа құбылыстар, дәстүр жалғастығы орнығады. Мәселен, ХХ ғасыр әдебиеті тарихи-қоғамдық өзгерулер мен жаңаруларды бейнелей отырып, идея жалғастығын, жанрлардың тууын, кейіпкерлер жүйесінің қалыптасуын көрсетті», – дей келе, көркем әдебиеттегі идея, жанр, кейіпкерлер жүйесі мәселесін басқа тарауларда тереңінен, әр түрлі қырынан зерттейді.

Менгерген теориялық категориялар мен ұғымдарды көркем мәтін арқылы талдаудың жолдарын үйрету үшін еңбек екі бөлімнен құралған. Біріншісі – әдеби-теориялық ұғымдарды қамтыған анықтамалық, екінші бөлім – көркем мәтінді талдаудан тұрады. Анықтамалықта әдеби терминдердің қысқаша анықтамасы мен мысалдары анық, түсінікті жазылған. Қазір мектеп оқулықтарында автор бейнесі, авторлық ұстаным, автор идеясы, автор мен кейіпкер мәселесін көркем мәтінмен талдау тапсырма түрінде ұсынылып жүр. Бірақ мектеп мұғалімдері үшін автор категориясы туралы теориялық еңбектерді оқып-түсіну оңайға соқпасы анық. Сондықтан бұл практикумда осы ұғымдарды анық, түсінікті тілмен беру оқу құралының басты артықшылығы болып саналады. Сондай-ақ практикумда әдеби реминисценция, акмеизм, амплификация (кенейту), анаколуп, жанрлық формалар, имманентті талдау, оксюморон, психологиялық портрет, макробейне, мегабейне, микробейне, нарратология сияқты теориялық ұғымдардың мазмұнын, қызметін, мәнін жүйелі және бірізді түсіндіріп берген.

«Әдебиеттануға кіріспе» пәнінің практикумы көркем әдебиетті ғылыми тұрғыдан тануға мүмкіндік беретін негізгі терминдердің мағынасын дәл, жүйелі, бірізді түрде ашып көрсетуге негізделген. Екінші тараудағы талдауға батырлар жырынан, Бұқар жырау, Шернияз Жарылғасұлы, Дулат, Сара Тастанбекқызы, зар заман ақындары мен Ыбырай, Абай, Ш.Құдайбердіұлы, Ақыт Үлімжіұлы, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, С.Мәуленов, Қ.Аманжолов сияқты ХХ ғасырдағы белгілі ақын-жазушылардың өлеңдері мен шығармаларынан үзінділер берілген.

Ғалым Қарлығаш Байтанасова ғылыми зерттеулермен қатар әдебиетті оқытудың, көркем шығарма талдаудың әдістері мен әдіснамасын менгерту мақсатында бұдан басқа да еңбектер жазды. Оқу құралын жазудың маңызы – білім беру жүйесіндегі ең өзекті ғылыми-педагогикалық мәселелердің бірі. Әдебиеттану оқу құралы – ақпарат беру ғана емес, әдеби категориялардың мазмұнын ғылыми негізде сүйеніп зерттеу нәтижесінде тиянақты түсіндіретін, оқытудың әдісін және бағытын жүйелейтін негізгі дидактикалық құрал.



БОПАЙ ХАНЫМНЫҢ ЖЕРЛЕНГЕН КҮНІ

«Қазақ әдебиеті» газетінен Жұмабай Асарбаевтың «Бопай ханым мен Бопай ханша Ақтөбе өңірінде жерленген бе?» атты мақаласын оқып, өзімдегі Бопай ханым туралы архив жазбаларындағы деректермен оқырмандармен ой бөліскім келеді.

Мақалада Бопай Сүйіндікқызының сүйегі жатқан жерді топшылап жазады. Ал мен оны нақтылайын, Орынбор шекаралық комиссияның 4 қорының, І-тізбесімен 3356-ісінде «Дело об охране могилы хана Бупай» деген іс жүргізілген. Оған себеп – 1836 жылдың 24 сәуірінде әскери старшина, сұлтан Баймұхамед Айшуақовтың шекаралық комиссия бастығына жолдаған рапорты. Бұл іс 1836 жылдың 24 сәуірінде ашылып, 1845 жылдың 18 қыркүйек арасында қаралған, барлығы 8 беттен тұрады.

Өз рапортында сұлтан Б.Айшуақов «Менің ханым Әбілқайырдың әйелі Бопай ханша мен сұлтан Ағымның Жосалы (Юшалы) өзінің биік жеріне салынған (устроенный) ескерткішті белгісіз адамдар бір бұрышын бұзып және кірпіштерін жақын маңдағы хутор хошолдары арбамен тасып, Елек өзенінің құярылындағы Жосалыдағы хуторларын тасыған және өздеріне билік жасаған.

Сіздерден сұрайтыным бұзақыларды тауып, жазалауды және тасқа жазылған сөздері бар ескерткішті қайтаруды сұрап, мөрімен растаған (21.04.1836)».

Бұл арыз бойынша Орынбор шекаралық комиссия бастығы Новоилецкой желісінің бастығын бұл істі анықтауды (24.08.1836) тапсырған.

16 мамыр 1836 жылы Новоилецкой желісінің Кордон бастығы полковник Похлавновқа тапсырма беріп, арызда көрсетілген мәселелерді дереу шешуді тапсырады. Сондай-ақ осы күні Орынбор шекаралық комиссия бастығы сұлтан Баймұхамед Айшуақовқа хат жазып, Кордон бастығы мен Орынбор земстволық сотқа жолданғанын және сол жердің адамдарына ескерткішті бұзуға алып кетуге жол берілмеуді және бүлінген жерлерін жөндеуге нұсқау беріпті.

Демек, Бопай ханымның (архивтік құжатта ханша деп жазылған) бейіті 1836 жылға дейін, бүлінбегенін және 1845 жылдарда болғанын осы архивінің сараң сөздерімен дәлелдеп тұр емес пе?

Сонымен Бопай ханымның моласы Елек пен Жосалы өзендерінің қосылған (құярылығы) жеріндегі биіктікте және Жаңаелек хуторының маңы болса керек. Мұны сол жерлерді жақсы білетін ақтөбелік ағайындар іздеп таба алады. 189 жылдан кейінгі дерек жол сілтейді.

Тынышбек ДАЙРАБАЙ,
зерттеуші, этнограф



Айдын РЫСБЕКҰЛЫ,
геральдист

Қазақ геральдикасы – ұлттық мәдениеттің рәміздік кеңістігін ғылыми тұрғыдан зерделейтін кешенді сала. Ол ру-тайпа таңбаларынан мемлекеттік рәміздерге дейінгі таңбалық жүйені қамтиды. ХХ ғасырдың орта шенінен бастап бұл бағытта алғашқы ғылыми ізденістер жүргізіліп, негізінен, тарихи деректер жинақталып, қорғандардағы, тас мүсіндер мен әшекей бұйымдардағы бейнелер сипатталды. Тәуелсіздік кезеңінде зерттеу аясы кеңейіп, геральдика тарихи, этнографиялық, мәтіндік және картографиялық әдістермен ұштаса бастады. Бүгінде қазақ геральдикасы академиялық деңгейде қарастырылып, деректерді салыстырмалы талдау, текстологиялық сараптау және цифрлық технология арқылы жүйелеу мүмкіндігіне ие болды. Қазақ геральдикасының негізгі арқауы – ру таңбалары мен дәстүрлі рәміздер. Жылқы, бүркіт, күн, ай, өсімдік және геометриялық өрнектер – ұлттық дүниетанымның мәдени коды. Мәселен, бүркіт – еркіндік пен айбардың, жылқы – қозғалыс пен жеңістің, күн мен ай – өмір мен үйлесімнің рәмізі. Бұл бейнелер – тек сәндік элемент емес, тарихи жадының көрінісі. Олар көшпелі өркениеттің әлеуметтік құрылымын, әскери ұйымдасуын, дүниетанымдық ұстанымдарын бейнелейді. Саланы дамытудың маңызды бағыт-

ҚАЗАҚ ГЕРАЛЬДИКАСЫ: ДӘСТҮР ЖӘНЕ ДАМУ

тарының бірі – геральдикалық карта жасау. Әр өңірдің тарихи рәміздерін географиялық тұрғыдан жүйелеу арқылы таңбалардың таралу аймағы, тайпалық ерекшелігі, мәдени ықпалы айқындалады. Мысалы, Шығыс аймақтардағы қорғандарда құс бейнесі жиі кездессе, Жетісу мен Сыр бойында аң бейнелері басым. Экспедициялық зерттеулер барысында Орталық, Маңғыстау, Солтүстік өңірлерден жиналған таңбалар фототіркеуге алынып, өлшемі мен пішіні сипатталды. Алдағы уақытта бұл деректер геоинформациялық жүйеге енгізіліп, цифрлық карта түрінде қолжетімді болмақ. Қазақ геральдикасы тек бейнелік мұрамен шектелмейді. Ол мәтіндік дәстүрмен де тығыз байланысты. Көне түркі жазбаларындағы таңбалық ұғымдар мен қазіргі ғылыми түсіндірмелер арасындағы сабақтастықты сақтау – текстологиялық зерттеудің міндеті. Таңбалардың атауы мен мәнін тарихи деректермен салыстыра отырып талдау ұлттық терминологиялық жүйені қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл – тарихи жадты сақтаудың және ғылыми тілдің тұтастығын қамтамасыз етудің кепілі. Салыстырмалы геральдика да маңызды. Әлемдік тәжірибені зерделеу арқылы ұлттық ерекшелікті айқындауға болады. Мәселен, еуропалық геральдикадағы арыстан рәмізі билік пен батырлықты білдірсе, қазақ таңбаларындағы жыртқыш құстар еркіндік пен рух биіктігін меңзейді. Мұндай салыстырулар қазақ геральдикасының өзіндік сипатын әлемдік контексте танытуға жол ашады. Қазіргі кезеңде деректерді цифрландыру жұмысы қолға алынды. Сандық архивтер құру, бейнелерді автоматты топтастыру, жасанды интеллект арқылы



ұқсастықтарды анықтау – зерттеудің жаңа әдістемелік бағыты. Бұл тәсілдер рәміздердің аймақтық таралуын, тарихи өзгерісін және құрылымдық ерекшелігін жүйелі талдауға мүмкіндік береді. Осы бағыттарды біріктіретін іргелі жоба – «Қазақ геральдикасы» атты академиялық еңбек әзірлеу. Мұндай зерттеу еңбегі ру таңбаларының тарихын, типологиясын, мәтіндік деректермен байланысын, өңірлік ерекшеліктерін және әлемдік салыстырмалы талдауын қамтуы тиіс. Сонымен бірге цифрлық деректер базасы мен иллюстрациялық

каталог жасалып, ғылыми қауымдас-тық пен көпшілікке қолжетімді болуы қажет. Бұл еңбек ұлттық мұраны жүйелеу ғана емес, қазақ геральдикасын дербес ғылыми пән ретінде орнықтыру жолындағы маңызды қадам болмақ. Қазақ геральдикасы – өткеннің жәдігері ғана емес, болашаққа бағытталған ғылыми кеңістік. Таңба мен рәмізді тану – елдің тарихи санасын тереңдету, мәдени кодын сақтау деген сөз. Отан-сүйгіштікті бастауы да осы салада жатыр. Сондықтан бұл саланы кешенді зерттеу – ұлттық ғылым алдындағы өзекті міндет.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Білімді ұлт: сапалы білім беру» ұлттық жобасы аясында білім беру сапасын арттыру, заманауи әрі қауіпсіз мектептер салу жөнінде нақты тапсырмалар жүктеген болатын.

Мемлекеттік маңызы зор осынау міндеттерді жүзеге асыру, яғни өскелең ұрпаққа сапалы білім, тағылымды тәрбие беру арқылы озық ойлы ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру мақсатындағы үлкен іске өзіндік үлес қосуды көздеген Түркістан өңірінде жүйелі жұмыстар жолға қойылған. Жеткіншек ұрпақтың сапалы білім алып, толыққанды дамуы үшін, ең алдымен, білім ошақтары – мектептеріміз оқу ісіне қажетті құрал-жабдық түрлерімен жабдықталып, жылы да жайлы, қауіпсіз болуы тиіс. Осы ретте ұлттық жоба еліміздің барлық аймағында заманауи, жайлы да қолайлы оқу орындарының көптеп салынуын көздейді. Осы тұрғыда облыс әкімі Нұрлан Көшеровтің қолдауымен өңірде, соның ішінде Түркістан қаласында білім инфрақұрылымының дамуына баса назар аударылып келеді.

Ұлттық жоба аясында мектептерді жайлы, қауіпсіз және заманауи білім беру ортасымен қамтамасыз ету мақсатында өткен жылы Түркістан шаһарындағы 4 мектеп күрделі жөндеуден өткізіліп, 7 мектепте ағымдағы жөндеу жұмыстары аяқталды. Сонымен қатар облыс әкімі баспасөз қызметінің хабарлауынша, «Келешек мектептері» жобасы аясында 1200 және 2000 орындық екі жаңа мектеп пайдалануға берілді. Білім ошақтарының жетіспеушілігін қысқарту нәтижесінде оқушыларға қолайлы әрі қауіпсіз білім

Сапалы білім алға жетелейді



беру ортасы қалыптасып, үш ауысымды мектептер мәселесі толық шешімін тапты. Бүгінде қала мектептерінде апатты жағдайдағы ғимарат қалмаған деп айтуға болады.

Қазіргі күні қаладағы 38 мемлекеттік мектеп 100 пайыз интернет желісіне қосылып, қауіпсіздік шаралары аясында барлық білім беру ұйымдары бейнебақылау камераларымен қамтамасыз етілген. Қала мектептерінде 17 481 оқушы ыстық тамақпен қамтылып отыр.

Ұлттық жобада көзделген білім сапасын арттыру міндеті оқушыларды сапалы оқулықтармен қамтамасыз етуге тікелей байланысты болмақ. Сондықтан мектептерге 124 949 дана оқулық таратылған. Осыған орай білім сапасы көрсеткіштерінің де жақсара түскенін байқауға болады. Мәселен, 2024–2025 оқу жылында 178 оқушы Алтын белгі иегері атанса, 250 түлек жылды Үздік аттестатпен аяқтаған. 9-сынып бітірушілерінің 350-і үздік аттестатқа ие болса, 11-сыныпты тамамдаған 3 063



бағытталған Яссауитану пәнінің үйірме ретінде енгізілуі болды.

Айта кетейік, жалпы Түркістан қаласында 249 білім беру мекемесі жұмыс істейді. Оның ішінде 86 мектеп, 152 мектепке дейінгі ұйым және 6 мектептен тыс мекеме бар. Бүгінде жалпы білім беретін мектептерде 60 мыңға жуық оқушы білім алса, мектепке дейінгі ұйымдарда 17 776 бала тәрбиеленуде. Жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру саласындағы білім беру ұйымдарында 5 606 педагог қызмет етеді. Жоғарыда атап өткеніміздей, білім инфрақұрылымының нығаюы мен соған сай артып отырған білім сапасы – өңірде атқарылып жатқан ауқымды жұмыстың нақты нәтижесі.

«Білімді ұлт: сапалы білім беру» ұлттық жобасы аясында жолға қойылған жүйелі жұмыстың нәтижесінде Түркістан қаласында білім беру саласы уақыт талабына сай жанарып, бәсекеге қабілетті ұлт қалыптастыру мақсатында дамып келеді.



оқушының 2 468-і ҰБТ-ға қатысып, 53,1 пайызы мемлекеттік грант жеңіп алған.

Түркістандық жеткіншектер пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобаларда да айтарлықтай жетістіктерімен қуантып келеді. 2024–2025 оқу жылында 108 оқушы облыстық, 9 оқушы республикалық олимпиадаларда жүлдегер атанса, 2025–2026 оқу жылының алғашқы жартыжылдығында өткен облыстық олимпиадалар мен ғылыми жоба конкурстарында 76 оқушы жүлделі орындардан көрінді. Атап айтар бастаманың бірі – биылдан бастап қала мектептерінде жас ұрпақтың рухани-танымдық көкжиегін кеңейтуге



«Шал мен шаһар» деген кітаптың аты бірден Эрнест Хемингуэй-дің әлемге әйгілі «Шал мен теңіз» романын есіңізге салары сөзсіз. Бірақ бұл – өзіміздің бүгінгі күнгі замандас әріптесіміз ақтаулық журналист-жазушы, ақын Темір Мыңжастың өткен 2025 жылы ғана Алматыдағы «Үш қиян» баспасынан жарық көрген су жаңа кітабы. Автор теңіз жағасында тұрса да, кітап атын сәл басқашалау қойыпты, иә, таза теңізші болмаған соң, бар ғұмыры құрлықтағы үлкенді-кішілі шаһарларда өткен қаламгердің шаһар деп атағанын құп көрдік те, зейін сала оқуға кірістік.

ОҚЫРМАНҒА ОЙ САЛАР ОЙМАҚТАЙ ТУЫНДЫЛАР

Кітаптың беташары осы аттас ғұмыр-намалық хикаятпен басталады екен. Бас-аяғы қырық беттей ғана хикаятта Үстірт өлкесі мен Түркіменстан өңірінің бір ғасырға жуық тарихы қамтылады десек, артық айтқанымыз болмас. Жиырмасыншы ғасырдың басындағы қуғын-сүргін, ел ішін жайлай бастаған ашаршылық көз алдыңнан кино таспасындай елес береді. Сол үркіншілікте көршілес Түркіменстан жерінен пана тапқан қазақ елі. Сол көптің бірі болған Мыңжас әулеті. Сол әулеттің сол өңірде 1952 жылы дүниеге келіп, ес біліп, етек жапқан көкірек көзі ашық зерделі ұлы Темір, яғни осы кітаптың авторы.

Бір көңіл тұшынтары жер ауған отбасының бастан кешкен қиыншылықтары мен тартқан тағдыр тауқыметтері еш бояма-қоспасыз, әсірелеусіз, нақты, сана ағымына (поток сознания) салыну атымен жок. Қысқа да нұсқа. Айтар ой, баяндалар жайт тап-тұйнақтай. Бас кейіпкеріміз алғашқы сауатын түркімен тіліндегі мектептен бастап ашады. Одан кейін барып, қазақ мектебіне ауысады. Тіл білгеннің артықтығы жок екеніне кейін газет қызметкері болып жүрген кезінде көзі әбден жеткен. Красноводск аудандық «Жұмысшы» газеті қазақ тілінде шығатын болғанмен, араласатын еңбеккерлерінің басым көпшілігі жергілікті түркімен ұлтының өкілдері болатын.

Айтпақшы, оған дейін Түркімен Республикасы Красноводск теміржол дистансасында жол монтері болып тәжірибе жинақтаған ол, бұл газетке 1972 жылдан бастап келген. Дәл осы жылдан бастап алғашқы өлеңдері де мерзімді басылым беттерінде жариялана бастаған. Күнделікті күйбең тіршілігі бітпейтін газет жұмысына төселе жүріп, шығармашылықпен айналысуға да уақыт табуды естен шығармаған жігіт ағасы өлеңмен бірге шағын әңгімелер жазып, арасында аударма жасаумен де айналысады. Ара-тұра балаларға арнап қалам тартатыны да бар және ол жағынан да табыссыз емес. 2009 жылы балаларға арналған шығармалар үшін жарияланған Халықаралық «Дарабоз» конкурсына қатысып, «Сүлеймен – Саржапалақ, мен және кастол лом» атты әңгімесі жүлделі үшінші орынға ие болған. Осылайша, әдеби ортадан шалғайда жатып-ақ өзін-өзі шындап, қаламы мен талабын ұштай түскен Темір – бұл күнде он бесшақты кітаптың авторы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. 2011 жылы Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығына орай ұйымдас-тырылған этножурналистика саласындағы «Шаңырақ» атты республикалық конкурстың жеңімпазы. Қысқасы қай салаға қалам тартса да, Жаратқан иесінің бойына дарытқан Нығметіне кіршіксіз адал талант иесі.

Кезінде түрлі мелекеттік қызметтерді де абыройлы атқарған іскер қаламгер «Ерен ерлігі үшін» медалімен марапат-

талды. Бұл – әділеттің ақ жолымен өз иесін тапқан марапат. Олай дейтініміз, Темір Мыңжас атак-абырой қуып, тілем-сектенетін жаннан емес. Қанмен бірге туа біткен болмысы сол. Жарамсақтанып, жалған жақсы атану оған мүлде жат. Ең жексұрын қылық. Тіпті шығармашылық жолында да ол біреулерге өлеңін ұсынып, ән жазуын өтініп көрмеген ақын. Сазгерлер мен композиторлар оны өзі іздеп табады. Бұл сөзімізге дәлел – осы кітаптағы «Жүректен шықса, жүрекке жетеді» (97-бет) сынды т.б. туындылары. Бір қызығы мерзімді баспасөз басылымынан оқып, көңіл пернесін дөп басқан :

«Аяулым-ау, екеуіміз қосылғалы
Бақытыма айналдың басымдағы, –
деп басталып,


Өлді десе сенерсің, сенбе бірақ
Саған деген махаббат солғанына»,
– деп аяқталатын өз өлеңін арнайы көлікпен үйіне алдырып, домбырамен әндетіп орындап берген композиторға қалай риза болмассыз. Дәл осындай оқиға композитор Жалғас Кенесов, Айтгүл Әбдіразақова тарапынан да болған екен. Айтгүл 1988 жылы «Жалын» журналының брінші санында жарық көрген Темірдің «Шағала» атты өлеңіне әуен шығарып, оны нақышына келтіре орындаған танымал әнші Махбуза Шоманова көпшілік тыңдарманға жеткізіп, әнсүйер қауымның ыстық ықыласына бөленеді. Бірде, бір мерекеге орай «Мұнайшы» мәдениет үйінің алдындағы аланда концерт болып жатқанда, ауылдастары композитор Жалғаспен таныстырады. Ол:

– Ассалаумағалейкум, Тәке! – деп қолын ұсынады да: – Мен сізді сыртыңыздан жақсы білемін, бір жағынан маған жезде екенсіз. Есболат айтқан, танысқаным өте қуаныштымын. Сіздің «Апа, сен қартаймайсың» атты өлеңіңіз әнге сұранып-ақ тұр екен, содан ән туып кетті, қарсы болмайсыз ғой? – деді.

– Өлеңім кәдеге асып жатса, неге қарсы болайын, – деп күлдім дейді автор.

– Ендеше, қазір сахнада «Заман» тобының сүйемелдеуімен Аманкос деген әнші жігіт орындайды.

Әнді тындап риза болған автордың көңіл құсы шығарға шарықтайды. Автордың жазу мәнеріндегі бізді тәнті қылатын бір шеберлік – аз сөзбен көп ой түйе білу. Қысқа да нұсқа кестелі сөзбен шымыр ой айта білу. Бұл ретте ол әріден тартсақ, Антон Чеховтың, берідегі шағын жанрдың шебері атанған классик жазушымыз Сайын Мұратбековтың жазу стилінен көп үйренгенін аңғарамыз. Сөз арасында кестелі сөздер деп қалған соң, мысал келтіре кетейік. «Күздің күрең аспаны қатулана қабақ түйгендей түнеріп, тұтасқан бұйра бұлт көкжиекпен астасып кеткен». (64-бет). Деген сынды табиғат суретін бейнелейтін тұшымды



сөйлемдер кітапта жетіп артылады. Осы орайда кітаптағы хикаят пен әңгіме, эсселерді деректі әрі көркем дүние деп қабылдауға да болады. Деректі болатыны мұндағы кейіпкерлер мен суреттелетін жайттың бәрі – нақты, өмірде болған оқиғалар. Көркем болатыны тілі жатық, бейнелі, «тілге жеңіл жүрекке жылы тиетін» сөйлемдерге бай. Сондықтан да еш қиындықсыз тез оқылады. Нағыз бүгінгі күннің оқырмандары үшін жазылған дүниелер дерсің. Қай жанрға жатқызсаңыз да, Қазақстанның Құрметті жазушысы Темір Мыңжастың «Шал мен шаһар» кітабы – өз оқырманын табатын танымдық, тәлімдік ғибраты мол туынды. Автор өзі еңбек еткен шаһарлар мен аудандағы қарапайым мамандық иелерінен бастап, белгілі өнер санлақтарының өмір жолдары мен шығармашылықтары жайлы да көп мағлұмат беруге құштар. Олар жайлы тебірене толғанып, оқырманын сүйсіндіре отырып жазады. Солардың бірі – белгілі ақын Есенғали Бөкенбаевтың өмірі мен шығармашылығы жайында жан-жақты жазылған естелік эссенің жас әдебиетшілер мен өлкетанушылар үшін ғибраттық мәні зор. Әсіресе осындағы «Тоғыз қайық» эссесін толғаныс, тебіреніссіз оқу мүмкін емес. Теңіз төріндегі табиғат апатымен ашық ай-қасқа түскен балықшылар тағдыры, оны көркем поэзияға айналдырып, марқұм жерлестеріне дастанмен өшпес ескерткіш тұрғызған шайыр талантына қалай тәнті болмассыз.

Қорыта түйіндейтін болсақ, қолыңыздағы бұл кітап – Маңғыстау өлкесінің кішігірім энциклопедиясы іспетті дүние. Оқырманына салар ойы да, берер танымдық ғибраты да баршылық кітап.

Арасанбай ЕСТЕН,
Халықаралық «Алаш»,
республикалық Кемел Тоқаев,
Сайын Мұратбеков атындағы
әдеби сыйлықтардың лауреаты,
«Құрмет» орденінің иегері



Сейфолла ОСПАН

Аналарға ақ тілек

Аналар – алғашқы перизат,
Іргелі шаңырақтың иесі.
Қосағың қосылған көңіл шат,
Отбасы ошақтың киесі.

Аналар – ақ тілек құйылған,
Көңілдің көркі ол, өшпейтін.
Қиналсаң пірің ол сыйынған,
Өмірдің өзі ол көксейтін.

Анаға қонбайды жат тілек,
Анада болмайды жат жүрек.
Өлсе де, жатады ақ тілеп,
Ұрпаққа сарқылмас бақ тілеп.

Жер де – ана, су да – ана,
сен де – ана,
Ауамен дем алар жан дауа.
Ұрпақты өргізген ең дара,
Анамыз ардақты сен ғана.

Аналар не деген ғажайып,
Кетпесін ақ тілек азайып.
Азайса адамға таза айып,
Жазсақ біз соны тек жазайық.

...Өзінің шаңырағын ұстаған,
Көркімен көз тартар гүлдей боп.
Адамдай бастан бақ ұшаған,
Аналар жайнасын күндей боп!

«ӨМІРІ – ӨНЕГЕ, ЖОЛЫ – ҮЛГІ»

Қазақстанның құрметті жазушысы, қазақ прозасының көрнекті өкілі Бексұлтан Нұржекеұлының 85 жасқа толған мерейтойына орай жазушымен кездесу әрі «Өмірі – өнеге, жолы – үлгі» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.



Белгілі жазушылар мен әдебиеттанушы, ғалымдар қатысқан әдеби жиында қабырғалы қаламгердің шығармашылығы жайында кеңінен баяндалып, кейіпкерлер галереясы галданды. Сондай-ақ жазушының өмір жолы, оқырман жүрегінен орын алған туындылары кеңінен таныстырылып, әдебиетке қосқан зор үлесі насихатталды.

Ұлағатты ұстаз, Қазақстан Республикасы Журналистер одағының мүшесі, филология ғылымдарның кандидаты Рыскен Рахымқызы жан дүниесі жыр мен сырға толы, аспан мен жер қабат сыйып кетердей ішкі әлемі байтақ жан.

Ол ұлтын сүйетін, өз ұлтының рухани құндылықтарын, мәдениетін, салт-дәстүр, әдет-ғұрпын қастерлей білетін, елінің тағдырына, болашағына алаңдайтын, оған шын жаны ашитын, әсіресе жас ұрпақтың келешегіне, тәрбиесіне ерекше көңіл бөлетін, керек жерде елі үшін отқа да, суға да түсе алатын ұлт патриоты деуіме толық негіз бар. Бүгінде ұлтжанды болу, ұлтын шын сүю екінің бірінің қолынан келмейді. «Тегінде дүние сұлулық пен сұмдықтан, мейірімділік пен қатыгездіктен, шындық пен жалғаннан, ақ пен қарадан тұратыны өмір заңдылығы болса керек. Онсыз адамға тән жақсы-жаман қасиеттерді парактап білу қиын», – деп, Рыскен Рахымқызының өзі айтқандай, мынау жұмбағы мен сыры қатпар-қатпар әлемдегі барлық ізгілікті бір бойына жинаған адамдардың тым азайып кеткені ойландырмай қоймайды. Ал адам жанына мейірімділікті қалай ұялатамыз? Меніңше, оның бірден-бір кілті – әдебиет, халықтың салт-дәстүрі мен мәдениеті. Рыскен Әбішеваның «Тірі жүріп көргеннің бәрі қызық» деген кітабының адам жанына нағыз мейірімділік ұялататын шығарма екеніне назар аударғым келеді. Кітаптағы әңгімелер мен эсселер бұл сөзімнің дәлелі. Атауына қарап бұл еңбек естеліктер жинағы ма деп қаласың. Естелік деген – басынан өткен-кеткенді еске алып жазып шыққан дүние. Ал Рыскен Әбішеваның мына жазған дүниелерінің басым бөлігі – естеліктен асып, көркем әңгіме деңгейіне көтерілген шығармалар. Бұл әңгімелердегі табиғаттың тамылжыған суреттері кейіпкер Қоңырқыздың жан толқынысымен, жүрек лүпілімен, балауса арман-қиялымен, ішкі сезім бұлқыныстарымен астасып, мөлдір бұлақтай сыңғырлай аққанда тұла бойың шымырлап сала береді. Ондағы оқиға, эпизодтарға байланысты автордың толғаныстары терең ойға жетелеп, бірде мұнайтып, енді бірде жаныңды жадырата түседі. Қоңырқызбен бірге күрсініп, бірге күлімдейсің. Көркем әдебиеттің құдіреті деген осы. Рыскен Әбішева өзі әдеп сақтап «естеліктер» деп атағанымен әрбір шығармасы әңгіме әсерін арқалап тұрғанын жан-тәнімен сезінесің. Мысалы, кішкене Қоңырқыздың ауыл қыздарымен бірге шалғайдағы әулие ағаштың жанындағы бұлақтан су алып, екі шелекті иін ағашпен әзер көтеріп келе жатып сүрініп құлап, суын төгіп алуы, суға барамын деп сабақтан кешігіп «көккөз» мұғалімнен зәбір көріп, егіле жылауы, үйдегі өгей шеше Кербезден бірауыз жылы сөз естімей көңілі құлазуы өмірдің ащы дәмін татқан талай-талай жетімектің тағдырын көзіне елестетеді. Қоңырқыздың қақаған қыста колхоздың ұстаханасынан ағаш жаңқаларын қапшықпен арқалап тасып, үйге отын жинауы – сол жетім тіршіліктің шынайы суреті.

«Қашқын» деп аталатын әңгімесінде автор 9-10 жасар шамасындағы Қоңырқыздың өгей шешесі Кербездің қорлығына шыдамай кеш қарайғанда үйінен қашып шығып, қызылша алқабының батпағын кешіп жүріп көрші ауылдағы қайдағы бір жамағай-

Ұстаздың ӘСЕМ ӘЛЕМІ

ындардың үйін паналауы, оның өмірге деген мұң-наласы жүрегінді ауыртып, жаныңды сыздатады. «Көз ілеспейтін жылдамдықпен Кербез кемпір қолындағы ожауды бейқам сөйлеп тұрған бүлдіршін қызға сілтеп қалды, – деп жазады әңгімесінде қаламгер. – Сол сәтте бейшара қыз шырылдаған күйінде екі қолымен төбе шашын жұлмамай жерге отыра кетті. «Менің жанашыр туған анам болса, осынша қорламас еді» деген ой тұңғыш рет кіршіксіз сәбидің санасында жылт етті».

Өгей шешенің зорлық-зомбылығына шыдай алмай екі кештің арасында үйден қашқан Қоңырқыздың жан күйзелісін автор былай кескіндейді: «Үлкендердің әңгімесінен соң, бүгінше, атасының ағайындас қарындасы сонау көз ұшында көрінген ауылда тұрады дейтін, «Не де болса бара көрермін, сол әйел паналатар, өңі жылы кісі еді ғой» деп ойлады. Ол жан-жағына қарап еді, ұшы-қиыры жоқ ен даламен бүгін жүріп жете алмастай көрінді. Жок, қимылдайын, артқа қайтуға болмайды деп, өзінің ауыл жағына үрейлі көзбен қарап қойды да, дәл бір тұтқыннан босанып шыққан қашқындай жанталаса алға қарай ұмтылды. Төбе құйқасы қатты шымырлап ашығаны басылып, енді жараның орны ауыра бастады. Жаратқан Иесі де тас-бауыр жандардың тірлігінен түңіліп, жетім қозының күйін кешкен жетімектің тағдырына күңіренгендей болды ма, ол кешіп келе жатқан қызылша алқабы әп-сәтте кара-қышқыл ренге ауысты. Адам-итке таланған сормандай сәби қыз пана болар пенде іздеп, екі жағына алаңдай қарап, жығылып-сүрініп келеді». Міне, бұл жолдарды толқымай-тебіренбей, көзіңе жас алмай оқуың мүмкін емес.

Рыскен Әбішеваның осы кітапқа енген Қоңырқыз туралы әңгімелерінің бірінен-біріне ауысқан сайын жүрегің одан әрмен сыздай түседі. Мысалы, «Тас галаш» әңгімесінде пәлендей күрделі сюжет те жоқ, жай ғана оқиға: «Қоңырқыз күн боранда алыстағы суаттан екі шелек су алып қайтып келе жатып аяғындағы бедері жоқ тас галашпен тайып жығылып, суын түгел копарып алды, екі аяғы малмандай су, қайтып су әкелуге шамасы жоқ, жетімдігіне налып ағыл-тегіл жылайды. Бірақ осы үш беттік шағын әңгімеде оқиғадан гөрі жан түршігерлік психологиялық күйзеліс басым. Мысалы, «Ауылдан ұзап шыққаны сол еді, әп-сәтте алай-дүлей боран басталды. Иығындағы шелегін ашулана соққан жел арлы-берлі шайқап, оның өзін біресе алға, біресе артқа итеріп келеді. Алды-артынан үдей соққан желмен қаңғалақтап алға

ұмтылады. Ілгері жүрген сайын өршеленген жел оның жолын бөгеп жүргізер емес. Қарлы боран ұйтқи соғып, үскірік жел бет қаратпайды... Жел жағадан алса, тозығы жеткен галош тайғанақтап ол жүргізбейді. Қойны-қонышын суық жел ызылдай аралап, тона бастады.



Көйлектің сыртынан киген, онып кеткен қырық жамау тоқыма жемпірінің екі жеңін кезек-кезек тартқылап, қолын жылытпақ болады... Дүниенің кендігін қайтсын, аяғындағы тас галошы қолпылдап, тайғанақтап, сүрініп жығыла жаздайды». Міне, осы жолдардың өзінен-ақ автордың табиғат суреті мен адам тағдырын шебер үйлестіре білгені аңғарылады.

«Бұдан кейін не болды?» деп оқырман да кітапқа енжелектей түсері белгілі. Тағы да табиғат пен адам тағдырының шарпысуы... «Тізерлеп отырып әп-сәтте екі шелегін толтырып алды. Шүпілдете толтырған екі шелек мөп-мөлдір суды иін ағашына іліп, ол тоғанынан шықты. Аяғын енді-енді басып жүре бастаған сәбидей қалт-құлт етіп, әрең жүріп келеді. Әр қадамын сақтана басып жүріп келеді. Жалғыз аяқ жолды жел үрген қар тұтастай жауып үлгеріпті. Жолдың тегістеу жерін анықтап алмақшы болып, демалайыншы дегенше, бұдырсыз таз галошы тайып кетті... Шелектің түбі шонқиған тікеннің түбіріне тиіп, қисайып құлап жатыр. Шелек түбіндегі сарқынды су жерге қимағандай, аяғынан шешіліп бос қалған галоштарға құйылып жатты. Жүк тірей құлаған екі алақаны ашып, жанына бір батса, төгілген суына қарап жан жарасы екі есе ауыр тиді... Бос шелек. Жаралы жүрек... Ол өксіп келеді...» Жетімнің жан ауыртар тағдырын осы бір қысқа жолдарға сыйғызған автордың шеберлігіне тәнті боласың.

Бұдан басқа да «Әулиеағаш», «Зәбір», «Жанбырлы түн», «Сағыныш» сияқты әңгімелерінде жетімек Қоңырқыздың аянышты тағдыры одан әрі тереңдей береді. Автордың жазу шеберлігі ерекше: табиғат суретін құбылта суреттеп, адамның ішкі жан дүниесін, психологиясын терең ашып көрсетіп образ жасауы, оқиға-құбылыстарға байланысты ой-толғауы нағыз қалыптасқан жазушының қолтаңбасын танытады. Әрине, шығармаларынан

публицистикалық сарын да байқалып қалады. Бірақ бұл шығарманың көркемдігін әлсірете алмайды, керісінше оқиғаның жылдам дамып, тез өрбуіне әсер етеді.

Біз сөзімізді «әңгіме желісі арқылы адамдарда мейірімділікті қалай қалыптастыруға болады?» деген сұрақтан өрбіткен едік. Мен, мейірімділік сезімін осындай әдеби шығармалар, ондағы күйзелісті адам тағдыры оятады деп ойлаймын. Сондықтан әлемді электронды жазбалар жаулап алған қазіргі таңда жастарымызды әдеби шығармалар оқуға, одан идеялық тағылым алуға үйретуіміз керек сияқты.

«Баланың бәрі бақытты болу үшін жаралған» (2018) атты мақаласында ұлт болып ұйысып, ел болып еңсемізді көтерген кезімізде қолға алар ісіміз – ұрпақ тәрбиесі, ал сол бала тәрбиесіне үлкен мән беретін отбасындағы тәрбие қандай болу керек деген сұраққа жауап береді. «Қазіргі кездегі төрткүл дүниеде болып жатқан жантүршігерлік нәрселерді ғаламтор арқылы беріп те, көріп те жатамыз. Автор аталмыш мақаласында қазақтың ұлттық санасына, салты мен әдебіне жат әдеттерден аулақ болуға үндейді.

Рыскен Рахымқызы біршама уақыт бұрын Жамбыл арнасының «Кәусәр» бағдарламасында (2020) бүгінгі жастардың келбеті мен ұлттық тәрбие аясында сұхбат берді. Сонда кешегі дәуір мен бүгінгі заман арасындағы алшақтыққа тоқтала келіп, бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның жастарына отбасы тәрбиесінің жетіспейтінін тілге тиек еткен болатын. «Құдайға шүкір, қазір Тәуелсіз елде өмір сүріп жатырмыз» деп мақтанышпен айтсақ та, әттеген-ай дейтін өзекті мәселелер әлі көп. Оның бірі – бүгінгі жастарымыздың өз тілінде өз ойын толық жеткізе алмауы, ертеңгі отбасының ұйытқысына айналар қыздарымыздың ашық-шашық киінуі, ұлдарымыздың жауапсыздығы, үлкенді сыйламауы, түптеп келгенде отбасы тәрбиесінің осалдығынан», – дейді бағдарлама қонағы. Жастарымыздың бұлай өзгеруіне қоғам мен жастарды ғана кінәлауға болмайтынын, бұл бағытта үлкендердің де дұрыс бағдар көрсетуге мүдделі болуы керекін де алға тартты.

Қашан да өз бақытынан ұлт бақытын жоғары қоятын қазақтың қайсар қыздарының бірі – Рыскен Рахымқызының алдынан тәлім алған шәкірттер де осал болмайтыны ақиқат. Елінің ертеңіне бей-жай қарамайтын Рыскен апайдай ұлтжанды тұлғаларымыз өз шәкірттерін Абай ілімімен терең сусындатып, оны ұрпақ санасына сіңіре берсе, тіліміз бен мәдениетіміз өркендей беретіні хақ.

Мақала соңында Рыскен Әбішеваның мықты жазушы, білікті педагог қана емес, ардақты ана, аяулы әже, асыл жар екенін де айтқанымыз жөн. Рыскен Рахымқызының мерейлі 70 жасқа толуына орай, ұстазға зор денсаулық, қажымас қайрат, шығармашылық табыс тілеймін.

Ғалия ТАУБАЕВА,

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Педагогика және психология факультетінің

Мектепке дейінгі білім беру және әлеуметтік педагогика кафедрасының доценті

Ұлтымыздың тарихы өз бастауын сонау көшпелі заманның гинократиялық дәстүрлерінен нәр алған, нәзік жанды, «түкті жүрек» ханшайымдардың үкілі үлгілерін әлемге танытқан батыр да батыл қаһарман қыздарға кенде емес. Әрине, табиғаты күрделі, танымы тың, әлі де қыры мен сыры ашыла қоймаған аталмыш жұмбақ құбылыс өз алдына бөлек тақырып. Дей келе, оқушы назарын, алған бағытынан таймай, қойған мақсат-мүддесін жүгендеуде ғалым әйел атаулыдан тапжылмас қайсарлық талап етер ғалым «майданына» қарай бұрсам деймін...

Кезінде есімдері елге танымал болған Д. Дулатова, К.Хафизова, М.Әбусейітовалармен шектелген қазақтан шыққан тарихшы әйелдердің саусақпен санарлықтай сирек құрамы, бағымызға орай, бүгінде қатары калындап, буыны қатайған үлкен қауымға айналды. Соңғы отыз бес жылда ғалым докторы атағын иеленген отандық тарихшы әйелдер статистикасынан хабарым аз, дегенмен сол топтың ішінде, көзім көріп көңілім толған, өзім білер өжет мінез қазақтың тағы бір қызы, тарих ғалымдарының докторы, профессор, саналы ғұмырын ғалымға арнаған Зақыш Сәдуақасова жайында жадымда сақталған кішігірім жанды естелігімнен бөлісуді жөн көрдім.

Әріптесіммен алғаш кездесуіміз кәсіби кара шаңырағымыз болып танылатын Қазақ Мемлекеттік Ұлттық университеті тарих факультетінің Қазақстанның жаңа заман тарихы кафедрасы қабырғасынан басталып еді. Екеуара азын-аулақ жас айырмашылығымызға қарамастан, Зақыш Төлеханқызымен ғұмыр бойы жалғасып та жарасып келе жатқан достығымыздың сыр-себебі тек адами не азаматтық көзқарас үйлестігімен шектелмек емес. Басымызды жіпсіз байлап-біріктірген ең басты ортақ құндылығымыз – сауатты да салауатты, тіршілік-тынысы түйсігімізге таныс та түсінікті, шынайы академиялық орта мен жанды ғалым ахуал.

«...Кетбұғадай билерден, Кенес сұрар күн кайда?» демекші, тап сол уақытта санамызға ұстаз бен шәкірт, ғалым мен ғалым, тарих пен тарихшы, зияткерлі ортада пікірталасу мәдениеті мен ғылыми этика арақатынасын қазықтаған: У.Шәлекенов, С.Жақыпбеков, Ә.Хасенов, Д.Дулатова, Ж.Ибрашев, Ж.Қасымбаев, К.Хафизова, Т.Омарбеков, М.Қойгелдиев, Ә.Төлеубаев, Қ.Жұмағұлов сияқты аузын айға білеген, кесек тұлғалы кәсіби «жұлдызды шоғыр» ұстанымы мен тағылымы десек, артық айтқандық емес.

Әдетте, адам атаулының тұлға болып қалыптасуына сонау тумасынан түрткі болар табиғат, уақыт, қоғам, кеңістік сияқты сан салалы өлшемдердің өзара өрімі әсер етеді. Кейіпкеріміздің шағын да нәзік сыртқы болмысы мен даладай кен ашық пейілі мен қарапайым ішкі дүниесіне түрткі болған көпбалалы жұмысшы отбасының күнделікті өмір тіршілігі, жастайынан ата-анасына қамқор, артынан ерген бауырларына үлгі болуды мақсат тұтқан таудай талап, намысқой да тік мінез, құрыштай қайрат-жігер секілді сан қилы факторлардың сикырлы үйлесімі болса керек.

...Қарағанды орта мектебін үздік аяқтаған бойжеткен Зақыш, өзі секілді көкірегі ояу өзге қарақөздер қатарында арман қуып Алматыға келіп, осында 1974—1979 жылдар аралығында Қыздар педагогикалық институтының тарих

факультетінде жоғары білім алады.

Көп ұзамай, Қазақ мемлекеттік университеті тарих факультетінің аспирантурасын тамамдап, кандидаттық диссертациясын қорғап үлгерді. Осы тұста Зақыш Төлеханқызын «инемен құдық қазар» қиын да қилы ғалым әлеміне баулып, оның ғалым ретінде қалыптасып, ғылыми-зерттеу шығармашылығының ұшталуына бірден-бір себепкер болған ұлаға-

жылдары аталмыш тақырыпта жарияланған Мекемтас Мырзахметұлының «Қазақ қалай орыстандырылды?» атты әйгілі кітабынан өзге мұрағат материалдары негізінде жан-жақты талданған іргелі ғылыми зерттеулерлер жоктың қасы болатын.

Оған қоса жасыратыны жоқ, ол кезде ортамызда бодандық сана құрсауынан шыға алмаған, бұл мәселеге қатысты сын түгілі

Ресей империясының құрамында: отар мен метрополия арасындағы қатынастар тарихы», «Қазақстандағы империялық билік институттарының қалыптасу және қызмет ету тарихы» (XIX—XX) жобаларының ғылыми жетекшісі болды. «Қазақстанның ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі тарихы» академиялық жеті томдық басылымын әзірлеуге атсалысты. Профессор З.Т.Сәдуақасова – Қазақстан

ӨЖЕТ МІНЕЗДІ ҒАЛЫМ...



Суретте: Тарих ғалымдарының докторлары, профессорлар Н.Мұхаметханұлы, З.Сәдуақасова, Т.Төлебаев, К.Бурханов, А.Оразбаева

тты ұстазы, тарих ғалымдарының докторы, профессор Серік Жақыпбековтың еңбегін ерекше атап өту қажет деп санаймын. Көзі тірісінде, көбінесе Зақышқа «кыз» деп қарата сөйлетін профессор Жақыпбеков, бөгдеге жүзі суық, талабы жоғары, катал кісі көрінгенімен, артынан ерген өз шәкірттеріне әкелік мейіріммен қарап, әрқайсысын қызғыш құстай қорғаштап, қолынан келген көмегі мен қамқорлығын аямайтын жанашыр да еңбеккер ғылыми жетекші болатын.

ҚазҰУ КСРО кафедрасының бұрынғы атауы «Қазақстанның жаңа заман тарихы» болып қайта рәсімделіп, басшылық тізгіні М.Қойгелдиев, Т.Омарбеков, Қ.Атабаев сияқты ұлтжанды қайраткер-тарихшылар қолына тиген тұста ой-ортамыз балғын дем, жаңа идеяларға толығып, ізденушілеріміз бұрын-соңды зерттеме түгіл, ауызға алуға тыйым салынған мәселелерге назар аударып, отандық тарихнама жаңа белеске бет алған еді.

Тап сол жылдары Серік Құрманғалиұлы Орталық мұрағат қорларындағы Ресейлік патша өкіметінің отарлау саясатына қатысты қол-жазбалар, дереккөздерін жинастыру ісіне қызу араласып, өз шәкірттерін аталмыш кезеңге қатысты құжат жинақтарын құрастырып, баспаға әзірлеуге жұмылдырды. Нәтижесінде, тез арада Қазақстанның «зар-заманына» тиесілі алғашқы архивтік құжаттар мен материалдар жинағы жарық көрген болатын. (*История Казахстана (XVIII – начало XX вв.): Сборник документов и материалов. Алматы: КазГУ. 2001. Құрастырушылар: С.К.Жақыпбек, М.А.Қалдыртаева, А.А.Белбаева, З.Т.Сәдуақасова*).

Аталмыш мәселенің мән-жайын тарата жазып отырғаным, нақ осы ғылыми ізденіс үдерісі барысында, профессор Жақыпбеков ағамыз Зақыш Сәдуақасованың болашақ докторлық диссертация тақырыбын «Қазақстанның білім және дін саласында патшалықтың рухани экспансиялау» деп бекітуге шешім қабылдауына орай, отандық тарихнамада әйгілі Е.Бекмаханов тағдырынан қаймыққан ғалымдарымыздың әлі де бас көтеруге батылы бара қоймаған аса бір күрделі ғылыми бағыттың іргетасы қаланды. Сол

сыбыс шығаруға қауқарсыз әріптестеріміз де баршылық еді. Қалай дегенде де, алған бетінен айнымай, шаруасына білек сыбана кіріскен Зақыш есімді өжет мінез, қайсар қыз шектеулі мерзім ішінде Қазақстан, Өзбекстан, Ресей мемлекеттік архивтерінің қалың қамбарларында сан жылдар бойы көмулі жатқан, сирек жазбалар негізінде, патшалық империяның қазақтың жанды жері, рухани өмірі: тілі, ділі, дініне тиесілі жүргізілген қастандық саясатын ғылыми құжаттар негізінде дәлелдей отырып, докторлық диссертациясын сәтті қорғап шықты. 2008 жылы профессор атағын иеленеді.

Одан қалды, кейіпкерімнің қажымас еңбеккерлігі, тынымсыз да шексіз, тек ғылыми шығармашылықпен шектелмес, ағартушылық, оқытушылық, тәлімгерлік қайраткерлігіне дәлел ғалым өмірбаянында төменде келтірілер қысқаша тізім қайырымы оқырманымызды біраз ойға жетелесе керек. Ол – «Қазақстан Республикасының ЖОО үздік оқытушысы» республикалық байқауының 2008 жылғы жеңімпазы. 2009 жылы Лондон университеттік колледжінде (UCL) біліктілікті арттыру курсына аяқтаған. 2009 жылы Познань университетінде тарих пәнін оқыту тәжірибесін және Хабилизациялық кенестің қызметін зерттеген. 2012 жылы ҚазҰУ «Қазақстан Ресей империясының құрамында: отар мен мегаполис арасындағы қарым-қатынастардың тарихы» ғылыми жоба жетекшісі болған. 2013–2017 жылдары Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры болып қызмет атқарса, 2017 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері.

Зақыш Төлеханқызы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Қазақстанның тарихи мұрасы және қазіргі қоғамның рухани-мәдени даму тенденциялары» және «Ұлттық идея ретроспективада және перспективада» атты ғылыми жобаларды жүзеге асыруға қатысқан. «Қазақстан

және Германияда жарияланған монографияларымен қатар, Қырғызстан, Польша, Ресей, Украина, АҚШ, Чехия, Франция және т.б. ғылыми журналдарда жарияланған 300-ден астам мақаланың авторы.

Бір қолымен бесік тербеткен, алдымен отбасы жайлылығын ойластырушы сүйікті жар, аяулы ана, мейірімді әже бола тұра, академиялық ортадан қол үзбей, осыншама ұшы-қиыры жоқ, ауқымды да ауыр еңбек артынан, ұлттық тарих ғылымының дамуына үздіксіз үлесін қосып келе жатқан қазақтың зияткер де зиялы ғалым әйеліне қалай қайран қалмасын! Әріптесіміздің қыруар жылғы адал еңбектері ең болмағанда, осындай мерейжас тұсында еленіп, ұлықталар кез келді білем...

Зақыш Төлеханқызының өн бойына тән, өзім ерекше бағалар тағы бір ерекше қасиеті – ол кісінің шыншылдық пен әділеттікке жанпида мінезі. Осыған орай, Астанада әріптесіммен араға біраз жылдар сала, 2014–2017 жылдар аралығында Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Қазақстан тарихы кафедрасында бірге қызмет істеген тұста орын алған мына бір мұңды сюжет еске оралады. Тарих факультетіне қызметке орналасқан алғашқы күннен «өз ортасында» өзін бөгде сезінген қос профессор екеуіміз, санасы сірескен өзгеріссіз ортада әділеттік орнатамыз деп біраз әлек болудан әбден шаршап, бір күнде арыз жазып, жұмыстан шығып кетуге мәжбүр болып едік.

...Шәкірт үшін таласа шәй десіп, мамандыққа даярлау, білім сапасына шүбә келтіре, тігінен сөйлеп, турасын айтар, еркін ой, ерік мінез алматылық мектеп өкілдері, ә дегеннен, қарамағындағыларын бас игізе бағындыруға дағдыланған «бастықсымаққа» қайдан жақсын?!...

Бүгінде жүрекке сызат түсіріп, көңілге ауырлау тиген сол жылдарды езу тарта еске алғанымызбен, кезінде құса болып, «Қазақ әдебиеті» газетіне жариялаған «Жүректегі сөзіміз» әлі де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Қалай болғанда, Зақыш Төлеханқызымен тағдырымыз тоғысқан сол бір азантай уақыт ішінде қаншама ортақ жоба-жоспарлар құрып, өзара қызықты пікір-идеялармен бөлісіп, жана мақалалар жариялап, болашаққа сенімді қадам басқан едік...

Сағынғанда телефонмен хабарласып, жол түсіп, ғылыми жиындарда жүздескен шақта төбем көкке жеткенше қуана қауышар Зақыш Төлеханқызы – бүгінде мұнарлана бастағанмен, әлі кешегі сол шынайы да пәкізат қалпын сақтаған, ұлттық тарих ғылымының іргетасын қалаушы тарихшылар қауымдас-тығымен байланыстырар дәнекер іспеттес. Жасыңыз ұзақ, шығармашылығыңыз шексіз болғай, қымбатты профессор!

Алтайы ОРАЗБАЕВА,

тарих ғалымдарының докторы, профессор

СПОРТ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ШАХМАТШЫНЫҢ ЖЕҢІСІ

Қазақстандық гроссмейстер Әлішер Сүлейменов Ресейдің Санкт-Петербург қаласында өткен Grand Open Galeria 2026 турнирінің жеңімпазы атанды.

Ақпан айының соңғы аптасында өткен жарысқа 10 елден 48 шахматшы қатысты. Олардың қатарында 17 гроссмейстер және 9 халықаралық шебер болды.

Бастапқы рейтингтік тізімде 2608 ұпайы бар, Венгрия атынан өнер көрсететін Санан Сюгиров көш бастап тұрған. Ал 25 жастағы қазақстандық гроссмейстер Әлішер Сүлейменов (*рейтингі – 2500*) жетінші орында

тіркелген.

Турнир 9 турдан тұратын швейцариялық жүйе бойынша, классикалық уақыт бақылауымен (90+30) өтті, яғни әр партияға 90 минут беріліп, әр жүріске бірінші жүрістен бастап 30 секунд қосылып отырды.

Павлодарлық гроссмейстер жарыс барысында қатарынан үш жеңіске жетіп, турнир кестесінде алға шықты. Ол бұған дейін Қазақстанда өткен турнирлерге қатысқан Беларусь гроссмейстерлері Михаил Никитуско мен Алексей Александровпен бірге көш бастады. Турнирлік перформансы 2591 ұпайды құраған Әлішер өз рейтингіне 11,3 ұпай қосты.

Бір айта кетерлігі, ақпан айының басында ол Үндістанның Ченнай қаласында өткен турнирде де жеңіске жеткен болатын.

ҚОЛА МЕДАЛЬ ЕНШІЛЕДІ

Семсерлесуден Джакартада (Индонезия) өтіп жатқан жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионатында Қазақстан құрамасы қола медаль жеңіп алды.

Ұлттық олимпиада комитетінің хабарлауынша, отандастарымыз семсерлесуден командалық сайыста жеңіс тұғырының үшінші сатысына көтерілді. Аталған сында Қазақстан намысын Кирилл Проходов, Нұржан Әбжанов, Яков Федотов, Нариман Уәлихан қорғады.

ҚОЛ КҮРЕСІНЕН ЧЕМПИОНАТ ӨТТІ

Талғар қаласында (Алматы облысы) қол күресінен ерлер мен әйелдер арасында Қазақстан Республикасының чемпионаты (қоссайыс) өтті.

Аталған додада Батыс Қазақстан облысы құрама командасының сапында өнер көрсеткен Жайық арена спортшылары, яғни біздің тәрбиеленушілеріміз: Айдана Әлжан, Көркем Сырым, Жанна Қазтуғанова, Мирай Исламғали жеңіс тұғырынан көрінді.

Спортшыларымызды жоғары деңгейде дайындаған бапкерлер: Мұрат Ибатов, Есенаман Бекболсынов. Жүлдегерлеріміздің жетістігі – ортақ мақтанышымыз!



Доқтырхан ТҮРЛЫБЕК,

жазушы, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

Жақсы күндерің жүректің түкпірінде, көңілдің архивінде қалады. Көзден кетсе де, көңілден кетпейтін, соңында ізгіліктің, жақсылықтың ізін тастап кеткен, саналы өмірін еліне, халқына арнаған зиялы азамат, қаламы қарымды журналист, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» орденінің иегері Нұртілеу Иманғалиев еді.

Қазақ тележурналистикасының мэтрі атанған Нүрекеннің әріптестері арасында шоктығы биік болды. Әрқашан да ақиқат пен шындықты айтып, ұлтының ертеңі мен келешегін әріден ойлайтын аузы дуалы журналисті халқы да жақсы көрді, ерекше құрмет тұтты. Жүрегі қазақ деп сокқан досымды еске алсам, өткен күндер көз алдымнан тізбектеліп өтіп, сағынышқа бөленіп жүре беремін.

1984 жылы Жамбылдан Қазақ теледидарына жұмысқа ауысып, «Қазақстан» ақпараттар Бас редакциясына редактор болып жаңа қызметіме кірісіп кеттім. Ол кезде дәл қазіргідей жаңбырдан кейінгі санырауқұлақша қаптап кеткен телеарналар жоқтын қасы.

Күніне екі рет жарты сағаттық хабар дайындап, тәуліктің ең маңызды саяси-экономикалық, мәдени-әлеуметтік жаңалықтарын бүкіл республикаға таратамыз. Бас редакторымыз Төкен Қаймұдинов — жұмыс барысында қатал, жоғары талап қоя білетін азамат. Мен үшін алпысқа жуық адам еңбек ететін шығармашылық ұжым үлкен шеберлік мектебі болды. Арада екі жыл өткен соң, сол кездері жаңадан шығарып көтеріп жатқан «Алатау» телеарнасына жұмысқа ауысудың реті келді. Ол кезде Қазақ ССР мемлекеттік телерадио комитетінің төрағасы, белгілі қаламгер Камал Смаилов ағамыз болатын. Шығармашылық ізденістің нәтижесінде дүниеге небір тамаша хабарлар келіп, көрермендердің ыстық айтпапана бөленіп жүрді. Басқаларың айпағанда, «Қымызхана», «Тамаша» бүкіл иісі қазақ асыға күтетін хабарларға айналды.

Қазақ теледидарында сол жылдары атактарынан ат үркетін небір мықты журналистер, қаламгерлер қызмет атқарды. Сәнгерей Тәжіқұлов, Тыныс Өтебаев, Ғұсман Игесінов, Әділбек Тауасаров, Фатима Бөгенбаева, Жүрсін Ерманов, Серік Байхонов, Нұртілеу Иманғалиев сияқты «телевизиончиктер» — шетінен «сен тұр, мен атайын» дейтін мықты журналистер. Жасымыз қатарлас болған соң, көбіне Серік пен Нұртілеуді жағалаймыз.

1994 жылы Қоғамдық-саяси бас редакциясы ауылшаруашылық бөлімінің менгерушісі Серік Байхонов Қызылорда облысының экономикалық және әлеуметтік проблемаларының өзекті жайын көтеретін «Сал үстіндегі маусым» атты бірнеше хабар жасап, қазақ теледидарына үлкен бір жаңалық пен серпіліс әкелді. Нұртілеу Иманғалиев — Қазақ теледидарындағы ең жас Бас редактор. Ол жиырма сегіз жасында «Құрдастар» деп аталатын Жастар Бас редакциясын басқарды. Комсомол және жастар өмірін, олардың өміріндегі ең өзекті проблемаларды Нұртілеу басқарған шығармашылық ұжым дер кезінде көтере білді. Әр

хабар өткен сайын «Құрдастарға» жүздеген хаттар ағылып келіп жататын. Жастар Бас редакциясының эфирден өткен хабарлары әр аптада өтетін лездемеде үлкен бағасын алып, «Қызыл тақтаға» ілініп жатушы еді.

Нұртілеу — ұзын бойлы, сымбатты жігіт. Жас кезінде Алматының құрылысында еңбек етіп, әбден шыныққан, кәдімгідей қарулы. Алғаш көргенде маған тәкаппар, менмендеу болып көрінген. Кейде адамның сыртқы бейнесі алдамшы келеді, араласа келе Иманғалиев мүлде басқа жан болып шықты. Жүрек кілтін таба білсең, одан асқан ақ көңіл жан жоқ, бала құсап кетеді. Достыққа берік. Екіжүзділікті жек көреді, шындықты бетіне тік айтады. Бізді жақындатып жіберген осы қасиеттері болар, дос-жолдас болып кеттік.

Нұртілеу — нағыз зиялы жан ретінде өзінің ұлтын, салт-дәстүрін, ана тілін қастерлейтін азамат, қолынан келсе, өзінің қарақөз бауырларына жақсылық жасағысы келіп тұрады. Оны айқайламай, жарнамала-

дидары Бас директорының бірінші орынбасары болып қызмет атқарып жүрдім. Нұртілеу — Қоғамдық-саяси бас редакциясының Бас редакторы. Үнемі ізденіс үстінде жүретін Нүрекен 1994 жылдың басында Қазақ теледидарына бедерлі жаңалық әкеліп, берілген хабарлардың мазмұнын, берілу формасын және маңыздылығын арттырды. Қазір Ресейдің ұлттық теледидарында «24» деген канал бар. Бұл канал тәулік бойы маңызды жаңалықтарды, экономикадағы, әлеуметтік және мәдениет саласындағы қол жеткен жетістіктер мен проблемаларды топтама түрінде беріп отырады. Кез келген тақырыптың нақты, қысқа әрі мазмұнды болуымен ерекшеленіп тұрады. Сондықтан да «24» каналы миллиондаған көрермендердің көңілінен шығып, лайықты бағасын алды.

Электронды бұқаралық ақпарат құралдарының билгірлері «24» канал Ресей теледидарындағы жақсы үрдіс пен ізденістің жемісі» деп жоғары баға беріп жүр. Мен осы

ларын қалай, не істеп жатырсындар?» деген бір ауыз жылы сөз естімейміз. Бұл қалай? — деп Нұртілеу Шерхан Мұртаза мен жанында отырған Рафаэль Жұмбаевқа қарады.

Байқаймын, корпорация президенті Нұртілеудің сөзін онша жарата қойған жоқ. Бас директор үндемей құтылды.

Ертесіне Шерхан Мұртаза Қазақ теледидарының Бас директоры және Бас редактордың бірінші орынбасары ретінде Рафаэль екеумізді шақырды. Шәкең күнделікті жұмыстың барысы туралы айтқан соң, кадр мәселесіне көшті.

— Қоғамдық-саяси бас редакциясының Бас редакторы Нұртілеу Иманғалиевті басқа жұмысқа ауыстырамыз. Оның орнына лайықты адам бар ма? — деді Шәкең бізге қарап.

Мен тікелей бастығым — Бас директорға қараймын, ол болса, үндемей жерге қарайды. Одан асып маған не жоқ деп үнсіз қалайын десем, арым мен ұятымның алдында үлкен сын болғалы тұр.

— Нұртілеу Иманғалиев — өз орнында отырған журналист, — дедім мен пікірімді айтып. — Сауатты, өзіне де, өзгеге де талап қоя біледі. Әрдайым шындықты ашық айта біледі. Оны басқа жұмысқа ауыстырудан ештеме ұтпаймыз.

Менің пікірімді алғашқыда үнсіз қалған Бас директор да қолдады.

Өмірден көргені мен түйгені мол, әрқашан да әділдікке жүгінетін Шераған ойлаңды қалды.

Осы әңгімеден кейін талай уақыт өтті. Мен бұл әңгімені Нұртілеуге айтқан да емеспін, ол да сұраған емес. Ар алдында таза екенімізді екеуміз де жақсы білдік.

Нұртілеу Иманғалиев талай-талай биіктерден көрініп, жемісті еңбек етті, адал қызмет атқарды. Кезінде Қазақстан Министрлер Кеңесінде Мәдениет бөлімін басқарып, ұлттық мәдениет пен өнеріміздің жандануына үлкен үлес қосты, жанашыр болды. Қаламы қарымды, белгілі журналист бір кездері қатардағы редактор болып бастаған Қазақ теледидары және радио корпорациясы акционерлік қоғамының төрағасы болып, ұлттық электронды бұқаралық ақпарат құралдарының бүгінгі заман талабына сай өркендеп, дамуына лайықты үлес қоса білді.

Мен Нұртілеудің замандасы, жолдасы ретінде оның үлкен табандылығына, жүректілігіне, жігерлігіне таңғалушы едім. Әріптесім Қазақ теледидары және радионы корпорациясы акционерлік қоғамының төрағалығы қызметінен босағанда журналистика, оның ішінде электронды бұқаралық ақпарат құралдарына шын жаны ашитын қаламгерлер іштей келіспедік. Ол орынды да еді, соңғы кездері корпорация басшылары тұрақтамай, жиі ауысады. Нұртілеу журналистиканың күрделі саласына жаңалық пен үлкен серпіліс әкелген болатын. Бірақ құлашын кеңге сермеуге мүмкіндік бермеді.

Нұртілеуді екі күннен соң кездестірдім. Басқа біреу болса, үлкен мансаптан айырылып қалғанына іші күйіп, қайғырып, ешкіммен хабарласпай, үйінде жатып алар еді. Нұртілеу түк болмағандай жайдары қалпы, тіп-тік, жүзінен кішкентай болса да реніш табы байқалмайды.

— Байқаймын, тақтан мен емес, сен түсіп қалғандай болып тұрсың. Бос сөзді қой, мені жұбатып қайтесің. Қызметімді алса да, қаламымды ешкім тартып алған жоқ. Одан да жүр, Ғалым Жайлыбай мен Ұлықбек Есдәулетке барып билырд ойнайық. Айтпақшы, сенің бұл ойыңнан мүлде хабарың жоқ, қашан үйренесің осы, — деді күліп.

Арада бір ай өткен соң, теледидарды қоссам, Нұртілеуім қасқайып «Көршілер» хабарын жүргізіп тұр. «Қайран сабазым-ай!» дедім іштей сүйсініп.

«Адамдарға жылу сыйла. Сен жақсы көрген адам, сені де жақсы көреді», — деуші еді жаны жаннатта жатқыр асыл досым. Қарап отырсам, біздің де қатарымыз сиреп барады. Өз жетістігінен гөрі досының жеткен табысына қуана білетін, кемшілігін болса, бетіне тік айтатын, айналасына қуаныш пен жылылықтың нұрын шашып жүретін Нұртілеу сияқты нағыз достар санаулы ғана қалды.

Анда-санда теледидар көремін, бірақ қолына қаламсабын алып, көзілдірігін сәл түсіріп, елді елестететін хабарды жүргізіп отыратын Нұртілеу Иманғалиевті көре алмаймын...

Қайран Нұртілеу-ай! Сенің орның бөлек еді ғой! Сені бәріміз сағынып жүрміз.

НҮРТІЛЕУ

май-ақ үндемей жүріп тындырып тастайды.

Бірде жұмыс бабымен Жамбыл облысы, Тұрар Рысқұлов ауданына бардым. Атақты тұлпар, Рим Олимпиадасының алтын жүлдегері Абсенттің отаны — Луговой жылқы зауытында Нұрлан деген агроном жігітті кездестірдім. Ол 1980 жылдардың басында Қазақ ауыл шаруашылығы институтында оқыпты. Кезінде өнерпаз ретінде талай рет Қазақ теледидарының «Алтыбақан» жастар ойын-сауық хабарына түсіп, «Құрдастардың» пікірталастарына қатысыпты.

— Сол кезде «Құрдастар» атты Жастар Бас редакциясының бас редакторы Нұртілеу аға еді. Әлі есімде, бірде «Құрдастардың» кезекті бір хабарына Абай атындағы педагогикалық институттың химия факультетінің 2-курс студенті Гүлмира Ақурпекова екеуміз қатыстық. Гүлмира гитарада ойнап, әдемі ән салатын. Хабар түсіріліп біткен соң, жанымызға Нұртілеу аға келді.

— Қалқам, таудай талабың бар екен. Бүгінгі өзің орындаған «Тамшылар» деген ән маған өте ұнады, — деді Бас редактор ризашылығын білдіріп, — өзің қайда оқисың?

— Абай атындағы педагогикалық институттың химия факультетінің студентімін, — деді Гүлмира сыпайы жауап беріп.

— Химик деген, әрине, жақсы мамандық. Бірақ сен — өте дарынды әншісің. Осы жайлы ойлан, — деп Нүрекен қоштасып, кетіп қалды.

Студияда болған бұл әңгіме Гүлмираның өміріне үлкен бетбұрыс әкелді. Бүгінде ол — бүкіл қазаққа есімі белгілі әнші. Әрине, өнер жолы оңай емес, Гүлмира киналғанда Нұртілеу ағасы үлкен азаматтық жасап, талай рет қол ұшын беріпті, — деді Нұрлан бауырым өткен күндерді еске алып.

— Нұртілеу аға «Хабар» арнасынан «Бетпе-бетті» жүргізуші еді. Соңғы кезде теледидардан көрінбей жүр, — деді Нұрлан шай үстінде.

— Айналайын, «Жақсы сөз — жарым ырыс» деген. Менің досыма деген көңілің кіршіксіз таза екен... Нұртілеу аған — бүгінде бар қазаққа белгілі азамат. Қазақ теледидары және радиосы корпорациясының төрағасы. Сондықтан ағаңның «Бетпе-бетті» жүргізуге уақыты болмай, арқасы қурысып жүр, — дедім сөзімнің соңын өзілге бұрып.

— Нүрекенге менен сәлем айтыңыз, — деді Нұрлан менімен қоштасарда.

— Міндетті түрде айтамын, сәлемінді жеткіземін, — дедім агроном бауырыммен қоштасып.

Ел сыйлайтын, құрмет тұтатын жолдасың туралы жүрекжарды жақсы сөз есту бір ғанибет емес пе?! Ішім жылып қалды. Нұрлан інім дұрыс айтады. Нұртілеу Жастар Бас редакциясына жетекшілік жасаған жылдары талай-талай бұлқынып жатқан бұлақтың көзін аша білді. Қайталанбас өнер иесі, күміскөмей әнші, марқұм Мәдина Ералиева, қазақ әнін талай жерде асқақтатқан орыс қыздары — үш Татьяна және басқа да өнерлі жастардың тұсауын кесіп, сәт сапар тілеген үлкен жанашырлық иесі Нұртілеу Иманғалиев екенін біріміз білсек, біріміз біле бермейміз. Иә, Нұртілеу — үлкен адамгершілік пен іскерліктің тізгінін қатар ұстап жүрген зиялы азамат.

1990 жылдардың басында Қазақ теле-



хабарды көрген сайын Нұртілеу жетекшілік еткен Қоғамдық-саяси Бас редакциясы дайындаған хабарларды көріп отырғандай әсерде боламын, яғни ресейліктердің мақтауын асырып жүрген хабар жүргізу әдісін біздің Нүрекен осыдан 1994 жылы жүзеге асырып тастаған.

Бірде дүйсенбі күні өтетін дәстүрлі лездеме болып, оған Қазақ радиосы және теледидары корпорациясының президенті Шерхан Мұртаза, Қазақ теледидарының Бас директоры Рафаэль Жұмбаев және басқалар қатысты. Лездеменің басты мақсаты — өткен әрбір телевизиялық хабарға шығармашылық тұрғыдан талдау жасап, лайықты бағасын беру. Өкінішке қарай, бұл лездеме ойлағандай өтпеді. Шолу жасушының дайындықсыз келгені айтпаса да аңғарылып тұрды. Нұртілеу Иманғалиев жетекшілік ететін Қоғамдық-саяси Бас редакциясының дайындаған хабарлары қай тұрғыдан болса да мықты еді. Шолушы бұл туралы аузын ашпады. Шолушыдан соң сөйлеген екі журналист те мардымды ештеме айта алмады. Шындық пен әділдік айттылмай қалса, Нұртілеу шыдай алмайды. Кейбіреулер құсап ойын бүгін қалу деген жоқ. Бұл жолы да орнынан ұшып тұрды.

— Эфирден өтетін хабарлардың шынайы әрі мазмұны мен маңыздылығының жақсаруына бүкіл редакторлар және режиссерлер тобы болып, барымызды салып, сол шығармашылық ізденістің бағасын естуге келдік. Шынымды айтсам, әріптесімнің бүгінгі шолуына көңілім толмады. Біздің апта бойы жасаған хабарларымызға әділ баға беріп, талдау жасай алмады. Мен өткен хабарлардың бәрі шетінен төрт аяғынан тік тұрып кетті деп айта алмаймын. Дегенмен олардың жетістігі неде, кемшілігі неде? Лездемеде сол айтылуы керек еді. Жақсы дүние болса, бағалайық, кемшіні тұстары болса, оны да айтайық. Лездеменің басты мақсаты осы емес пе? Ол дәл бүгінгідей болып өте беретін болса, біз шығармашылық жағынан өспейміз. Басыз тарапынан да «жағдай-

НАУРЫЗДА ТУҒАН ҚАЛАМҒЕРЛЕР!



Сәли САДЫҚОВ
(Сәли Сәдуақас)
(ақын, жазушы)
85 жас



Серік ТҰРҒЫНБЕКОВ
(ақын) 80 жас



Жақытжан НҰРҒОЖАЕВ
(жазушы) 80 жас



Дәнеш АХМЕТҰЛЫ
(жазушы) 75 жас



Лидия ЕГЕМБЕРДИЕВА
(драматург) 75 жас



Шархан ҚАЗЫҒҰЛ
(жазушы) 70 жас



Камал ӘЛПЕЙІСОВА
(аудармашы) 70 жас



Бағдат ТЕЛТАЙ
(ақын) 60 жас



Мәди АЛЖАНБАЙ
(жазушы) 50 жас



Асанқадыр ИСАБЕКОВ
(ақын) 50 жас




Мерейтой құтты болсын, қаламгерлер!

● КІТАП ЖАРШЫСЫ

«РАФАЭЛЬ НИЯЗБЕКОВ»

Жамбыл облысы, Тараз қаласының кәсіпкерлері осы облыстан шыққан ақын-жазушылар туралы кітап шығарып жүр. Онда әр ауданнан шыққан атак-данқымен танымал, еңбегі бағаланған халқына қалтқысыз қызмет еткен жандар туралы әрқайсысына 100 беттен асатын туындыларды басып шығаруда. Соның ішінде ақын, жазушы, батыр, аты шет елдерге танымал Рафаэль Ниязбек туралы кітап жарық көрді.

Кітап барлық оқырмандарға, ұстаздар, студенттер мен оқушыларға арналған. Ақынның балалық шағы, өскен, оқыған, білім алған ортасы, атқарған қызметтері мен жеткен жетістіктері, еңбектері туралы жазған мақалалар мен өлеңдері жарияланған. Сонымен бірге Рафаэль Ниязбектің шығармашылығы туралы жазылған мақалалар да баршылық. Халқы үшін аянбай қызмет істеп, соңына 9 томдығын қосқанда 60 кітап жазып, мол мұра қалдырғаны дәлелмен, мысалмен жақсы камтылған. Әрбір қайраткер тұлға туралы осындай танымды, танымал шығарма оқырмандар үшін керек. Өте дұрыс ойластырылған, үлгі болатын идея. Рафаэль Ниязбек туралы жақсы мағлұматтар алуға әбден болады. Кітап сонысымен құнды. Кітаптың құрастырушы Оралхан Дәуіт.



«ТҮН ЖАМЫЛЫП ОТЫРМЫН»

Қазақ ұғымында түн жамылып отырып өтірік айтуға болмайды. Өйткені бабаларымыз тылсым түннің киесі бар деп түсінген. Ақын да түн құшағында отырып ақ қағазға мұның шағады, сырын шертеді, шындығын ақтарады. Кітаптың «Түн жамылып отырмын...» деген атауында осындай астарлы ой жатыр.

Қазақтың көрнекті ақыны Байбота Қошым-Ноғайдың бұл кітабына оның шығармашылық ғұмырының әр кезеңінде жазылып, кезекті жинақтарында жарияланбаған жаңа өлеңдері, баллада, хикая және дастандары енгізіліп отыр.

«Асыл кітап» баспасы



«СУРЕТКЕР»

Қазақстанның Халық жазушысы Абай атындағы, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Тахауи Ахтанов (1923–1994) – ұлттық әдебиеттің дамуына елеулі үлес қосқан, өзіндік көркемдік әлемін орнықтырған дарынды тұлға. Қазіргі әдебиеттің дамуы аға жазушылардың қаламгерлік тәжірибесін азаматтық-қайраткерлік және эстетикалық көзқарастарын танып-білуден ұтпаса, ұтылмасы анық. Жазушы Сәмен Құлбарак жазушының шығармашылығын бүгінгі көзқарас тұрғысынан зерделеген.

Кітап әдебиетшілерге, әдебиетсүйер оқырман қауымға арналған.



«ҚАЗІРГІ ӘДЕБИЕТТАНУ: ДЕКОЛОНИЯЛЫҚ ДИСКУРС»

Айгүл Мұхаммедсерікқызы Ісімақованың бұл монографиясында қазіргі Асыл сөз Әдебиет қазіргі заманауи оксиденталды дискурс тұрғысынан қарастырылған. Алашшыл, Отаншыл ұстаным осы ретте қазіргі Қазақ әдеби дискурсының басты концепты ретінде талданған.

Алаш әдебиеттануының теориялық қағидалары қазіргі әдебиет пен әдебиеттанудың негізін анықтаушы басты тұғыры деп айғақталған. Абайтану ілімін осыдан 120 жыл бұрын қалыптастырған Алаш әдебиетшілері: А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, Ә.Бөкейхан, М.Дулатұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Жұмабай, М.Әуезов пен олардың ізбасарлары: С.Сәдуақасұлы, С.Сейфуллиндердің Ұлттық әдебиеттегі деколониялық контенті қазіргі әдебиеттанудың басты дискурсы ретінде анықталған. Кітаптың негізгі теориялық ұстанымы деколониялық дискурс.

Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2025

ҚҰРЫЛТАЙШЫ – ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫ

Редакторлар кеңесінің төрағасы
Мереке ҚҰЛКЕНОВ

Бас редактор
Бауыржан ЖАҚЫП
Бас редактордың орынбасары
Қали СӘРСЕНБАЙ

Редакция алқасының мүшелері:

АЙТҚОЖИНА Марфуға,
ӘБДІҚҰЛЫ Төлен,
БАҚТЫГЕРЕЕВА Ақұштап,
ЕЛУБАЙ Смағұл,
ИРАН-ҒАЙЫП,
КӨПІШ Әшірбек,
ҚАБЫШҰЛЫ Ғаббас,
ҚАНАЗ Молдахмет,
ҚОШЫМ-НОҒАЙ Байбота,
НҰРЖЕКЕ Бексұлтан,
НҰРМАҒАНБЕТОВ Тынымбай,
ОРАЗАЛИН Нұрлан,
СЕГІЗБАЕВ Кәдірбек,
СЕЙСЕНБАЕВ Роллан,
СМАТАЕВ Софы,
ШАХАНОВ Мұхтар,
ЫСҚАҚБАЙ Марал

Жауапты хатшы
Мұратқали ДҮЙСЕНБАЕВ

Әдебиет бөлімі:
Жүніс ОМАР

Мәдениет және руханият бөлімі:
Мәлдір РАЙЫМБЕКОВА

Әлеумет, тарих бөлімі:
Рымтай КӨКЕНАЙҚЫЗЫ

Компьютер орталығының жетекшісі
Данияр ҚАБА

Терімші
Рысқұл ЖҰМАБАЕВА

Корректор:
Айнаш ӘЛДИБЕК

Меншікті тілшілер:
Астана қаласы,
Ақмола, Солтүстік Қазақстан,
Қарағанды, Ұлытау облыстары

Айтбай СӘУЛЕБЕК, Алматы облысы
Ержан ТОҚТАРҰЛЫ, Абай облысы
Дәулет СЕЙСЕНҰЛЫ, Ақтөбе облысы
Бауыржан ҚҰРМАНҚҰЛ, Атырау облысы
Әлия ДӘУЛЕТБАЕВА, Батыс Қазақстан облысы
Бауыржан ҒУБАЙДУЛЛИН, Жамбыл облысы
Кәсемәлі СӨТІБАЙҰЛЫ, Жетісу облысы
Жангелді НЕМЕРЕБАЙ, Қостанай облысы
Жанұзақ АЯЗБЕКҰЛЫ, Қызылорда облысы
Қаршыға ЕСІМСЕЙІТОВА, Маңғыстау облысы
Сағындық РЗАХМЕТ, Павлодар облысы
Серік ЕЛІКБАЙ, Түркістан облысы
Айдар СЕЙДӨЗІМ, Шығыс Қазақстан облысы
Тоқтарбек МАҒЗҰМОВ, Шымкент қаласы
Момбек ӘБДӨКІМҰЛЫ

Кезекші: **Жүніс ОМАР**

РЕДАКЦИЯНЫҢ БАЙЛАНЫС ЖҮЙЕСІ:
8 (727) 272-88-17

e-mail: kazakh_adebiety25@mail.ru
Мекенжайымыз:
050009, Алматы қаласы,
Абылай хан даңғылы,
105-үй, 3-қабат.

Индекс 65353

Таралымы 15 000. Тапсырыс 895

Газетте жарияланған авторлар пікірі редакцияның көзқарасы болып есептелмейді. Материалдарды көшіріп басқанда редакцияға сілтеме жасау міндетті. Кей суреттер ғаламтордан алынады. Редакцияға келген хаттарға жауап жазылмайды, қолжазба авторға қайтарылмайды.
Газет Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2011 жылғы 21 қарашада №12120-Г куәлігі берілген.
Газет «Алматы – Болашақ» АҚ баспаханасында басылады. С.Мұқанов, 223-В. • Оффсеттік басылым.
Газет материалдары «Қазақ әдебиеті» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттелді.